

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Алтаева Ж.Ж.

Халық ауыз әдебиеті мұрасындағы адамилық мәселесі.

МАГИСТЕРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Мамандығы 6М020500– «Филология»

Павлодар 2015

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі

Инновациялық Еуразия университеті

«Қорғауға жіберілді»

«__» _____ 2015ж

«Журналистика және филология»

Кафедрасының меңгерушісі,

филол.ғ.д., профессор

_____ А.Р. Бейсембаев

МАГИСТЕРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Тақырыбы: «Халық ауыз әдебиеті мұрасындағы адамилық мәселесі»

6М020500– «Филология» мамандығы бойынша

Орындаған ФИЛк (М)-201

тобының магистранты: _____ Ж. Ж. Алтаева

Ғылыми жетекшісі

филол.ғ.д., профессор: _____ Ғ.Е. Имамбаева

Павлодар 2015

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	7
.	
1 Халық ауыз әдебиетінің зерттелу тарихы.....	
1.1 Халық ауыз әдебиетіндегі лиро – эпостық жырлар үлгілері.....	10
1.2 Қазақ фольклор жанрының қоғамдық қызметі.....	22
1.3 Шешендік сөздер мен мақал – мәтелдер.....	24
1.4 Айтыс – ұлы өнер.....	34
2 Қазақ фольклорындағы отбасылық ғұрып	
2.1 Әлпештеу фольклоры.....	39
2.2 Үйлену фольклоры.....	51
2.3 Азалау фольклоры.....	56
2.4 Балалар фольклоры.....	61
Қорытынды.....	67
.	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	71

АНДАТПА

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы «Халық ауыз әдебиеті мұрасындағы адамилық мәселесі».

Диссертациялық жұмыстың мақсаты байырғы ата – бабаларымыздың асыл арманы, биік мұратынан жан – жақты қарастырылып, олардың ұлт мүддесіне пайдалы жақтарын жаңа жағдайда пайдалану керектігін ашып көрсету, зерттеуге бетбұрыс жасау.

Кіріспе бөлімде зерттеудің өзектілігі анықталып, зерттеу нысаны айқындалған. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері белгіленіп, зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсілдер нақтыланған, жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы көрсетіліп, жұмысты талқылауға ұсынылған тұжырымдар, жұмыстың құрылымы берілген.

Бірінші тарау іштей төрт тараушаға жіктелген. Онда халық ауыз әдебиетінің зерттелуі, лиро-эпос жырлар, шешендік өнер, мақал-мәтелдер, айтыс өнері талдауға түскен.

Екінші тарау қазақ фольклорындағы отбасылық ғұрып түрлері қарастырылған.

Қорытынды бөлімде екі тарауда айтылған ой – пікірлер жинақталып, тұжырымдалған.

АННОТАЦИЯ

Магистерская работа состоит из введения и основных двух разделов деленные на многие мелкие разделы так же из заключение и перечена использованных литератур.

В ведении был найден объект исследования, и определена актуальность исследования. Были определены цели, задачи и методы исследовательской работы. Показана состав работы, теоретическая и практическая значения работы.

В первом разделе под названием «История исследование народного творчества» разделена на четыре разделы, где изучается пословицы, афоризмы, айтыс.

Во второй разделе под названием «Семейные традиции казахского фольклора» рассмотрена вспомогательные части и их значения.

В заключении итоги рассказанным мыслям в обоих разделах.

ANNOTATION

The usage work consists of 2 parts, divided into small chapters, the conclusion and a list of literature.

Introduction gives the object of the investigation and methods of the research work, shows the structure of the work and its theoretical and practical significance.

The first part is titled 'History of oral folk arts research' it is divided into 3 small chapters with the history of the verb and the part which comprises the complex verb.

The second part under the title 'Histories of researches of family traditions' is devoted to auxiliary parts and their meanings.

The conclusion sums up the investigated problems in previous two parts.

КІРІСПЕ

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халық ауыз әдебиеті. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы ауыз әдебиеті көркемдік – идеялық нәрімен эстетикалық, қуат – тежеуріні, түрі мен жанрларының молдығымен, тақырыптық және сюжеттік байлығымен, қоғамдық әлеуметтік және тәрбиелік терең мән-мазмұнымен ерекшеленеді. Жазу – сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүние танудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз. Бұдан, әрине, ауыз әдебиетін көп адам бірлесіп отырып шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да әуел баста жеке адамдар шығарған. Бірақ ерте кезде, жазу өнері болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық олардың шығармаларын ғана сақтаған және оларды ауызша айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, сөйтіп, алғашқысында жеке авторлар шығарған шығармалар кейіннен өңделіп, сұрыпталған, оған коллектив болып творчестволық өзгерістер енгізіп отырған. Бертін келе ондай шығармалар көпшіліктің, коллективтің әдебиетіне айналып кеткен.

Орыс халқының ұлы сыншысы В. Г. Белинский «Әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы» туралы жазған еңбегінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы айырмашылықтарды айта келіп, ауыз әдебиеті халықтың ерте замандағы ой-санасының жемісі деп көрсетеді. «Халық немесе тайпа жазу өнерін білмеуі мүмкін, бірақ оның поэзиясы болмауы мүмкін емес», - деп Белинский ауыз әдебиетінің тым ерте кезде, халықтың жазу-сызу өнері болмаған заманда, туғандығын дәлелдейді. Бұл расында да солай. Қай халықты алсақ та, оның көркем әдебиеті ауыз әдебиетінен басталады. Демек, ауыз әдебиеті болмаған, бірден жазба әдебиетін жасаған халық бұрын-соңды тарихта болған емес.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Магистерлік диссертацияда қарастырылатын көне тас дәуірінде пайда болып, түркілік тұтастықты бастан кешірген, одан бері де қазақ халқының қалыптасу тарихымен біте қайнасып, бірге жасап келе жатқан теңдесі жоқ рухани құндылықтары жөнінде елімізде азды-көпті пікірлер бар. ХХІ ғасырда мәдени-әлеуметтік және саяси-экономикалық жағдай бір қырынан алғанда қалыпты эволюциялық даму аясында болса, екінші бір қырынан алғанда қоғамдық жүйелер мен заманауи құрылымдардың тез өзгеруіне байланысты шиеленіскендей сипатта өрбіп келеді. Бұл жаһандану заманындағы елімізге өзіндік жағымды-жағымсыз ықпалын тигізетіндіктен, рухани айлығымыздағы адами қасиеттерді жоғары бағалап, біз қарастырып отырған мәселенің адамгершілік қасиетін сақтап қалу тұрғыдан өзектілігін білдіре алады. Жаңа

буын Қазақстан жастарының өмірлік құндылықтары мен рухани танымының қалыптасуына оңды өзгерістермен қатар жағымды–жағымсыз әдеттерді де қалыптастыруға қарай бет түзеді.

Мақсаты:

Байырғы ата–бабаларымыздың асыл арманы, биік мұратынан жан–жақты қарастырылып, олардың ұлт мүддесіне пайдалы жақтарын жаңа жағдайда пайдалану керектігін ашып көрсету, зерттеуге бетбұрыс жасау.

Міндеттері:

- 1) Ұлттық рухани мәдениеттің ғасырлар тізбегіндегі тарихи өзгерісін, этик санамен қарайлас жүріп өткен жылында көз алдымызда елестете алу.
- 2) Ауыз әдебиетінің шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да – халық екеніне көз жеткізе отырып, оларды сұрыптау арқылы адамилық жақтарын белгілеу.
- 3) Халық ауыз әдебиеті мұрасындағы адамилық мәселесінің шындалуына жол ашу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Осындай тіршілік аясында қалыптасқан ауыз әдебиеттің барлық белгілері бойынша балаларға қазіргі заманауи технология дамыған заманда халық ауыз әдебиеті арқылы жан-жақты тәрбиелеу. Яғни, теледидар арнасында, ғаламтор бетінде, баспасөз бетінде, ойындар әлеміне, батыры мен биіне, бойы мен кеудесіне ортақ өнер, әмбеге тиісті мұраны жиі, әр түрлі деңгейде насихаттап, ертегілер, аңыздар, әпсаналар, мифтер, эпостық жырлар, тарихи өлең, қара өлең, лирикалық өлең, өтірік өлең, мақал – мәтелдер, жұмбақтар, айтыс, шешендік сөздер, жаңылтпаштар, драммаларды жасынан санасына сіңіріп, соны мойындатып, қызықтыра білу.

Зерттеудің әдістері: Жұмысты талдау, жинақтау, қорыту, жүйелеу, топтау, салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеу нысаны: халық ауыз әдебиеттегі адамилық мәселесі.

Зерттеу жұмысының пәні: халық ауыз әдебиетіндегі фольклор.

Зерттеудің теориялық маңызы: Фольклор – халық мұрасы, ұлттық өнер және ол сол халықтың әлеуметтік ауыз әдебиет мұрасындағы адамилық мәселесінің шындалуын жанрлық құрамы жағынан да қалыптастыру.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы:

Лексикалық элементтерге тоқталу барысында

- автордың этнографизмдерді, қарапайым сөздерді қолданудағы мақсатын ашу, оның кейіпкер тіліндегі алар орнын, атқарар қызметін көрсете білу.
- ертегілер, мақал-мәтелдер, аңыздар, батырлар, ғашықтық жырлар, эпостық жырлар, тарихи, өтірік өлеңдер, шешендік сөздерге талдау жасау арқылы қазақ халқымыздың тіл көркемдігін дәлелдеу.

Зерттеу жұмысының жариялануы: «ИнЕУ хабаршысы» журналына «Халық ауыз әдебиеті – тал бесіктің тірегі» атты мақала, «Голоса молодых» журналына «Халық ауыз әдебиетіндегі тәрбиелік іс - әрекеттер», Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жарияланған «Дни науки -2015» журналына «Вопросы изучения фольклорного наследия казахского народа»

атты мақала, Махачкалинский инновационный университетте жарияланған «Проблемы и перспективы развития научных исследований в 21 веке» атты журналда «Белгілі ғалым Сейіт Қасқабасовтың ғылыми – зерттеу еңбектерінің негізгі бағыттары» атты мақаласы жарияланды.

Зерттеу жұмыстың көлемі мен құрылымы: Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, іштей төрт тараушалардан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттерден құрылған.

1 Халық ауыз әдебиетінің зерттелу тарихы

1.1 Халық ауыз әдебиетіндегі лиро-эпостық жырлар үлгілері

Қазақ ауыз әдебиетін, этнографиясын көптеп жинап, оны басып шығаруда және зерттеуде зор қызмет атқарған адам - Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев. Ол 1856 жылы 3 желтоқсанда Орынбор қаласында туған. Ұлты - башқұрт. 1871 жылы Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азия бөліміне оқуға түсіп, оны 1876 жылы бітіріп шығады. Ә. Диваев кадет корпусында оқып жүргенде қазақ тілін үйреніп, халқымыздың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына байланысты материалдарды, ауыз әдебиетін жинай бастайды. Әбубәкір қырғыз, өзбек, тәжік, парсы тілдерін де жақсы білген.

Ол әуелі әскери қызметпен Түркістанға келеді. Бірер жылдан соң Әулиеата уезіне ауысады. Кейін Ташкент қаласына келіп, Сырдария облысы генерал-губернаторының кеңсесінде тілмәш және ерекше тапсырмалар жүргізетін кіші чиновник міндетін атқарады.

1884 жылы Сырдария облысының генерал-губернаторы Н.И. Гродеков қазақ, қырғыз халықтарының тұрмыс-салт дәстүріне байланысты материал жинауға кіріседі. Ол көне қолжазбалардағы тарихи аңыздар мен деректерге, батырлық поэмаларға, діни сенімге, шаруашылыққа байланысты мәліметтерге көңіл бөледі. Осы тәрізді деректерді жинау жұмысына Ә. Диваев та қатыстырылады. Ол Түркістан өлкесін аралаған сапарында көп жасаған қариялармен, шешендермен, ақын-жыраулармен, басқа да зиялылармен кездесіп, солардың айтуынан аңыз әңгімелер, батырлық жырлардың нұсқаларын жазып алады. Қазақ халқының сөзге ұсталығы, тілге байлығы мені қатты қызықтырды», - дейді ол.

Ә. Диваев *«Шора батыр»*, *«Бекет батыр»*, *«Қобланды»*, *«Алпамыс батыр»* (оның бірнеше нұсқасы), *«Қамбар батыр»*, *«Ер Тарғын»*, *«Айман - Шолпан»* жырларын, *«Алаң засар алып»*, *«Ажы»*, *«Алашахан мен Алдар көсе»*, *«Қазығұрт»*, *«Ысмайыл ата»* ертегілерін, *«Қазақ балаларының ерте замандағы ойындарын»*, *«Шешендік сөздерін»* жинап, қағаз бетіне түсіреді, бұлардың кейбіреулерін орыс тіліне аударады.

Диваевтың фольклоршы ретіндегі қызметінің дені Ұлы Октябрь революциясына дейінгі кезде өткені белгілі. Ал ауыз әдебиетінің революцияға дейін жиналып, зерттелуі қандай сатылардан өткенін Н.Смирнованың мына сөзі дәл сипаттайды: «Қазақстанның Россияға қосылуы нәтижесінде қазақ халқының орыс халқымен экономикалық, саяси және мәдени байланыстары нығая түсті. Халықтардың өзара жақындасуының көп формаларының бірі - қазақтың халық творчествосын орыс ғылымының зерттеуі екенін де айту қажет. Орыстың революцияға дейінгі ғылымы бұл жолда екі дәуірді бастан кешірді. Біріншісі - ХҮІІІ ғасырдан ХІХ ғасырдың ортасына дейін, екіншісі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы». Диваевтың ауыз әдебиетімен

айналысуы осы екі кезеңнің соңғысына тән. Октябрь революциясын Ә. Диваев зор үмітпен қарсы алды. Қатты науқастанып, төсек тартып жатса да, ол зерттеу жұмысын тоқтатпайды. Сол кездерде көптеген этнограф дос, жолдастарының оның тезірек сауығып кетуіне баспасөз жүзінде тілектестік білдіруі ғалымның зор беделге ие болғанын көрсетеді. [1, 5 б.]

Осыдан кейін Сәкен қазақ әдебиеті тарихын екі кітап етіп жазбақ болады. Бұл кітаптың біріншісі 1931 жылы жазылып, 1932 жылы «Билер дәуірінің әдебиеті» деген атпен жарық көреді.

Сәкен жазған бұл кітап (біріншісі), негізінде, қазақ ауыз әдебиетінің тарихын баяндауға арналған. Мұнда ол, ең алдымен, қазақ халқының тарихынан шолу түрде мәлімет береді. Содан кейін ауыз әдебиетін жанрына қарай жіктеп, бірнеше салаға бөліп баяндайды. Және де ол ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, көркемдік қасиетін көрсетеді [40.52 б.].

Сәкеннен кейін қазақ ауыз әдебиетін оқулық көлемінде зерттеп, баяндау жөнінде 30-жылдары көп жұмыс жүргізілді. Бірнеше оқулық, хрестоматиялар баспа жүзіне шықты. Осы ретте бастауыш және орталау мектептерге арнап М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ө. Тұрманжанов, М. Қаратаев, С. Мұқанов, Қ. Бекхожин т.б. жазған және солар құрастырған оқулықтар мен хрестоматияларды атаған орынды.

Бұл оқулықтар, әрине, қазақ ауыз әдебиетінің барлық жанрын қамтымайды және әдеби факторларды зерттеп баяндауы да жетіспейді. Олар оқушыларға қазақ ауыз әдебиетінен аздаған мәлімет қана береді.

Профессор Құдайберген Жұбанов қазақ тілінің мәселесін зерттеуде аса құнды еңбектер қалдырған үлкен ғалым екені бәрімізге мәлім. Ол қазақ ауыз әдебиеті туралы да ғылыми мәні зор пікірлерін қазақ тілі мәселелерін зерттеуге арналған еңбектерінде келтіріп отырған. Мысал үшін оның 1936 жылы баспа жүзіне шығарған «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген еңбегін алайық.

Мұнда ол қазақ сөйлеміндегі сөз тіркестері тарихын зерттей отырып, өзінің ғылыми ережелерін дәлелдеу үшін нақтылы мысалды қазақ ауыз әдебиетінен де алады. Мәселен, аталған еңбегінде қазақ тілінде кездесетін «сүт кенже», «бір туған» деген екі сөздің мағынасы не екенін анықтау үшін Шақар мен Тараза дейтін ақынның айтысынан мысал келтіреді.

Профессор Қ. Жұбанов қазақ ауыз әдебиетін мейлінше жақсы білген және ел арасынан фольклорлық шығармаларды көп жинаған ғалым. Мұның негізінде «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» (1936) дейтін ғылыми еңбегін жазған. Осы зерттеуінде, ол қазақ музыкасының шығу, даму тарихын ауыз әдебиетінің, әсіресе, эпостың шығу тарихымен байланыстыра қарастырады. Бұл жөнінде ол «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс» жырларына тоқталып, оларды шығаруда жыршылар үшін ән мен күйдің, домбыраның көп роль атқарғанын дәлелдейді, халық творчествосына тән синкретизм мәселесін көтереді.

Профессор Қ. Жұбановтың халық әдебиетіне байланысты айтқан пікірлерін еске алғанда, оның «Абай қазақ әдебиетінің классигі» (1934) дейтін еңбегінің фольклористер үшін аса маңызды да мәнді, үлгі етерлік зерттеу еді

деп карауға тиістіміз.

Бұл еңбегінде профессор Қ. Жұбанов Абайға байланысты біраз мәселе қозғайды. Соның бірі «Абай және халық әдебиеті» деген мәселе. Мұнда ол халық әдебиетінің тілі мен Абай тілін салыстыра зерттейді. Халықтың сөз байлығын пайдалануда, айтпақ болған негізгі ойды ауыз әдебиеті қалай береді, Абай қалай береді деген мәселелерді ғылыми тұрғыдан өте дәлелді етіп баяндайды.

Сонымен, профессор Жұбановты ауыз әдебиетін, оның көркем тілін нақтылы түрде зерттеуде аса көп мұра қалдырған, фольклористиканың дамуына елеулі үлес қосқан, шығармаларды ғылыми тұрғыдан зерттеу үлгісін көрсеткен үлкен ғалым деп білеміз.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеу ісіне белгілі тіл маманы профессор Сәрсен Аманжолов та айтарлықтай үлес қосты. Ол «Бөгенбай батырды» (1936) баспа жүзіне шығарды, қазақ халқының жұмбақтары туралы еңбек жазды. Ал «Қазақ тілінің диалектологиясы» дейтін монографиясында ауыз әдебиетінен көптеген мысалдар келтіреді және диалект мәселесін зерттеуде ауыз әдебиетінің мәні зор екендігін көрсетеді.

Сондай-ақ, қазақ тілі және оны оқыту методикасы мәселелерін зерттеуде елеулі еңбек еткен ғалым Шамғали Сарыбаев та ауыз әдебиеті үлгілерін жинау саласында қызмет атқарды. Жамбыл туралы және Жетісулық халық ақындары жайында тұңғыш рет көп мәлімет жинап, баспа жүзіне жариялады. Бұл материалдар Жамбылдың, басқа да халық ақындарының творчествосын зерттеуде аса пайдалы болған еді.

Қазақ фольклористикасы 40-жылдары, яғни соғыс жылдарының өзінде де ілгерілей түсті. Бұл жылдары соғыс жағдайына және біраз фольклористердің майданға кетуіне қарамастан, фольклористикамыз қазақ ауыз әдебиетін зерттеуде көп қызмет атқарды. Және де ол бұдан бұрынғы кезеңде жүргізілген жұмыстарды жалғастыра және оны ілгері дамыта отырып, тыңнан біраз проблемалық мәселелер көтерді.

Халқына адал ниетімен қызмет студі арман еткен Шоқан, бұл жөнінде көп жұмыстар істейді. Соның бірі қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинап баспа жүзіне шығару, оны мәдениеті озық елдерге таныстыру болады және бұл Шоқанның алдына қойған зор мақсатының бірінен саналады. қазақтың ауыз әдебиетін жинап бастыру ісше өзінің зор мән беруін Шоқан былай деп түсіндіреді: «Осы күнге дейін Европада көшпелі елдерді аса қатал, жөн білмес тағы деп жалған түрде түсінушілік үстем болып келеді. Көшпелі монғол немесе қазақтар жайындағы мұндай ұғымдар оларды мал тәрізді, тұрпайы табылар деген пікірмен тығыз байланысты. Шынына келгенде, осы надан, тұрпайы деп қаралған халықтардың көбінің жазбаша немесе ауызша шығарған әдебиеті, аңыз әңгімелері бар Өлеңге, әсіресе өлеңді суырыш салма түрінде шығарып айтуға бейімділік, барлық көшпелі елдердің, еоның ішінде қазақтардың өзіне тән ерекшеліктері деуге болады» .

Қазақ халқын қорлап, кемсітуге қарсы шыққан Шоқан қазақтар жайында Европада орын алып келген түсініктердің жалған екендігін әшкерелейді. Сондықтан да ол қазақ халқының жабайы, тағы еместігін көрсету үшін, оның

ғасырлар бойына жасаған ауыз әдебиеті және ауыз әдебиетінің неше алуан әдемі үлгілері барлығын, қазақ ақындарының, әсіресе өлеңді суырып салу түрінде шығаруға қабілеті күшті екендігін мысал етеді. Еуропада қазақтар жайында айтылып жүрген жалған пікірлерге намысқан және ол пікірлерге тойтарыс беруді көздеген Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиетін жинап бастыру жайын қарастырады, бұл іскіс оның өзі белсене араласады.

Омбыдағы кадет корпусын 1853 жылы бітіргеннен кейін, Шоқан қазақстанның біраз жерін: Көкшетау, Ақмола, Баянауыл, Семей, Жетісу жақтарын аралайды. 1856 жылы қырғыз елін зерттеу мақсатымен шыққан экспедицияға қатысады, 1858 жылдары Қашқарияда болады.

Шоқан қазақтың ауыз әдебиетін жинаушы ғана емес, сонымен қатар оның зерттеушісі де болды. Ол жалпы қазақ халқының тарихы, этнографиясы, қоғамдық өмірі, әлеуметтік тұрмысы туралы үздік, ал бүгінгі күнде мәнін жоғалтпаған ғылыми пікірлер айтады. Солардың өзінде ол қазақтың ауыз әдебиетін жоғары бағалайды. қазақтың аңыз әңгімелері, оныңқұрылысы, ертегілерімен жырлары, мифтері халықтың өткендегі тарихын білу үшін маңызы зор материалдар деп қарайды. Мәселен, көшпелі халықтардың, соның ішінде қазақтардың шығу тарихын зерттеушілер үшін ауыз әдебиеті бірсыпыра дерек болатындығын айта келіп, Шоқан былай дейді: «Егер жұрттың айтуынан Герадот жинаған Гомердің өлеңдері мен аңыздарының аз да болса тарихи мәні бар десек, егер де өзгеріліп мысал тәрізді болып кеткен аңыздардың негізінде оқиға және шындық жатады десек, қазақтардың тамаша және жүйелі түрде айтылатын, олардың қазіргі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, ата бабаларының тұрмысын елестететін аңыздарының да тарихи деректерге сәйкес келетіндігіне, тарихи маңызы барлығына шүбәланбауымыз керек. Халықтың ақыл-ойынан және қоғамдағы қалың бұқараның сана-сезімі, өмірі мен алға басуы негізінде туған бұл шығармалар ауызша айтылу түрінде бірден бірге, содан бүкіл халыққа жайылады, сондықтан да олардың тарихи, философиялық және психологиялық мәні жоқ емес».

Шоқан бұл пікірін «Шамандықтың қазақтағы қалдықтары», «Ұлы жүз қазақтарының ертегілері мен аңыздары», «Жоңғария очерктері», «Тәңірі» секілді еңбектерінде де айтады. қазақтың ауыз әдебиеті халықтың өткендегі өмірін елестетін, тарихи мәні бар материалдар екендігін көрсетеді.

Қазақтың батырлар жыры жайында да Шоқан азды-көпті пікір айтқан. Бұл жырлар, Шоқанның айтуынша, ноғайлы дәуірінде, XIV, XV, XVI ғасырлар шамасында туған. Онда: «Халықтың рухы, көзқарасы, әдеті, мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі суреттелген. Сондықтан бұл жырлардың әдебиет жағынан болсын, тарихи жағынан болсын маңызы зор».

Қазақ ауыз әдебиетінің тарихын, жанрларын, тағы басқа да мәселелерін әдейі зерттеуге арналған еңбектердің молшылығын еске ала отырып, бұл ретте айрықша еңбек еткен фольклорист-ғалымдарды да атап өту қажет. Осыған орай, ең алдымен, қазақ ауыз әдебиеті тарихын зерттеуде аса көп қызмет атқарған, бұл салада жүргізілген ғылыми жұмыстардың ұйымдастырушысы, фольклористердің ақылғой досы, үлкен жетекшісі деп аса көрнекті ғалым Мұхтар Омарханович Әуезовті айрықша атауға тиіспін.

Мұхтар Омарханович қазақ ауыз әдебиеті тарихын зерттеуде 20-30-жылдардың өзінде-ақ көптеген еңбектер жазған болса, соғыстан кейінгі жылдары көлемді зерттеулер берді. Бұл ретте біз оның «қазақ ертегілері туралы», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырлары жайында, «Айтыс өлеңдері туралы» және «Жамбылдың айтыстағы өлеңдері» жайында жазған көлемді еңбектерін атаймыз. Аталған зерттеулер ғалымның советтік фольклористикаға, қазақ совет фольклористикасының нығайып дамуына қосқан зор үлесі деп білеміз.

Қазақ әдебиеті тарихын баяндауда ұзақ жылдар бойына елеулі еңбектер берген ғалымның бірі академик Қажым Жұмалиев десек, ол қазақ ауыз әдебиетін зерттеуде де елеулі еңбек сіңірді. Ол 50-жылдары «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» дейтін монографиясын жариялады.

Бұл оның бұрынғы еңбектері мен оқулықтарының негізінде жазылған монография болса да ғылыми жаңалығы мол үлкен туынды еді. Қажымның бұл еңбегіндегі ғылыми жаңалықтары: қазақ ауыз әдебиеті мен эпосының даму жолдарын тарихи негізде баяндауында, ауыз әдебиетінің халықтығы жөнінде ғылыми үлкен проблема қозғауында, жыршы-жыраулар мектебі туралы және қазақ ауыз әдебиетін көрші елдердің фольклорымен салыстыра зерттеу туралы ғылыми күрделі мәселе көтеруінде.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін ел арасынан жинау, баспа жүзіне шығару жұмысын ұйымдастыруда және фольклордың тарихын зерттеуде айтарлықтай еңбек сіңірген адам профессор Есмағамбет Ысмайылов болды. Ол 30-жылдардан бастап өмірінің ақырына дейін қазақ ауыз әдебиетін зерттеп, елеулі де көп мұра қалдырды. Қазақ фольклоры туралы Есмағамбеттің жазғандары да өте көп. Солардың ішінен қазақ совет фольклоры туралы, Жамбыл жайында, халық ақындарының творчествосы жөнінде жазған монографияларын біздің фольклористикамызға қосылған елеулі үлес деп білеміз.

Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті профессор Мұхаметжан Қаратаевтың да қазақ совет фольклорының көкейтесті мәселелерін зерттеу ісіне белсене атсалысып жүргенін айту керек. Оның ел ақындарының творчествосындағы Жамбылдың ақындығы және қазіргі халық поэзиясының даму барысы жайындағы мақалалары, фольклор мен әдебиеттің бір-біріне байланысы, әсер-ықпалы туралы зерттеуі назар аударарлық еңбектер.

Қазақ фольклоры біздің заманымызда өткен қоғамдардағыдай дамудың қайнар көзінде, өсіп-өркендеудің ең биік сатысында тұрмағанымен қазір де ұлан-ғайыр әлеуметтік жүк арқалауда. Ұлттың рухани болмысын, мінез-сипатын, тұрмыс-тіршілік тынысын әлі сол фольклор арқылы айна қатесіз танимыз. Еліміздің тәрбиелік, эстетикалық, адамгершілік мұраттарының айқын айғағы, рухани өлшемі де сол фольклордан бастау алады.

Қазақ халқының ауыз әдебиетін жинау жұмысы 18 ғ-дан басталады. Ресейден Қазақ даласына шыққан түрлі экспедициялардың мақсаты фольклорлық және этнографиялық деректерді де жинау болатын. Алайда, фольклор үлгілерін жүйелі түрде жинау жұмысы 19 ғ-да жүзеге асты. В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ш. Уәлиханов, А.Е. Алекторов, А.В. Васильев, сияқты ғалымдар ауыз әдебиеті жанрларын жіктей отырып, олардың

текстологиясына да көңіл бөлді. Түптеп келгенде, фольклорлық мұраны жинау және жарыққа шығару халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, наным-сенімін, дүниетанымын білудің негізгі дерек көзіне айналды. Ал 20 ғ-да фольклорды жинау мен жариялау жұмысы, мейлі ол идеологияның құралына айналса да, мемлекет тарапынан қолдау тапты. 20 ғ-дың басындағы Ә. Диваев бастаған бірнеше экспедициялардан бастап, жер-жерден жинау жұмысы үздік-создық күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Фольклор үлгілерін жинау ісі оны жарыққа шығару жұмыстарымен қатар жүріп жатты. 19 — 20 ғ-дың басында Қазан, Уфа қалаларында қазақтың батырлық жырлары, діни және ғашықтық дастандары көптеп жарық көрді. «Ер — Тарғын», «Қыз Жібек», «Алпамыс», «Бозжігіт», «Мұңлық — Зарлық», «Шәкір — Шәкірат» т.б. жыр- дастандар дүркін-дүркін қайта басылып шықты. Ал, кеңестік дәуірде ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері белгілі бір түзетулер мен редакциялауларға ұшыраса да, көпшілікке жол тапты. Эпостар, дастандар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, айтыстар, шешендік сөздер, жұмбақтар т.б. тізбелі болып та, жеке де жарыққа шығып келеді. Бұлардың ішінде, әсіресе, «Алпамыс», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз жібек», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр» эпостарының екі тілдегі ғылымда (қазақша және орысша) басылымының шығуы фольклор текстологиясындағы ірі жетістік болды. Бұған қоса ауыз әдебиетінің көптомдық басылымын (1997 жылға дейін 17 томы шықты) шығару қолға алынды. М. Әуезов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, М. Дүйсенов, Н. Төрекұл, Р. Бердібаев, М. Мағауин, С. Қасқабасов т.б. ғалымдардың бірнеше іргелі еңбектері жарық көрді. Ауыз әдебиетінің тарихы мен методологиясы жан-жақты зерттелді.

Сондай-ақ филология ғылымдарының докторы, көрнекті ақын Әбділда Тәжібаевтың Жамбыл творчествосына арналған көлемді зерттеу мақалалары да қазақ совет фольклористикасынан лайықты орын алады.

Бір халықтың ауыз әдебиетінде, айталық ертегісінде немесе батырлар жырында кейбір сюжеттердің басқа бір халықтың ауыз әдебиетіне ұқсас келетіндігі болады. Мұндай ұқсастық екі халықтың, кейде бірнеше халықтың, жаңағы сюжеттерді бір-бірінен ауысып алғандығынан бола бермейді. Ондай ұқсастық Экономиканың, тұрмыс-тіршіліктің, қоғамдық өмірдің ұқсастығынан туады. Бір-бірімен ешқандай қарым-қатынас жасамаған, шалғай жатқан халықтардың ауыз әдебиетінде ұқсас сюжеттердің болу себебі, міне, осыған байланысты.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу ісіне белгілі ғалымдармен қатар жастар белсене араласып келеді. Олар да туған халқының фольклорын, оның шығу және даму тарихын, жеке жанрларды, сондай-ақ халық ақындарының творчествосын кеңінен алып зерттеу жолында көп жұмыстар жүргізуде. Бұған мысал етіп филология ғылымдарының кандидаттары Нұрмағамбетованың «Нұрпейіс Байғаниннің творчествосы» туралы, Т. Шалабековтің «Жұмысшы фольклоры» туралы, Т. Сыдықовтың «Қазақ эпосы» және «Алпамыс» жыры туралы, Б. Уахатовтың «Халық өлеңдері» туралы, Б. Адамбаевтың «Шешендік сөздері» жайында, С. Садырбаевтың «Мұрын жырау творчествосы» туралы, К. Сейдахановтың «Отан соғысы кезіндегі халық лирикасы» туралы,

Н. Төреқұловтың «Қазақтың нақыл сөздері» жайында, М. Ғұмарованың «Қамбар батыр жыры» туралы жазған зерттеулерін атауға болады. Бұл зерттеулердің бәрі де қазақ фольклористикасына қосылған елеулі үлес және оны ілгері дамыта, өрістете түскен ғылыми мәнді еңбектер деп білеміз.

Мысалға, Манас пен Қобыланды батыр жайындағы жырларды алайық. Мұның бірі қырғыздың, екіншісі қазақтың жыры. Осы екі батырдың туысын жырлауда үлкен ұқсастық бар. Мәселен, Манастың әкесі Жақып баласыз адам болады. Көп уақыт оның еліне жау шабуылдап күн көрсетпейді. Жақып құдайдан бала тілемейді, жауға қарсы күресетін, ел қорғайтын ұл бер дейді. Ал Қобыландының әкесі Тоқтарбай да осындай. Қызылбастардан қысым көре берген Тоқтарбай құдайдан бала тілемейді, басқыншылардан елді қорғай алатын бала бер деп жалбарынады.

Сырт қарағанда бір-біріне өте ұқсас келетін бұл сюжетті қазақ ақындары қырғыздан немесе қырғыз жыршылары қазақтан алған секілді болып көрінеді. Шынында олай емес. Бұл сюжет осы екі халықтың ертедегі өмірінен алынады. Тарихи деректерге қарағанда, қазақ пен қырғыз елі көп уақыт шетелдік басқыншылардың шабуылын көрген. Сондай жағдайда басқыншыларға қарсы аттанып, жаудан ел-жұртын қорғап аларлық ұлды қазақ та, қырғыз да арман еткен. Мұны олар өздерінің жырына да қосқан. Осы бір мысалдың өзі-ақ сюжет ұқсастығы ауысып алу нәтижесінде тумайтындығын, ол халықтардың тұрмыс-тіршілік, қоғамдық жағдайларының ұқсастығына байланысты болатындығын көрсетеді.

Рас, ерте заманнан бастап әр түрлі шаруашылық, мәдени қарым-қатынастар жасаған және көршілес отырған халықтардың бір-біріне әдебиеттік әсер ететін болады. Мысалға қазақпен туыс, ағайындас қырғыз, өзбек, түрікпен, қарақалпақ халықтарын алайық. Бұлардың арасында туысқандық қарым-қатынас ертеден келе жатыр. Олардың әдебиеті бір-біріне әсер еткен, өзара кейбір сюжетті «ауысып алған» жайы да бар. Бұған қарап, аталған халықтардың өзіндік таланты, творчестволық қабілеті жоқ, тек бір-бірінен сюжет алып отырған, сол сюжеттерді ғана жырлап өткен деуге болмайды. Олардың әрқайсысы үлкен талант иесі, ауыз әдебиетінің неше алуан әдемі үлгілерін тудырған және ондай творчестволық іс қолынан келетін халықтар.

Жоғарыда айтылғандарды қысқаша қорытындыласақ, 20-жылдары мақалалардан басталған қазақ фольклористикасы қазіргі күнде кемеліне келген, қазақ ауыз әдебиеті тарихының мәселелерін жан-жақты кең көлемде зерттеу дәрежесіне жеткен ғылым саласына айналды.

Бүгінгі фольклористикамызды сөз еткенде мына бір мәселені айрықша атап айтуымыз керек. Ол – Қазақстанда фольклористиканың қалыптасуы, дамуы жолында және әдебиетші, фольклорист кадрларды даярлауда аса көп еңбек сіңірген, туысқандық, ағалық жәрдем көрсеткен, сонымен қатар қазақ ауыз әдебиетінің тарихын өздері де ғылыми білгірлікпен зерттеп, бұл салада көп елеулі еңбектер берген орыс ғалымдарының игілікті ісі туралы. Бұл ретте академик А.С. Орлов, профессор М.И. Фетисов, профессор В.М. Сидельников, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі М.С. Сильченко, әсіресе Қазақ ССР Ғылым академиясының докторы корреспондент-мүшесі, филология

ғылымдарының докторы профессор Н.С. Смирнова жолдастардың көп жыл бойына жүргізген еңбектерін зор мақтанышпен атап өтуге болады [2. 12].

Халықтың ертегі, әңгіме, жырларында кездесетін Қарабайлар, Мыстандар сол қанаушы таптың, хандар мен феодалдардың өкілдері болып бейнеленеді. Олардың жауыздық іс-әрекеттерін сынға алады, әшкере етеді. Сондай-ақ, мақалдардағы «Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді», «Сопы сұмнан шығады», «Төреге ерген ер-тоқымын арқалар», «Қойды құрған бүлдіреді, елді сұлтан бүлдіреді» деген халықтың даналық сөздері еңбекші бұқараның қанаушы тапты жек көргендігінің айғағы. Бұл келтірілген мысалдардың қайсысы болса да ауыз әдебиетінің таптығын, таптық тілектен туғандығын көрсетеді. Демек, еңбекші халық тудырған ауыз әдебиеті қалың бұқараның қоғамдық-таптық көзқарасын, сана-сезімін білдіріп отырады.

Мұнымен қатар, еңбекші бұқара тудырған ауыз әдебиетінің халықтық сипаты – халықтың тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық өмірін, арман-мүддесін, дүние танудағы көзқарасын т.б. суреттеуінен де байқалады. Халықтың адал еңбекті, достық-татулықты, жақсы шат өмірді аңсап арман еткендегі оның ауыз әдебиетінің негізгі тақырыбы, идеялық нысанасы болып келеді және бұл жолда халыққа қызмет еткен қарапайым еңбек адамдары ардақталады, олардың ісі, мінезі сүйкімді түрде жырланады, оларды үстем тап өкілдеріне қарама-қарсы қойып әңгімелейді. Мысалға «Аяз би» ертегісін алайық. Бұл ертегіде халық өз ортасынан шыққан қарапайым шаруа адамын, оның ақылын, адамгершілігін, тапқырлық ісін ардақтайды және оны қанаушы тап адамдарына қарсы қояды. Бүкіл материалдық және рухани байлықты жасаушы да, қоғам өмірін алға бастаушы негізгі күш те халықтың өзі екендігін елестетеді.

Әрине, ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінің барлығын халық тудырған және оның бәрін халықтық шығармалар деуге болмайды. Олардың ішінде үстемдік еткен қанаушы тап тудырған шығармалар да бар. Сол шығармалары арқылы қанаушы тап өзінің таптық идеясын, халыққа жат іс-әрекетін, көзқарасын білдіріп отырған. Үстем тап өзінің ауыз әдебиетінде: ел талауды, еңбексіз мал табуды, халықты езіп ұстауды, еңбек адамдарын кемітіп қорлауды жырлайды және бұл жолда «ерлік» жасаған адамдарын үлкен дәрежеге көтеріп ардақтай суреттейді. Екіншіден, үстем тап халыққа жат, кертартпа идеясын өзінің шығармалары арқылы бейнелесе, сонымен қатар, халықтық ортада туған әдебиет үлгілерін де өңдеп пайдаланғандығы байқалады. Мұның мысалын батырлар жырынан көруге болады.

Көркем әдебиеттің әрбір шығармасы жеке автордың өз атымен тарайды. Қай шығарманы кімнің, қашан шығарғаны жұртқа белгілі болып отырады. Мұның өзі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің арасындағы айырмашылықты көрсететін белгінің бірі болады.

Көркем әдебиетке қарағанда, ауыз әдебиетінде қалыптасып дәстүрге айналған дағдылы сөздер мен сөйлемдер, тұрақталған ұқсастық, ұқсастар жиі қолданылады. Мысалы, ертегілердің көпшілігі «Ертек, ертек ерте екен, ешкі жүні бөрте екен...» деп, немесе «баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты» деп, болмаса «бұрынғы өткен заманда» деп басталады. Ертегілердің бұлай басталуы белгілі дәстүрге айналған. Бірақ әрбір ертегінің басталуы

осындай ұқсас болғанымен, оның оқиғасы, әңгіме желісі бір-біріне қабыса бермейді, әр түрлі айтылады. Мұндай жағдай көркем әдебиетте кездеспейді. Белгілі бір тақырыпты жырлаған шығармалардың көркем әдебиетте басталуы да, баяндалуы да бір-біріне ұқсас келмейді, әр түрлі болады.

Жоғарыда айтылғандар ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің арасындағы кейбір айырмашылықтарды көрсетеді. Әрине, ұлғайып өскен, кемеліне келген көркем әдебиет және оның шеберлері (ақын, жазушылар) ауыз әдебиетінен әрдайым нәр алып отырады. Ең алдымен, көркем әдебиеттің шеберлері халықтың ауыз әдебиетінен тіл байлығын үйренеді. Халық тілін меңгере, пайдалана отырып, әдеби тілімізді дамытады. М. Горькийдің жазушыларға: «Ауыз әдебиетінің тіл байлығын пайдаланыңдар, одан үйреніңдер, - дейтіні де осыдан. Мұнымен қатар, көркем әдебиеттің шеберлері халық ауыз әдебиетінің кейбір сюжеттерін өздерінің еңбектерінде пайдаланады. Осы негізде жаңа шығармалар тудырады. Халық ауыз әдебиетін пайдалана отырып, оның таптық сипатын, қоғамдық сырын аша түседі. Бұған: А. Пушкиннің, М. Салтыков-Щедриннің, М. Горькийдің, Абайдың т.б. жазушылардың ауыз әдебиетінің тіл байлығын, ауыз әдебиетінің сюжетін пайдалануы толық дәлел. А. Пушкин бірнеше ертегі, поэмалардың сюжетін халық ауыз әдебиетінен алған, М. Салтыков-Щедрин кейбір ертектерін халық ертегілері үлгілерінде жазып, қоғамдық мәселелерді, патша әкімдерін, чиновниктерді мысқылдап сынаған. Мұндай фактілерді қазақ совет әдебиетінен де кездестіреміз. Қазақ жазба әдебиетінің шеберлері де ауыз әдебиетінен халықтың тіл байлығын үйренумен келеді. Сонымен бірге, олар ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерін, сюжеттерін пайдалана отырып, сол негізде жаңа шығармалар тудырады. Бұл ретте Мұхтардың «Қобыланды батыр» және «Еңлік – Кебек» пьесаларын, Ғабиттің «Қыз Жібегі» мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Сәбиттің «Сұлушашын» т.б. атауға болады.

Лиро-эпос жырларының қай мезгілде пайда болғанын кесіп айту өте қиын. Өйткені олар кезінде қағаз бетіне түспеген және басқа да жөнді дерек сақталмаған, тек ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтумен жетіп отырған. Мүмкін, бұл нұсқалардың көпшілігі көне заманда туып тарала бастады десек те, халық арасына жайылған аңызға қарағанда, сол жырлардың бірқатарын ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда өмір сүрген атақты ақын-жыраулардың ел аралап айтып жүргені, өңдеп жөндегені мәлім. Қалайда олардың туып, дамып, сан түрлі өзгерістен өтіп, бізге келіп жеткеніне дейін талай замандар бастан кешірілген болу керек. Қазіргі міндет: қосынды-құраулар мен өңдеу-өзгерістерден өткен нұсқалардың ішіндегі нағыз халықтық үлгілерін айыра білу, жол-жөнекей қосылған жат жамау-жасқаулардан оларды аршып, тазарта отырып, тиісті және әділ бағасын беру.

Бұл ретте, ең алдымен, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ғылыми еңбектерін ерекше атаған жөн. Аса көрнекті ғалым қазақ ауыз әдебиетінің көптеген түрлерін (айтыс, ертегі, ұсақ форма, батырлық жыр) зерттеумен бірге, лиро-эпостық «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» секілді тамаша екі нұсқасына арнаулы еңбектер жазды. Автор бұл тексерулерінде лиро-эпос жанрының шығу, даму жолына, өзіне тән ерекшеліктеріне, көркемдік

қасиеттеріне тоқтала отырып, жоғарыда аталған екі нұсқаға ғылыми терең талдау жасады.

«Күлше қыз», «Есім сері-Зылиха», «Күл мен қыз», «Мақпал қыз» секілді көлемді, көркемдігі бірсыдырғы дастандар бар. Бұлардың түп негізі халық аңыздарына барып тірелсе де, кейбіреулерінің авторлары да белгілі, шамасы ел арасында есімдері мәлім ақындар сол халыққа жете таныс сюжетті қайтадан жырлап өңдеген, толықтырған болу керек [3.9].

Қазақ лиро-эпосы нұсқаларының ішінде өзіне үнемі назар аударып, көбірек тексерілгені «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жыры. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір нұсқасын Жанақ ақынның аузынан жазып алады да, осы нұсқа жөнінде тұңғыш рет келелі пікір айтады. Бұлардан басқа «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» ертеректе қағаз бетіне түсіп үлгірген бірер нұсқасы Омбы, Ленинград архивтерінде сақтаулы екенін де ескерте кетуіміз қажет [3.40].

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры тек қазақ топырағында ғана емес, басқа да халықтар арасында да молынан тараған. Мысалы, «Куз Курпачь» деген атпен башқұрт нұсқасының орысша аудармасы (Т. Беляев) 1812 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Аудармашының бұл шығарманы Құрайшының аузынан жазып алдым деген жалпылама куәлік еткені болмаса, өкінішке қарай, башқұрт тіліндегі түп нұсқасы немесе ол жөніндегі бірде-бір дерек сақталмаған. Мұндағы тағы бір өзгешелік, башқұрттардың өмір-тіршілігі, әдет-салты суреттелумен бірге қазақ халқының тірлік тұрмысы, салт-санасы қоса көрсетіледі.

Башқұрттың «Куз Курпачі» мен қазақтың «Қозы Көрпеш –Баян сұлу» жырының шыққан түп негізі бір десек те, бұл екі туындының мазмұн жағынан да, түр-сипатында да зор айырмашылығы бар. Оның бірініші ерекшелігі: башқұрт нұсқасы түгелге жақын қарасөзден тұрады да, онда ертегінің сарыны басымырақ келеді. Екіншісі - бұл шығармадағы жағымды, жағымсыз кейіпкерлерде өзара жіктелу, даралану жоқ, олардың қарым-қатынасы мен әрекетіндегі даму тым үстірт беріліп, жөнді өрістей алмай қалған.

В.В. Радловтың «Образцы народной литературы...» деген әйгілі еңбегінің VI томында ұйғырдың «Бозы Көрпеш» атты ертегісі басылған. Расында, XIX ғасырдың екінші жартысында жазылып алынған бұл ертегіні «Қозы Көрпеш-Баян сұлудың» ұйғырша версиясы деп санауға ешбір қисын жоқ. Мұнда тек шығарманың «Бозы Көрпеш» делінген атындағы сырттай ұқсастықтан басқа оларды өзара жанастыратын ештеңе таба алмаймыз.

«Қозы Көрпеш» деп аталатын барабин татарларының шағын ертегісін қазақтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырымен салыстырғанда екі шығарманың мазмұн жақындығы бірден көзге түседі. Ең алдымен татар нұсқасында Ақ хан мен Қара ханның аңда жүріп кездесіп, танысуынан басталады.

Екі шығарманың қай-қайсысында болсын жағымды бейнелерді, олардың ізгі қасиеттерінің жоғарылығын опаздық еткен Қара ханға қарама-қарсы қояды, оған адамгершілік, ар-намысты аяққа басқан қара бет адам деп лағынет айтады. Қазақ нұсқасында дүниеқоңыз, сараң, мейірімсіз, пасық Қарабайдың бейнесі де осыған жақын емес пе?

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ертедегі нұсқасынан бізге екі қолжазба жетіп отыр. Оның бірінші 1834 жылы Ғ. Дербісәлин жазып алса, екіншісін 1841 жылы А. Фролов деген тілмаш қағаз бетіне түсірген.

Қорыта келгенде, жағымды кейіпкерлердің бойынан терең сезімді, адалдық пен ізгілікті, ақ ниет пен таза көңілділікті табатын болсақ, олардың ыстық та таза махаббаты сол заманның әділетсіздігіне қарсы күресуге апарғанын көрсек, осылардың бәрі ғасырлар бойы езілген бұқараның неге ұмтылып, нені өзіне қол жетпес идеал еткенін айқын дәлелдейді.

Жырдың көркемдік түрі, ақынның шеберлігі мен сөз өрнегі қандай? Мұндағы негізгі ерекшелік: оқиғаны баяндау, өмірдегі көріністерді сипаттау жағы басымырақ [3.41].

Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті нұсқалары ішіндегі ең бір асыл да көркем үлгісі - «Қыз Жібек». Бұл шығарманың бізге жеткен варианттары онша көп емес. Не бары екеу-үшеу ғана. Сан алуан мәліметтерге қарағанда «Қыз Жібек» жырының негізгі айтушыларының бірі Мұсабай жырау деседі. Бірақ ел арасына көп тарап, әйгілі болған нұсқасы Жүсіпбек қожа Шайхұлисламұлының сан рет жарияланған «Қыз Жібек» хикаясы атты поэма екен. Қазақ фольклорын, оның ішінде лиро-эпос үлгілерін зерттеушілердің басым көпшілігі «Қыз Жібек» жырын ХҮІІ ғасырға жатқызып келді және олар осы жорамалдарын поэманың өз бойындағы кейбір деректер мен фактілер арқылы дәлелдеуге тырысады. Қалайда, бұл шығарманың кейінгі дәуірдің туындысы екендігі ешбір күмән туғызбайды. Бұл шығармадағы аса жарқын, ең қымбат, әрі сүйкімді де, мейлінше әсем образ - Қыз Жібек. Автор егер Төлегенді өзінің барлық ерекше сипаттары арқылы: көрік - келбеті, ақыл-парасаты, мінез-құлқы ақ жүрек асылдығын айтып, шабыттана сипаттаса, Қыз Жібек те оған тең, барабар ұсынылған: ол керемет сұлу нәзік сезім иесі, жар борышына да берік, ішкі жан дүниесі де бай.

Қазақ эпосының ішінде «Қыз Жібек» поэмасы тілінің көркемдігі мен байлығы жағынан да оқшау тұр. Жыр түгелдей дерлік жеті-сегіз буынды, еркін ұйқасты жырмен орындалған, ара-арасында қара сөзбен жалғастырылып, түсінік беріліп отырады. Сонымен бірге халық арасында қалыптасып, орын тепкен қанатты сөздерді, өрнекті тіркестерді молынан қолданады, олардың кейбіреулерін жеке алғанда белгілі ұғымдарды бере алмайды, олар көбінесе қосалқы рөл атқарады.

Қорыта айтқанда, тіл байлығы, композициясының мінсіздігі, жалпы көркемдік ерекшелігі жағынан «Қыз Жібек» жыры қазақ ауыз әдебиетінде жеке-дара тұрған ғажап туынды, шын мәніндегі шедевр екенінде ешбір күмән жоқ.

Сөз соңында тағы бір жағдайға көңіл бөлмеуге болмайды. Осы сөз етіліп отырған «Қыз Жібек» жырының соншалық көркем дәрежеге көтеріліп, тыңдаушылар мен оқырмандарына айрықша танымал болуына өте-мөте зор еңбек сіңірген адам – Жүсіпбек қожа Шайхұлисламұлы.

Алғаш жоғарыдағы ұқсастықтарды байқаған ғалым С. Қаскабасов осы мәселелер төңірегінде іздену керектігін ескерткен еді. Іздену, салыстыру барысында мынадай тұжырым, түйінге тоқталдық- бұл сәйкестіктердің себебін

толық ашу үшін, олардың әрқайсысының материалдары кімнен және қашан жазып алғандығын білуіміз керек. В. В. Радлов кітабында жоғарыдағы үлгілерді кімнен қашан алғандығын нақты көрсетпейді. Тек кітабының алғы сөзінде мынандай дерек келтіреді: «Қазақ әдебиеті шығармаларын қазақтардың өздері екі бөлімге бөледі, халық шығармалары (қара сөз) және кітаби өлең. Халық шығармаларын қарапайым халықтың ауызша таралған өлеңдері мен әңгімелері құрайды. Сондықтан да оған қазақ халқының ислам діні әсері тие қоймаған шығармалары жатады. Оларды тек қарапайым адамдар ғана біледі, өйткені сауатты молдалар т. б. оған менсінбей қарайды. Бұл жазылған шығармаларды бұрын біреудің қағазға түсіргенін, мен көрген де, естіген де емеспін. Кітаби өлеңдердің мұндай атқа ие болу себебі, оны жыршы жатқа айтпайды, жазылған кітаптан оқиды. Мұндай кітаби өлеңді шығарушылар - молдалар, сауатты қазақтар. Олардың сөз оралымдарында исламның, кітаби тілдің әсертабы айқын сезіледі. Бұзылған кітаби тілмен жазылған бұл өлеңдердің көп бөлігі халықтың ауызекі тіліне де араласа бастады. Бұл кітаби өлеңдерді мен қазақ тілінің табиғатына жат грамматикалық формалар мен сөздерден сақтана отырып қарапайым қазақтардың көмегімен көшірдім, араб және парсы тілдерінен енген сөздерді қолжазба өте дұрыс жазылғанына қара-мастан, сол қарапайым халықтың формасында беруге тырыстым. Осылайша бұл өлеңдер түпнұсқадағыға қарағанда әлдеқайда қазақы сипат алды». Бұдан біздің білетініміз, біріншіден, қазақтардың өздері қазақ әдебиеті шығармаларын екіге бөлгені, оның ішінде қара сөзбен жазылған үлгілерді сауатты молдалардың менсінбейтіні айтылады. Ал, Мәшһүр-Жүсіпте қара сөзбен жазылған нұсқалардың ұшан-теңіз екені бізге мәлім. Екіншіден, нұсқалардың біразын В. В. Радловтың қолжазбалардан көшіргендігі, оған қарапайым қазақтар көшірісуге көмектескендіктері сөз болады. Бірақ ол қолжазба кімдікі екендігі, көшірісуге көмектескендердің нақты аты-жөні туралы дерек берілмеген. Үшіншіден, қолжазбадағы текстерді көшіру барысында В. В. Радлов кейбір сөздерді өзінше өзгерткенін айтады.

Қашанда, қай халықтың әдебиетін алсақ та ана бейнесі ыаманда таза сақталады. Ол ылғиына мейірім иесі, ізгіліктің көзі, перзентінің шын қамқоршысы, оның ыстығына күйіп, суығына тоңатын да сол ғазиз ана. Бүкіл жер жүзі әдебиетінде адам анасына арналған ыстық жолдар мен қалтқысыз айтылған алғыстарда шек жоқ.

Осы поэмадағы екі ана да өте жарқын бейнеде сипатталған. Тегі мойнында жүктелген ауыр міндеттің салдарынан болса керек Қозының анасы өте берік, ұстамды, парасатты жан іспетінде көрінеді. Ол Қарабайдың арам ниетін, опасыздығын бірден түсінеді де, жалғыз ұлын кесір - кесапаттан, қауіп-қатерден сақтаудың қамын қарастырады.

Ақынның тағы бір табысы: сол кездегі бұқара көпшілік тіршілігін сараң болса да нанымды етіп бере білген [3. 90].

Қазақ халқының бай фольклорында мол дамып, кемеліне жеткен жанрдың бірі – лиро-эпос. Бұған дәлел сан ғасырлар бойында ел арасына кеңінен тарап келген көркем туындылар және олардың бізге жеткен көптеген үлгілерінің нұсқалары. XIX-XX ғасырларда қағаз бетіне түскен лиро-эпос нұсқаларын

тексергенде негізінде екі түрлі жағдайды аңғарамыз. Біріншісі, тарихи жаңа кезеңнің ықпалымен ескі шығарманың мазмұны мен түрі өзгере бастауы; екіншісі, феодал-байшыл ақындардың өз тарапынан халықтық үлгілерге «жаналықтар» енгізуге тырысқаны, дәлірек айтқанда, халықтық туындының бағыт-бағдарын, қанаушы тап мүддесіне әдейілеп бағындырмақ болғаны. Эпостың көркемдік жүйесіне тереңдеп бойлап, ондағы бейнелердің тұрпаттарын бұзатын, сондай-ақ шығарманың жалпы сюжетіне, композициясына және тіліне тереңірек әсер ететін шақтар да, ара тұра болсын, ұшырап отырады. Мысалы, сондай жағдайды «Қозы Көрпеш - Баян сұлудың» бірер варианттарынан немесе «Қыз Жібек» жырынан айқын сезінеміз.

Расында, сол ескі мұра үлгілерінің мол аумақта жиналуы да, жан-жақты зерттелуі де тек совет дәуірінде ғана басталды. Бір жағы, әріден келе жатқан игі дәстүр ескеріліп, оның ұтымды және тиімді жақтары сақталса, сонымен қатар жаңа заманның қойған тілек-талабына сай халық туындылары тың сапада дами түсті, ілгері сатыға көтеріліп отырып мағыналы мазмұн, күрделі түр тапты. Демек, лиро-эпос нұсқаларының кейбіреуі өзінің соңғы даму кезінде жазба әдебиеті туындыларымен (поэмалармен) тоғыса бастағаны да баса айтылды, осы процестің ерекше сипаттарына арнайы тоқталып, тиісті дәлелдер келтірілді.

Сөйтіп, қазіргі уақытта лиро-эпос жанрының даму процесі жазба әдебиеті ықпалынан тыс болуы енді мүмкін еместігін, сондай-ақ оның бір сәтте ақын-жазушылардың нәр аларлық қайнар бұлағы рөлін атқарғандығы дәлелденді және негізгі қорытындының бірі есебінде ұсынылды.

Фольклорлық жанрлар неғұрлым шындыққа жақын болса, яғни оқиғаны өмірде болған деп бейнелеуге барынша тырысса, соғұрлым олар сюжеттік және көркемдік жағынан ұтылады: шығарманың сюжеттік арқауы бос болады, композициялық құрылысы ширамайды, көркемдік тұтастығы жетілмейді.

Бұл - танымдық функциясы басым жанрларда кездесетін құбылыс [3.147].

1.2 Қазақ фольклор жанрының қоғамдық қызметі

Фольклорда да, әдебиетте де жанрлардың табиғатын анықтайтын басты фактор - олардың қоғамдық қызметі, өмірлік нысаны.

Әдетте, өнердің барлық түрін, оның ішінде фольклорды да, өмірді көркем танудың бірі деп түсінеміз. Өнер - өмір туралы пайымдау екені сөзсіз; тарихи дамудың әр кезеңінде өнер адамның өзін қоршаған табиғатты, шындықты қаншалықты меңгергенін, өзін де қаншалықты біле алғанын көрсетеді. Бұл – даусыз. Әңгіме сол шындықты тани, түсіне білу қоғам тарихының қай дәуірінде өнер үшін басты мақсат, нысана болуында. Өнердің атқаратын қызметі көп екені де түсінікті. Оның танымдық қызметінен басқа да өте маңызды функциялары бар. Айталық, идеологиялық, тәрбиелік, эстетикалық, т.т. Фольклор жанрларының өмірге қатынасына байланысты атқаратын қызметін сөз қылғанда, өте маңызды нәрсе - фольклордың көркемдігі. Көркем өнерге айналмаған фольклордың басты мақсаты – танымдық. Бұған халық прозасының ертегіге жатпайтын тобы кіреді, атап айтқанда: ауызекі әңгіме, хикая, аңыз, шежіре, миф, эпсана - хикаят.

Сөз өнеріне, көркем дүниеге айналған фольклор жанрларының басты функциясы - эстетикалық, тәрбиелік болып келеді. Ол жанрлар шығармаларында өмірді бейнелеу тікелей танымдық мақсат көздемейді, керісінше, адамды иландыру, сол арқылы үлкен әсер ету мақсатын көздейді, оны ләззатқа бөлеуге тырысады.

Фольклорлық проза шығармаларын айтылу мақсатына қарай үш топқа бөлуге болады. Бірінші топты танымдық мақсат көздейтін шығармалар құрайды. Мұндай шығармалар тыңдаушы жұртқа жарастылыстың, дүниенің, адамды қоршаған нәрселердің және неше түрлі жан-жануарлардың пайда болуын, олардың мінезін-құлқын түсіндіреді (мифтің барлық түрі, кейбір аңыздар). Екінші топқа мағлұматтық мақсатпен айтылатын шығармалар жатады. Бұл шығармалар көбінесе екі-үш адамның сұхбаты, әңгімесі түрінде болып келеді. Мұнда көп жағдайда айтушы өз басында болған ғажайып оқиғаларды немесе естіген хикаясын әңгімелейді (хикая, меморат - әңгіме). Үшінші топтың шығармалары көркемдік - тәрбиелік мақсатпен айтылады. Бұл шығармалардың көркемдігі жоғары, сюжеті дамыған болып келеді. Бұған классикалық ертегілердің барлық түрі кіреді. Бұл сараланған проза жанрларының арасында қатып қалған шекара жоқ. Олар өзара тығыз байланысты. Бір-біріне кірігіп жатады. Қазақ халық әдебиеті үлгілерінің көп жиналғаны баршаға аян, бірақ жанрға шаққанда, қазақ фольклорының барлық жанры біркелкі жиналған деуге болмайды. Кейбір жанрлар (айталық, батырлар жыры мен ғашықтар жыры, мақал мен мәтел, тұрмыс-салт ертегілері, т.т.) көптеген шығармалармен көрінсе, енді бір жанрлардың жазылып алынған нұсқалары айтарлықтай көп емес. Соның бірі халық прозасының ертегі жанрына жатпайтын түрлері. Атап айтқанда, хикая, миф, топонимикалық аңыз. Көп ретте бұл жанрдағы шығармалар екі рет қана жазылып алынған. Соның салдарынан «аңыздық проза» жанрлары жеке жинақ болып бірде-бір рет шыққан емес, ол ылғи ертегіге арналған жинақтарда қосалқы дүние ретінде беріліп жүр.

Жоғарыда айтқанымыздан шығатын бір қорытынды - ертегіге жатпайтын халық прозасының үлгілері аз жазылып алынған. Оның себебі бірнеше: бірінші себеп - жалпы қазақ фольклорының ғылыми мақсатпен жүйелі түрде өте кеш жиналуы.

Демек, әр халық фольклорының ерекшелігі сол халықтың тұрмысына, қоғамдық құрылысы мен мәдени дамуына байланысты. Сол себепті де орыс халық прозасындағы жанрлар мен қазақ халық прозасындағы жанрлар толық сәйкес келмейді, олардың атауларына сыйғызылатын ұғым да басқа.

Осыған байланысты Еуропа халықтарының фольклорлық прозасын атайтын терминдер қазақ топырағында сол қалпында емес, басқа мағынада қолданылуы ықтимал. Мәселен, халықаралық терминге айналып кеткен «миф» атауы қазақ жағдайында еуропалықтар қолданған мағынадан сәл басқалау болуға тиіс. Қазақ қоғамы, қауымы, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, бүкіл болмысы Еуропа елдерінен өзгеше, соның нәтижесінде оның фольклоры да басқаша. Тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті қазақ еліне ұқсас жұрттың да фольклорында «миф» термині еуропалықтар түсінігіндегі «миф» емес. Қазақ сияқты, олар

үшін де «миф» пен «аңыз» үлкен роль атқарған. Ол мифтер мен аңыздарда сол қоғам ұстанатын бүкіл өмір қағидалары мен әдет ғұрпы, тіршілік ерекшеліктері мен әдеп шарттары жинақталған. Сол себепті ондай мифтер өте көне туынды болып саналады, олардың көркемдігі ертегідей емес. Және олар үлкен мифологиялық жүйеге айналмаған.

Қазақ халық прозасының жанрлары мен басқа да ішкі түрлерін ажыратудың қиындығы, бір жағынан, олардың зерттелмеуіне байланысты болса, екінші жағынан, ол жанрларды атауда терминологиялық ұғымдардың бір ізге түспегендігінен болып отыр.

Демек, фольклорлық жанр ретінде тарихи аңыз ХҮІІІ ғасырда жаңа сатыға көтеріліп, өзіне хас белгілер мен сипаттарға толық ие болады. Сөйтіп, ол бізге сол дәуірдің тарихын баяндап, сол кездегі оқиғалардан, өмірден мәлімет береді, білімімізді арттырады.

Фольклорды зерттегенде, оның танымдық түрін де, көркем түрін де жан-жақты қарастыру қажет. Өйтпеген күнде жанрлар теориясын жасау мүмкін емес, көркем түрлердің даму заңдылықтарын да ашу қиын. Мысалы, көркемдігінен гөрі танымдық қызметі басым прозалық жанрлардың осы күнге дейін қазақ фольклортануында зерттелмей келуі – жоғарыда айтқан принципті сақтамаудың салдары. Соның нәтижесінде бізде әлі күнге дейін қазақ халық прозасы жанрлық тұрғыдан зерттелмей келді, жанрлар ғылыми саралауға түскен жоқ, олардың ішкі даму заңдылықтары мен тұрақты белгілері айқындалған жоқ. Ал белгілі бір жанрдың табиғатын, ерекшелігі мен заңдарын білмейінше ол жанрға жататын шығарманы объективті түрде және дұрыс бағалау қиынға соғады. Себебі қашан болса да бір нәрсенің ерекшелігі, жақсылық қасиеті тек жалпымен, ортақтықпен байланыста ғана анықталады.

Фольклорда, тегінде, жеке адамның характері көрсетілмейді. Онда жеке адамның тағдыры баяндалады.

Осыған қоса айтатын нәрсе – фольклорлық шығарманың баяндау барысындағы уақыт. Фольклорлық шығармада уақыт ешқашан кері шегінбейді. Басқаша айтқанда, жыршы немесе ертекіші әдебиеттегі сияқты бір кезде болып жатқан екі-үш оқиғаны қатар көрсетпейді.

Фольклорлық шығармада уақыт ылғи да өткен дәуір болып көрінеді. Бірақ осы өткен дәуір айтушы мен тыңдаушыға өз заманымен тығыз байланысты болып сезіледі, баяндалып отырған оқиғалар осы әңгімеленіп отырған кезде болып жатқандай қабылданады.

Бұдан шығатын қорытынды: фольклорлық шығармада тарих пен қазіргі заман (айтушы мен тыңдаушының дәуірі) уақыт өлшемімен жіктелмейді. Ол екеуінің арақатынасы, жігі елдің, айтушы мен тыңдаушылардың санасы мен ой елегінен өтіп белгіленеді, баяндалып отырған оқиғаның ел үшін маңыздылығымен, сол дәуірге үндестігімен, жалғастығымен өлшенеді [4.30].

1.3 Шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер.

Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер. Шешендік сөздер – ақындық айтыс секілді қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін

көрсететін негізгі жанрлардың бірі. Жазушы шеберлігін, жалпы тіл мәдениетін көтеруде шешендік сөздерді, сондай – ақ мақал – мәтелдерді мұқияттап жинап, зерттеп, сұрыптап жариялаудың әдеби мәні зор. Өйткені сөз өнерінің әлі жеткілікті зерттелмеген саласы – шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерде, мақал-мәтелдерде ойды кеңейтіп, тілді байытатын мазмұнды да көркем сөз үлгілері мол.

Әдетте, шешендік өнер айтыс – дауда дамиды. Сондықтан ердің, елдің тағдыры сөз болатын, соғыс - бітім секілді маңызды мәселелер қозғалатын сот залдары, парламент сарайлары және халық жиналатын ас тойлар, міне, шынайы шешендер, саяси қайраткерлер сөз сайысына түсетін, сыннан өтетін және шыңдалатын орындар – осылар болған. Дүние жүзіне есімдері әйгілі шешендердің, көбінесе, мемлекет қайраткерлерінен, заң қызметкерлерінен, парламент мүшелерінен шығатыны ешкімге құпия сыр емес. Мәселен, ежелгі Афин (грек) шешені Демосфен мен Рим шешені Цицерондар әуелгі адвокат, кейін парламент басшылары болған. Ал XIX – XX ғасырларда өмір сүрген орыс шешендері П.А. Александров, Ф.Н. Плевако, А.Ф. Кони тағы басқалар белгілі адвокаттар еді. Сол сияқты атақты қазақ шешендері Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Қаражігіт, Әйтекелер би болғаны мәлім.

-Қазыбек биге бір адам «Кім жақын, не қымбат, не қиын» дегенге жауап беріңізші деп қиылыпты. Сонда атақты би былай деп жауап беріпті екен:

*Тату болса – ағайын жақын,
Ақылы болса – апайың жақын.
Бауырмал болса – інің жақын,
Инабатты болса – келінің жақын.
Сыйлас болса – нағашың жақын,
Адал болса – досың жақын,
Еркелейтін немерең жақын,
Жан серігің жас кезіңнен,
Бәрінен де әйелің жақын.
Алтын ұяң әйелің қымбат,
Құт – берекең атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат,
Туып – өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.
Арадан шыққан жау қиын
Таусылмайтын дау қиын,
Шанышқыласа сөз қиын,
Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын,
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өрт қиын.
Тентек болса ұл қиын,*

*Не істеріңді біле алмай,
Ашиды сонда бас – миың.
Қазыбек би бата бергенде былай депті:
Өркенім өссің десең,
Кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссің десең,
Өршіл болма –
Өскеніңді өшірерсің.
Басыңа іс түскен пақырға
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлыға,
Жәрдемші бол асыға.
Қиын – қыстау күндерде,
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба!*

Қазыбек бидің баласы – Қазымбеттен, Қанай би туған. Қанайдан туған Қожабектің айтуына қарағанда, Қазыбек би Қанай туған 1764 жылы 97 жасында дүние салса керек. Сонда Қазыбек бидің туған жылы 1667 жыл болып шығады. Қаз дауысты Қазыбек бабамыздың денесі Түркістандағы Ахмет Яссауи ғимаратына жерленген.

Қазақтың шешендері мен шешендік өнеріне қазақ ауыз әдебиетін алғаш зерттеуші ғалымдар да назар аударған. «Билер сотының ертеден келе жатқан халықтық түрі» туралы айта келіп Ш. Уәлиханов былай дейді: « Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сөйлеу арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес; тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атқаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған. Сонымен, бұл би деген атақ келіп билік айтуға және төрелік сөз сөйлеуге патент сияқты нәрсеге айналған».

Үш жүз бас қосып, ақылдасатын бір мәселе болып, ел ағасы деп Төле бидің алдына келінті. Төле би:

- *Уа, әлеумет, осы аттың күші қай жерінде, - дейді. Сонда біреу «аттың күші алдында», біреуі «аттың күші артында», енді біреуі «аттың күші алдында да, артында да емес, ортасында» дейді. Төле «ортасында» дегенге қарап:*
- *Аттың күші ортасында болатын себебі қалай? – дейді.*
- *Бас басшы, ат қосшы, астында төрт тіреуі бар, ортасы Арқалық емес пе? – дейді соңғы айтушы. Тағы да Төле:*
- *Бұрынғылар айтқан екен, «Би екеу болса, дау төртеу болады»деп. Ел үшін үш жаққа тартып, дау бітімі бытырамасқа «Төбе би»атап қойса қалай болар*

еді? – дейді. Оған қауым дұрыс дейді. Бірақ төбе билікке талас болады. Ұлы жүз «Біз боламыз, өйткені жасымыз үлкен ағамыз», Кіші жүз, «Біз боламыз, өйткені қара шаңыраққа иелік жолымыз үлкен» дейді. Сонда манағы аттың күші ортасында деген жігіт:

- Аға төреші болмайды, алдында қаймығары жоқ, іні төреші болмайды, артында қайырылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығарлық артында інісі бар, екі жағынан да хауі зор, сол себепті әділ айтатын төбе билік ортаншы ұлға лайық! – дейді. Төле қарт сонда жігіттерден жөн сұрайды. «Аттың күші басында» деген Ұлы жүз жігіті, «аттың күші артында» деген Кіші жүз жігіті, «аттың күші ортасында» деген Орта жүз Қаракесек Қазыбек болып шығады.

Шоқанның бұл пікіріне қарағанда, қазақ қауымында би атағын алу үшін екі шарт: бірінші – әдет-ғұрып заңын жетік білу; екінші – шешендік қабілеті болу керек. Дәл осыған ұқсас пікірді Абай да айтады. «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Өз Тәуке ханның Күл төбенің басында күнде кеңес болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек. Иә, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек». Шоқан мен Абай бұл пікірлерімен дау шешіп, билік - бітім сөз сөйлеу үшін әдет заңын білумен бірге шешендік өнер – патент сияқты маңызды рөл атқарғанын орынды көрсетеді.

Қазақтың шешендік-тапқырлық, нақыл сөздерін алғаш жинап, жариялаушы ғалымдардың бірі - белгілі педагог Ыбырай Алтынсарин. Ол өзінің «Киргиз хрестоматиясына» «Ізбасты», «Байұлы» «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен» дейтін тапқырлық – шешендік сөздерді енгізіп, оларды оқуға ұсынды. Халық даналығының балаларды тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбиелік мәнін дұрыс түсінген ағартушы оны кезінде қажетке жарата білген.

Қазақ шешендік сөздерін арнайы зерттеген бір еңбек Әмина Мәметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны» (1945) дейтін кандидаттық диссертациясы еді. Бұл зерттеулерінде ол қыркыншы жылдарға дейінгі жиналған материалдарды пайдалана отырып, қазақ шешендік сөздерінің мағынасын, ауыз әдебиетінде алатын орнын анықтады, оның жанр болып қалыптасуына, дамуына кезінде себі тиген белгілі шешендер мен шешен билер туралы мәліметтер келтірді.

Аңыз әңгімелерге қарағанда Жиренше шешен Өз Жәнібек хан мен Асан қайғы (XIV – XV ғ.ғ.) тұсында жасаған адам. Сонсын «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін де нақыл бар. «Сол Майқы Шыңғысты (XII ғ.) хан көтерген он екі бидің бірі екен» дейді Абай. Олай болса шешендік сөз өнерінің шығу тарихы Жиреншеден әлдеқайда әріден басталса керек. Шешендік сөздермен көркем әдебиетіміздің қалыптасып дамуына үлкен үлес қосқан Бұқардан бастап Шортанбай, Мұрат, Дулат секілді белгілі жыраулардың шығармалары арнау, толғау сөздерге толы.

Құлан жортпас құба жонға

Құрай шықпас емеңіз.

*Қу таяқты кедейге
Мал бітпеді деменіз.
Жарлы байға теңеліп
Жарыса қонбас деменіз.
Жалғыз көпке теңеліп
Теңдік алмас деменіз.*

Тіпті жаңа, прогресшіл әдебиетіміздің өкілі Махамбет Өтемісұлының өлеңдері де шешендік толғауларымен аралас, астарлас жатады.

*Арғымақтың баласы
Аз оттар да көп жусар,
Тарлаудан татқан дәні бар.
Азамат ердің баласы
Аз ұйықтар да көп жортар,
Дұшпанға кеткен ары мен*

Талауға түскен малы бар, - деген шешендік сөздер мен мақал – мәтелдерге бай толғауларды Махамбет жырларының қай-қайсысынан болса да кездестіруге болады.

Жаңалық пен жақсылыққа «құтты болсын» айту, қаза мен қайғыға «арты қайырлы болсын» деп көңіл айту қазақтың ежелден келе жатқан әдет –ғұрпында бар. Келгенде «қош келдіңіз» деп қарсы алу, кетерде «жолыңыз болсын» деп шығарып салу жаңа салтымызға да жат емес. «Жақсы лебіз – жарым ырыс» деп тілектестік сөзді жоғары бағалаған халқымыздың бата - тілегін бейнелейтін шешендік сөздердің неше алуан нұсқалары бар. Қазақ халқы «Ас адамның арқауы», «Астан ешкім үлкен емес» деп заттық игіліктің адам өміріндегі шешуші мәнін дұрыс түсінген де, астың алды –артында жақсы тілек, игі ниеттерін білдіретін болған.

*Бәлшіл, бәлшіл, бәлшіл бол,
Боз торғайдай тәлшіл бол.
Тәңір берген несібең,*

Тепкілесен кетпесін, - дейтін бата, алғыс сезімдері әр халықтың үміті мен келешегі болып табылатын: балаң көп болсын. Тұрмысың жақсы, бақытың баянды болсын деген ешбір дәуірде ескірмейтін игі тілекті білдіреді.

*Алтын ерлі ақ боз ат
Астында жүріп арысын.
Қолан шашты, қой көзді
Таңдап алған бұраң бел
Қасында жатып қарысын, -*

дейтін сөз, біріншіден, ердің басына бақыт пен байлық тілесе, екіншіден – байлық пен бақыт иелі деген ескі ұғымнан елес береді. «Алғыспен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді» деп елдің алғысын, үлкеннің батасын қазақ жоғары бағалап, сөздің рухтандырушылық, дем берушілік күшіне кәміл сенген. Осы батаны Қанжығалы Шеңкі қарт айтқанда: «бүкіл денем шымырлап, буын-буыным жіпсіп тұрды» деген екен кейін Бөлтірік шешен. Мұндай батаға біреу мақтанса, біреу үміттенеді. Үміт – талаптың басшысы, талап – табыстың кілті.

[5.9]

Қазақ ауыз әдебиетін кімдер жинады дегенде, оның XX ғасырдағы қазан төңкерісіне дейінгі өкілдеріне арнайы көңіл бөлушілік тегін емес. Кітап бастыру енді - енді жолға қойыла бастаған шақта, көшпелі қазақ ауылдарында ауыз әдебиеті, негізінен алғанда, ертегішілер, жыршылар арқылы тарап, жатқан кезде ол шығармалардың бастапқы бояуы нәсірлі толық сақталған уақытқа жинаудың мәні ерекше. Ал, кейінірек кітап бастыру, сауат ашу кең етек алғанда, жазба мәдениет өрістегенде, сонымен бірге қазан төңкерісінен кейін, әсіресе, 1920-1956 жылдар аралығында көне мәдениет нұсқаларына тұрпайы социология тұрғысынан біржақты қарау, бар шығарманы тап тартысы айнасы ретінде бағалау, оның еңбекші мүддесіне, «қолайлы» дегендерінің өзін редакциялау, өзгерту етек алған мерзімде ауыз әдебиеті үлгілерін жинау да, жариялау да басқа арнаға түскені мәлім. Алғашқыда халықтың сөйлеу тілі, ұғымы қазіргі ұрпақтың бірқатарына ұғыну қиын, тіпті қайшылықты болып көріну мүмкіндігі бар түрде болса да, сол арқылы бастапқы табиғи қалыпта сақталса, кейінгіде шынайылық орнына жасандылық көбейіп, соның нәтижесінде дәуір шындығының да, шығарма көркемдігінің де көп солғын тартқаны белгілі. Мұның бәрі кейінірек жарық көрген халық ауыз әдебиеті үлгілерін, атап айтқанда, ертегілер, «шешендік сөздер» т. б. айдарымен шыққан кітаптарды қайта қарап, олардың бір кездегі айтылу, қағазға түсу қалпын іздестіру қажеттігін де алға қояды.

Қазақ ауыз әдебиетінің жиналу тарихы - өз алдына кең көлемді арнайы зерттеуді тосып тұрған мәнді тақырыптың бірі. Бұл орайда оны жинаушылардың басты өкілдерінің бірі М. Ж. Көпейұлының осы саладағы еңбектерін арнайы түрде, жан - жақты қарастыру міндеті келіп шығады.

Мәшһүр-Жүсіптің ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылық еңбегін қарастыруда алдымен оның сол туындыларды қаншалық көлемде әзірлегенін анықтау керектілігі аян. Сөз жоқ Мәшһүр-Жүсіп жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінің көбі әлі баспа бетінде жарияланбауы аталған міндетті шешуді біршама қиындатса да, өзіміз тапқан және жариялаған үлгілерге, сондай-ақ ҚР ҰҒА қолжазба қорында т. б. сақталған материалдарға сүйене отырып, алғашқы мағлұматты, әрине, кейін де толықтырып, тиянақтай түсуді қажет ететін мәліметті жинақтап айтуға болады деп таптық. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында тұрмыс - салт жырларының отыз шақты түрі, аңыз-әңгімелердің екі жүздей үлгісі, ертегінің шамамен он шақты, жырдың төрт үлгісі, қисса-дастанның он бірі, жаңылтпаштың екі-үш беттік көлемі, жұмбақтың қара сөзі мен өлең түріндегі елу шақты үлгісі, мақал - мәтелдердің екі жарым мың жылдық мөлшері, акындар айтысының жиырма бес нұсқасы, отыз шақты ақын - жыраулардың өлеңдері, дастандары т. б. орын алған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы т. б. нұсқалары бар.

Мәшһүр-Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің біразына сипаттама беріп отырған. Мәселен, «Ғылым, білім» кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 айт, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал «Әмір» әңгімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы «сахифа» - араб сөзі, «бет», «парақ», «газет» деген мағыналар береді. Бізге келетіні «бет» деген

мағынасы. Келесілері: «Бір жұмбақ шешуімен 5 сахифадан: «Намаз мағынасы» - 23; «Бір соқыр, бір саңырау, бір тұттай жалаңаш» 7 (бұл жерде өз туындысы туралы ескертпесі де бар: «бұл басылып шықты жұртқа жайылып» - деген Н. Ж.), «Алашахан» - 9; «Асан қайғы» - 17; «Жиренше шешен» - 25; «Ер Едіге» - 10; «Еңсегей бойлы Ер Есім» - 10; «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер» -5; «Әмір Темір»- 9: «Ғытман ғазы заһары» - 6; «Ноғай - қазақ заманы» -8; «Абылай»- 38; «Бұхар Шәріп» - 28; тағы да «Абылай», «Кенесары, Наурызбай» әңгімелері - 50; «Бұхар, Қоқан» - 21; «Қазақ билері» -90 сахифадан тұрады дей отырып, барлығы 461 сахифаны, яғни бетті құрайтынын Мәшекең өзі жазып көрсеткен. Бұл дерек жанұялық архивтен алынған. Мәшһүр-Жүсіп тағы бір жазбасында: «Торайғыр би» сөзі 18 сахифадан; «Бөлтірік би» - 12; қайым өлең «Күдері мен Ұлбике» 12: «қайым өлең», «Сақау мен Тоғжан» -12 сахифадан тұрады дей отырып, үшбу нұскаларды жазып 1913 жылы 30 августа молда Нұрғали Бикбаевқа жібердім» -деген ескертуі де сақталған. Пайғамбарымыз бойындағы адамилық қасиеттер мүлдем ерекше еді. Кез келген кісінің бір-біріне қарама-қайшы екі көркем қасиетті араластырып, шатастырмастан тепе-теңдігін сақтап алып жүруі өте қиын. Мысалы, біреу жомарт, бірақ ол жомарттығын ысырап дәрежесіне дейін апаруы мүмкін, немесе қолындағысын үнемдеймін деп жүріп сараңдыққа бой алдыруы да ықтимал. Батыр, *қаһарман, бірақ ержүректік* қасиеті өз арнасынан шығып, алды-артын аңдамайтын, жақсы-жаман деп талғамайтын соқырлық дәрежесінде қатыгездікке ұласуы ғажап емес.

Пайғамбарымыз жақсы қасиетті қарама-қайшы қасиетпен араластырмаған. Өз арнасынан тасытпаған. Алла Елшісі (с.ғ.с) ержүрек, батыр және мұнысымен қоса құмырысқаны байқамай басып кетсе, жүрегі елжіреп, діріл қағатындай аса *мейірімді, рақымды және кішіпейіл* еді. Өте мейірімді боламын деп ешқашан қорқақтық пен қорлануға бас имеген. Алла Елшісі (с.ғ.с) *өте салмақты, байсалдылығымен* қоса жанындағы адамдарға шаттық сыйлай алатын, күлкісі күміс шашқан жарқын жүзді еді. Қысқасы, әр қасиетті өз арнасынан асырып, екінші бір жаман қасиеттің жағасына апармаған. Яғни, таразының екі басын тең ұстап, тепе-теңдікті сақтаған.

Абай атамыз халықты Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) үлгі алуға былай деп үндейді:

Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ,

Мү'мин болсаң үйреніп сен де ұқсап бақ...

Иә, он төрт ғасыр бұрын ғұмыр кешкен Алла Расулының (с.ғ.с) көркем де әсем мінез-құлқы әрбір мұсылман баласының аңсарына айналды. Себебі, Ондағы бұл асыл қасиеттер – адамзатты адамдықтың асқар шыңына шығарар, өзгермес ереже-қағида, барлық жақсылық атаулыға бағыт көрсетер темірқазық іспетті.

Жаратылыстардың абзалы болған адам баласына тән *жомарттық, әділдік, шынайылық, шыншылдық, сенімділік, мейірімділік, тақуалық, сабырлылық* сынды қасиеттердің ең биік шыңында қашанда Алла Елшісі (с.ғ.с) тұрды.

Алла Елшісінің (с.ғ.с) бойына сіңген тағы бір қасиет – *жомарттығы* еді. Рахым Пайғамбары (с.ғ.с) көркем мінезімен ерекшеленгені сияқты жомарттығымен де ерекше еді. Бұл Оның пайғамбарлыққа ғана тән қасиеті

болатын.

Алла Елшісі (с.ғ.с) өзі де өнегелі өмірінде жомарттықтың керемет үлгісін көрсетуімен қатар мәрттікке байланысты: «Жомарт – Аллаға, жәннатқа және халыққа жақын, жәһаннамнан алыс. Сараң – Алладан, жәннаттан және ел-жұрттан алыс, жәһаннамға жақын» деген. Ол осы айтқан сөзінің үлгісі бола білді, әйтпесе пайғамбар бола ма?!

Әрине, ол қаласа, әлемнің ең бай адамына айналар да еді. Негізінде, хазреті Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбарымыз ғаниметтерінің бестен біріне Алланың бұйрығымен ие болатын. Яғни, мүлкінің бестен бірі Алла Елшісінің (с.ғ.с) жеке өзіне берілген-ді. Оны қалағанынша жұмсай алатын. Алайда хазреті Омар (р.а) (585-644) бір күні Пайғамбарымыздың үйіне келген кезде, Оның тым жұпыны хал-жағдайын көріп, жылап жіберді. Хақ Пайғамбар неге жылағанын сұрағанда, ол:

– Пайғамбарым! Әлемнің патшалары қазына мен байлыққа кенеліп шалқып жүргенде, сенің төсенер көрпешен де жоқ. Бар болғаны ши ғана. Ол да тәңіңе батып, іздері қалып қойыпты. Әлем Сен үшін жаратылған емес пе еді?! – деді.

Алла Елшісі (с.ғ.с) сонда: «Омар, мына дүние олардың, ал ақырет біздікі болуын қаламайтын ба едің!?»-деп жауап айтады. Алла Елшісінің (с.ғ.с) тағы бір асыл қасиеттерінің бірі – *сенімді (Әмин) әрі турашылдығы* болатын.

Мақал-мәтелдер адам аңсарын абзалдыққа баурай тартады, жақсы қасиеттерге үйретеді, жамандықтан жирентеді. Жастарға тәлім-тәрбие беріп, оларды өнер-білімге баулиды. Солардың ішінде туған жерді, елді қадірлей білуге тәрбиелейтін мақал-мәтелдердің маңызы ерекше.

Ауыз әдебиеті - халық педагогикасы. Халық педагогикасында еңбек тәрбиесі ерекше орын алады. Жер де еңбекпен –жер, ел де еңбекпен –ел. Жерді көркейтетін, елді күшейтетін–еңбек. «Туысы жаманды түйе үстінен ит қабар, туысы жақсы үйде жатып мал табар» деп жұмыстың сәтті – сәтсіздігін туысымен, ата-тегімен байланыстырған. Алайда ауыз әдебиетінің, соның ішінде мақал-мәтелдердің негізгі авторлары ат төбеліндей қанаушылар емес, қарапайым шаруа, қалың бұқара, еңбекші қауым. «Еңбектің көзін тапқан байлықтың өзін табады», «Егіні бітіктің қырманна қыдыр қонады» дейтін мақалдар соны аңғартады. Алайда еңбек ермек те емес, мереке де емес.

Қазақ – қала салып, қазына жимаған, оның есесіне «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы», - деп ар-намыс сақтаған, елін, еркіндігін жоғары бағалаған халық.

Мақал-мәтел - мазмұны бай, көлемі шағын, тілі көркем халық шығармасы, белгілі бір халықтың қоғам тіршілігінен, табиғат құбылысынан жасалған қысқаша қорытындысы, әлеуметтік және жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейтін заңы, кодексі, жас ұрпақты тәрбиелейтін өсиеті, насихаты, оқулығы.

Мақал –мәтелдердің мазмұны белгілі бір халықтың, ұлттың, қауымның шаруашылық кәсібін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дүниеге көзқарасын, сенім-нанымын көрсетеді.

Қазақ халық мақал-мәтелдерінің басым көпшілігі қазақ шаруасының

негізгі күнелткіші болған малшылық пен егіншілікті, көмекші кәсіптері – аңшылық пен балықшылықты бейнелейді. Онда шаруаның және диханның мінез-құлқы, тұрмыс –салты, ұғым –сенімі тапқыр ой, көркем тілмен жан-жақты сипатталған; шаруашылық жүргізудегі, қарым-қатынас жасаудағы тәжірибелері мен көрген – білгендері қорытылған.

Көптеген мақал – мәтелдерде балалар мен жас өспірімдерді елін, жерін сүйуге, еңбек пен ерлікке баулуға, биік адамгершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеуге және өнер –білімді насихаттауға айрықша көңіл бөлінген. Сонымен бірге кейбір ежелгі мақал-мәтелдерде қанаушы тап өкілдерінің, қожа – молдалардың және қараңғы шаруалардың көне көзқарастары мен ұғымдары да елес береді. Мақал – мәтелдердің осындай мазмұндылығын, көркемдік қасиеттерін аңғарған шешен билер сөздерін күшейту үшін оны шебер пайдаланған. Қазақ арасында көп жыл әскери қызметте болған орыс офицері Е. И. Шевалин былай деп жазған: «Қазақ тілінде тағы да оның мінез –құлқы, жалпы халқы туралы айқын ұғым бергендей мақалдар бар... Әділін айту керек, олардың кейбіреулері өте жақсы... Тәуір деген әрбір би мен төре мақалдап сөйлеуді сүйеді және қатардағы қазақтармен сөйлескенде, тіпті кез-келген сөзінде оны тіпті көп қолданады». Қазақ шешендері ана тілінде таза сөйлеуді де, мақал – мәтелді де оқулықтан, кітаптан үйренбеген, атасы мен әжесінен, халық тәжірибесінен дағды алған.

Есімдері аңызға айналған алғашқы қазақ шешендері, халық даналары Майқы би, Аяз би, Асанқайғы, Жиренше аттарынан айтылатын тарихи әңгімелер мен шешендік сөздердің, қай – қайсысы болса да мақал – мәтелге, нақыл термеге бай. Тіпті, әдебиетіміздің ұлы тұлғалары – Бұхар жырау мен Махамбеттің, Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсариннің өздері аталған халық даналығынан нәр алған, өлеңдері мен әңгімелерінде мақал – мәтелдер мен нақыл, тапқақ сөздерді өзгертіп те, өз қалпында да молынан пайдаланған. «Рас, бұрыңғы біздің ата-бабаларымыздың білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, - дейді Абай өз сөзінде. – Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... ең әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші –қонды болса, дау - жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге жұрт жақсы, жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен... «Қой асы қолыңа ал, қолайыңа жақсы сақа қой», «бас – басыңа би болсаң – Манар тауға симассың, басалқаңыз бір болса жанған отқа күймессің» деп... Екіншісі – намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерге ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен: «аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» деп, «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы пейіл емес, алдау; дұшпандығы кейін емес, ие күндестік, не тыныш отыра алмағандық». Қазақ даласына алғаш білім ұрығын шашқан ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин Абаймен тілдескендей:

*Біз надан боп өсірдік,
Иектегі сақалды.*

*«Өнер – жігіт көркі» деп
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.*

деп, қазақтың бейқам өткен өміріне өкініш білдіріп, келер ұрпаққа үміт артады, біз ескермедік, сендер естеріңнен шығармандар деп, «өнер – жігіт көркі» дейтін халық даналығын өсиет етеді.

Бұл мысалдардан мақал–мәтелдердің әдеби–әлеуметтік мәні, атап айтқанда, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуде ереже, заң қызметін атқарғаны, ақындар мен шешендердің сөздерінде көркемдік дәлелдік қызметтер атқарғаны айқын көрінеді.

Мақал–мәтел тұрмысындағы алуан түрлі уақиғаларды, қарым-қатынастарды қысқа, тұжырымды тілмен түсіндіреді; айтылмыс ойды ажарлайды, әрі айқындайды. Сондықтан да халық оны «Жүздің көркі – сақал, сөздің көркі мақал» деп жоғары бағалаған.

Мақал–мәтел ауыз әдебиетінің ең шағын түрі, әрқайсысы дербес шығарма. Онда тура мағынамен қатар, астарлы мағына болады, негізгі ой астарлап айтылады.

Мақал- мәтелдердің шығу, даму тарихын қоғам өмірінен, әлеуметтік ой-сананың өсуінен бөле қарауға болмайды. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін», «Ісіңнің ағына қарама, маңдайыңның бағына қара» дейтін мақалдар өткен қоғамның санасын елестетсе, «Талантты ерге нұр жауар», «Еңбек етсең емерсің» деген сөздер – бүгінгі заманның жемісі. «Оқу – өмір шырағы, кітап – білім бұлағы», «Отан үшін отқа түс -күймейсің» дейтін мақалдар біздің қоғамның ой-санасын бейнелейді.

Мақал–мәтел – ертегі, салт өлеңдері сияқты «кәрі» жанр. Көне Орхон-Енесей түркі жазбаларында сақталған деректер соны көрсетеді. Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат – ат - түрік» сөздігінен: «Ұлық болсаң кішік бол, халық үшін бәлік бол», «Кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында», «Тай ат болса, ат тынар, ұл ер болса, ата тынар» дейтін, «Құдатғұ білік» дастанынан: «Біліп сөйлесең білікке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр», «Ауыздан бірде от, бірде «су шығар, бірі жанса, бірі сөндірер»дейтін мақалдарды оқимыз. Алайда, қазақ мақалдары мен мәтелдері, негізінде, ауызша айтылып, халық жадында сақталған. Оларды жинау, жариялау ісі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан, ал зерттеу тарихы кеңес дәуірінен басталады.

Қазақтың мақал – мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ш. Ш. Уәлиханов пен И. Н. Березин архивтерінде ХІХ ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал – мәтел сақталған. Москвада 1923 жылы «Мың бір мақал», Ташкентте 1927 жылы «Қазақ мақалдары» (Құрастырушы Әбубәкір Диваев), Алматыда 1935 жылы «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» (Құрастырушы Өтебай Тұрманжанов), 1950 жылы «Қазақтың мақал - мәтелдері» (Құрастырушы Балым Ақмұқанова) атты жинақтар басылып шықты. Содан бері қазақ мақал – мәтелдері толықтырылып, іріктеліп басылып келеді.

Қазақ мақал–мәтелдерін арнайы зерттеу «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Алматы, 1948) атты очерктен басталады. Онда «мақал - мәтел» зерттеуін жазған Б. Шалабаев қазақ мақал – мәтелдерін малшылық, аңшылық және егіншілік туралы деп негізгі үш тақырыпқа бөліп қарайды, олардың тәрбиелік, білім берушілік мәнін, қызметін көрсетеді, мақал мен мәтелдердің жанрлық ерекшеліктеріне тоқталып, әрқайсысына анықтама береді. Алайда, автор мақал – мәтелдің даму тарихына, жиналып, жариялану жайына көңіл бөлмеген, жанрлық ерекшеліктерін, өзге жанрлармен ара қатысын елемеген.

М. Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» дейтін жоғары оқу орындарына арналған оқулығында мақал – мәтелдерді жұмбақтармен бірге дербес тарау етіп қарастырады.

Мақал мен мәтел – егіз жанр. Дегенмен мағынасына, құрылысына, атқаратын қызметіне қарай әр қайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мақал – аяқталған ойды білдіреді, дербес тұрып та мағына береді. Мақалда дәлел мен қорытынды қатар айтылады. Мысалы: «Еңбек етсең емерсің», «Қарманған қарап қалмас».

Мәтел жеке тұрып тиянақты ойды бере алмайды, тек белгілі этнограф, жазушы В.И. Даль: *«Мәтел – халық сөзімен айтқанда, гүл, ал мақал - дән»*, - дейді. Осы пікірді дамытып фольклорист М.А. Рыбникова: *«Мәтел – бұл сөз оралымы, қалыптасқан сөйлем, пікірдің элементі; ал мақал – аяқталған пікір, біткен ой»*, - деп анықтайды.[5.285]

Қорыта айтқанда, мақал – мәтел мен шешендік сөздер – егіз жанр, бірімен–бірі етене жақын мұралар. Мақал–мәтелдер қаншама мазмұнды да көркем болғанымен көлемі тым шағын, мағынасы жалпы келетіндіктен уақиғаны, кесек ойды білдіре алмайды, келте қайырады, белгілі бір затты, кейіпкерді көзге елестете алмайды; әдетте аңыз әңгімелермен, көркем шығармалармен жалғасып, жымдасып өмір сүреді, оларға көркемдік, мазмұндық нәр береді, айтылмас ойды анықтайды, толықтырады. Асыл маржан ару мойнына; алмас қылыш ер қолына жарасатыны сияқты сөз асылы да өз орнында құнды. Теңіз тербеп тереңінде сақтайтын інжу-маржандай ғасырлар бойы халық жадында жасап, жұпталып көптің талғамын өтеген мақал, мәтел, нақыл, тақпақ, шешендік сөздер ақындардың өлең–жырларында, шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады. Ақындар мен шешендер әлде неше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды; керекті, кезекті жерінде жаңартып, жасартып кәдеге жаратады.

1.4. Айтыс - ұлы өнер.

Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша ұлттық ерекшелік, дәстүр бар. Әр халықтың туа бітті болмысына, өмір кешу жағдайына орайлас қалыптасқан осы дәстүрлердің тоғызын уақыт өзі екшеп, озығын ел кәдесіне жаратып жатса, мұның өзі адамзат көшінің жарасымымен ілгері озуына септігін тигізбек. Үшінші мыңжылдықтың аясында өз кемесінің желкенін керіп шыққан қазақ халқының ешкімге ұқсамайтын бітімі мен болмысын ажарлайтын ұлттық қадір-

қасиеті аз емес. Соның бірегейі есте жоқ ерте замандарда туып, қалыптасып, дамып - жетіліп, бүгінгі күннің де қажетіне жарап отырған халық ауыз әдебиеті болса, оның ең бір өміршең жанры – айтыс та ұлттың ескіrmес рәміздерінің қатарында жаңа ғасырдың табалдырығынан аттап отырғаны талас тудырмайды.

Ұлы ұстазымыз М.Әуезов: «Айтыс заманында өзге елдерде де болған. Парсыда «мұшайра» арабтарда «мұғалләкәт» деген. Арабтардың көшпенді бәдәуилері қара сөзбен емес, үнемі өлеңмен сөйлескен, қазақ халқының аса бір ұлы қасиеті сол қынаптан суырып алған қылыштай қолма – қол қиып айтатын айтқыштығында, айтыскерлігінде. Бұл қай халықтың алдында да мақтануға тұрарлық өнер», - деген еді. Осы өнер қазір тек қазақ пен қырғызда ғана қалды. Әсіресе, қазақ ішінде үздіксіз дамып келеді. Айтыстың алғашқы бұлақ көзі тұрмыс-салт жырларындағы «Жар-жар» мен «Бәдік» жырларынан басталған. Кейін қыз бен жігіт айтысына да (қайым өлең) ұласқан. Келелі ақындар айтысы — екі дай жұрттың ортасында бетпе-бет отырып, қолма-қол шығарылып айтылады. Қазақ айтыстары жанрлық сипаты жағынан түре айтыс, сүре айтыс болып екіге бөлінеді. Алғашқысына бір-бір ауыз өлеңмен қайырылатын айтыстар жатса («Жар-жар», «Бәдік»), кейінгісіне келелі, кесек ақындар айтысы енеді («Ақсұлу мен Кеншімбай», «Әсет пен Ырысжан», «Сүйінбай мен Қатаған», «Жамбыл мен Құлмамбет», «Молда Мұса мен Манат қыз», «Кемпірбай мен Шөже», «Орынбай мен Тоғжан», «Біржан мен Сара» тағы басқа). Айтыс мазмұндық сипатына қарай, әдет-ғұрып айтысы және ақындар айтысына жүйеленеді. Соңғысы тақырып аясына қарай жұмбақ айтыс, мадақ айтыс, тағы басқа болып жіктеледі.

Қазақ қоғамында ақынның ақын болып танылуы да тек айтыс арқылы жүзеге асқан. Көбіне-көп айтыста жеңілген ақын өткен айтысты ел арасына таратуға міндетті саналған. Сөйтіп, бір-біріне логикалық ой-жүйемен терең жымдасқан екі ақынның өлеңдері біртұтас дүниеге, қисса, дастан секілді желілі шығармаға айналған. Айтыс ақындарының ұғымында өлең белгілі бір кісіге қонатын өнер саналған. Кемпірбай, Базар, Бұдабай, Бақтыбай, Сүйінбай, Жамбыл тәрізді ақындар өлеңнің «киесі бар, иесі бар» деп білген. Мысалы, Бұдабай, Бақтыбай, Жанақ ақындар түсінде бір ақсақалды әулиенің «өлең аласың ба, көген аласың ба?» деген таңдатуынан соң, өздерінің өлеңді қалағандарын айтады. Бұл табиғатынан осы өнер түріне бейім жаратылған ақындардың ой-қиялының жемісі болуы да ғажап емес.

Дала демократиясының жүзі қайтпайтын қаруына айналған ақындар айтысы ақиқаттың аузын буған не бір қатаң заманның өзінде хан мен төренің, би мен бектің бетіне қасқайып тұрып тіке айтқаннан айныған емес. Осылай тәрбиеленген халық «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп, оны ұлттық моральдық кодексінің темір қазығына айналдырған. Ақындардың шымырлатып, шыңғыртып шындықты айтқан шумақтары қашанда халықтың рухын асқақтатты.

Сонау Қазтуған, Шалкиіз заманынан бері қарай ақиқатты айнымай айта алатын ақындық дәстүр желісі үзілмей жалғасып келіп, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет, Әсет, Біржан, Шөже, Кемпірбай, Нұрила, Ұлбике, Орынбай, Исаларға ұласса, бұл сол ғасырлар бойы өр рухын түсірмеген дәстүр

сабақтастығының жемісі.

Айтыс қай дәуірде де халық өмірінің айнасындай дидагынан, демократиялық табиғатынан таймаған өнер. Қоғамдық - әлеуметтік салада айтыскерлердің назарына тыс қалатын қалтарыс та, бұлтарыс та болмады. Баяғыдан келе жатқан айтыстың жазылмаған, бірақ, жұрт мойындаған кодексі осы. Айтысқа саясат, билік араласса, онда ол өзінің қасиетін, қоғамдағы орнын жояды, қадір-қасиетінен айырылады.

Осы заманғы ақындар айтысы мазмұн, түр жағынан да өзгерді. Тәуелсіз алған жылдардан бастап айтыстың ежелгі дәстүріне құрмет көрсетіліп, айтыскерлердің еркін ой толғап, кең көсіле құлаштауына жол ашылды. Тілінің тұсауы кесілді. соның нәтижесінде айтыс өнері тұла бойындағы қасиетін сақтай отырып халқымызбен қайтадан, жаңаша қауышты. ақындардың ойы да, сөзі де шешілді. еркін ойлайтын, батыл айтатын, бетінен ешкім қақпаған кең тынысты жас буын ақындар келді.

Қазіргі айтыстарда қайталау көп, әсіресе сөзге әуестену басым. Бір айтқанын ұмыттырып жіберіп, басқа айтыста түгел қайталау дағдыға айналып барады. Ауыздан шыққан сөздің елге тарайтынын және де оны жұрттың көбінің есте ұстайтынын жадында ақындар ұмытпағаны жөн.

Ақындарға тән олқылықтың бірі—ырғақтағы кедейлік. Осы кезде ақындардың үнемі айтып жүрген ырғағын бірнеше топқа бөлуге болады. Серік Құсанбаевтың ырғағы, Мұхамеджанның ырғағы, Мелстің ырғағы, Аманжолдың ырғағы, Ақмаралдың ырғағы, Оразәлінің ырғағы. Бұлар да ақындардың өздері жасап алған ырғақ емес, көбіне халықтық ырғақтар. Айтыскерде өзіндік бет болу, айтыста сол өзіндік бетімен көріну баяғыда дәстүрге айналған. Қазіргі ақындардың өзіндік «мені» әлсіз. Көбі қарсыласын мақтаудан бастайды. Айтыскер қарсыласын мақтаған кезде оны өз мақсатына жету үшін ғана мақтау керек. Мақсатсыз мақтай беру – өзін-өзі кемсітудің, орынсыз қорланудың бір түрі. Өзіне сенбеген, қарсыласын өзінен жоғары қойған ақыннан жеңіс күтуге болмайды.

Әуезовтің айтыс жанры туралы сүбелі еңбегінің бірі - 1946 жылы Жамбылдың 100 жылдық мерейтойында жасаған «Жамбылдың айтыстағы өнері» дейтін баяндамасы [65. 55] Бұл еңбегінде автор ақындар айтысының үш халықта - қазақ, қырғыз, қарақалпақтарда бар екенін айтады. Ақындар айтысына ұқсас жанрдың көшпелі араб тайпаларында бар екеніне (мұғалақат) тоқталып, қазір ірі жанр ретінде жоқ болғанмен, ертерек уақыттарда Еуропа халықтарында да айтысқа ұқсас жанрлар болғанын атап көрсетеді. Айтыскер ақынға тән қасиеттер ретінде алғыр импровизаторлық қасиет, дүниетанымның кеңдігі, тапқырлық, батылдық тағы басқа қасиеттерді санамалап айтқан. Жамбыл айтыскерлігін мысалға ала отырып, айтыстағы демократиялық үрдістің дамуын және жыршылық дәстүрдің айтыс ішіне кіру ерекшеліктерін талдаған.

Ақындарға тән тағы бір кемшілік – қоғамның жақсылығын көрмей, ылғи ғайбаттау. Қоғамның мінін айтқан теріс емес, бірақ, тауып айту керек. Содан қорытынды шығатындай етіп айту керек. Тәуелсіздіктің елге берген құндылығы аз емес, біздің ақындарда осы жағын айту жетіспейді. Өз жетістігімізді өзіміз айтпағанда оны кім айтады. Ақындарсыз да аяқтан шалатын күншілдер қоғамда

жетеді. Ақындардың парызы – аталы сөз айту. Артына өнегелі сөз қалдыру. Дайын іске мінші көп дегендей, кемшілік айтуға, қоғамды сынауға бәрі де шебер. Ұрпаққа, келешекке қалар аталы сөзді кім айтады. Жоқты –барды сахнада езіп отырып алу қаншалықты қажет? Қоғамға қазір өрелі ой, көшелі сөз керек болып тұр. Айтыста өлең айту өз алдына, айтқан сөзін халыққа жеткізе білу ақыннан үлкен шеберлікті талап етеді. Біреулер осал сөзінің өзін жеткізіп айтып, жұрт ықыласын аударып жатса, біреулер тәп – тәуір сөзін жеткізе алмай жатады.

Айтыскерлердің ішінде ерекше бағалайтын жігіттеріміздің бірі – Бекарыс Шойбеков. Ол маған ұтымды, нақты айтатындығымен, дәмді сөзімен ұнайды.

Әсиямен айтысында жеңешесінің жасы келіп қалғандығын «Базардан келе жатып жолықтың –ау, Базарға бара жатқан баламенен» - деп қалай әдемі айтқан. Мұхамеджан Тазабековпен бір айтысында Алматы қаласының тозып бара жатқанын:

*Алдамшы қорлар менен қулар да көп,
Қалың елге баратқан азабы өтіп.
Бұл жақта сендер бар деп сенуші едік,
Көрінгенге қоймас деп мазақ етіп.
Япыр –ау, ару қала Алматымды,*

Не күйге түсіргенсің, Тазабеков, -деп жеткізіп айтады.бұл айтылған олқылықтардың бәріне Тазабеков айыпты емес, алайда, Алматы қаласының атынан айтысып отырған соң кінәні Мұхамеджанға таңып отыр. Жалпы Бекарыстың айтыстарында мұндай опырып айтатын тұстар жетерлік. Айтысқа ең қерегі не дегенде, осындай ұтымдылықты айту керек.

Айтыс қашанда халық өмірінің айнасы дегенде айтыста көтерілетін әлеуметтік тақырыптарға байланысты ғана айтуға болмайды. Айтыста тіл тазалығы да ерекше көңіл бөлуге тұратын фактор.бұл жағынан келгенде Оразәлі Досбосыновтың көбінен шоқтығы биік. Әсіресе, ауыл өміріне қатысты келісімді сөз тіркестерін, ұмыт болып бара жатқан ескі сөздерді тірілтіп ұтымды пайдаланып, халықтық образды сөйлеу үрдісін айтыста тапқырлықпен жетілдіруі көп жерде ақынның мерейін үстем етіп жүргені жұртқа аян.

Халықтың рухани өміріндегі ауытқулар мен серпілістер де айтыскерлердің назарынан қалмайтын негізгі тақырыптардың бірі. Мұхамеджан Тазабеков Бекарыс Шойбековпен айтысында: «Мәсінің қонышындай тар заманда, Кебежедей көңілін кең сақтаған» - депті. Бұл жерде Мұхамеджан Өтпелі дәуірдің қиыншылығын көріп, экономикалық қыспақта отырса да, халықтың рухани байлықтан айырылмаған дегдар тектілігін айнытпай әрі өте әсерлі жеткізген [6. 3].

Айтыс – еріккеннің ермегі емес, биік өнер. Ол – сөз бен ойдың, тапқырлықтың шыңы. Сондықтан да айтыскерлерге терең білім, үлкен даярлық керек. Айтысқа әр ақын өзінше дайындалады. Бұл баяғыдан солай болатын. Тарихты зерделейді, қоғамдық ой қалыптастырады. Ата сөзін жинайды. Шежіре ақтарады. Азаттық таңы астындағы ақындар осы үрдісті онан ары дамытып, халықтық мәселелерді көтеруді айтыстың ажырамас бөлігіне айналдырды. Түре айтыс па, сүре айтыс па, бәрінде де әлеуметтік мәселелер кең қамтылады. Бұл

үрдістің орнығып қалыптасуында атақты ақын Мұхамеджан Тазабековтың орны ерекше. М. Тазабеков – айтысқа күшті даярлықпен келетін ақын. Әр кезекте өзі туралы, қарсыласы туралы және тыңдарман жұрт туралы қатарынан ой қозғап отыру Мұхамеджанның айтыстағы өзіндік стилі болып қалыптасты. Осы заманғы айтыстың көшбасшысы болған ақынның тағы бір ерекшелігі айтар сөзге де, ойға да бірдей мән беріп, қапысыз даярлық жасауынан көрінеді. *«Серкесіз өрген қойдай бытырайды, Ақылсыз айтылған сөз айтыстағы»*, - дегені ақынның айтыстағы ұстанымын танытады. Әр ақында осындай талап, осындай ұстаным болса, айтыс өнерінің еңсесі түсе қоймасы анық.

Айтыс – қазақ халқының ежелден тұтынып келе жатқан төл өнері; хан деп, қара деп бөліп жатпай, мінін бетіне басып, шыбын жанын шырқыратып шындықты айтатын дегдар өнер. Сондықтан да оған алақанына салып әлпештеп ұстайтын, шындыққа тура қарай алатын дегдарлық керек. Шүкір, бұл дегдарлық біздің халқымызда бар. Халқымыздың бүгінге дейін айтысты асқақтатып, әлпештеп отырғаны ұлттық демократиямыздың жоғары деңгейін көрсетеді. Қытай жазбаларында Таң патшалығы дәуірінде түркілердің «қыса» (қаса –қазақ) тайпасы домбырамен айтысады деп жазылғанын ескерсек, айтыс өнерінің тарихы біздің халықтық тарихымызбен тамыры бірге, тереңде жатқанын көреміз.

Қорытындылай келе, тәуелсіздік таңы аясында өткізіліп келе жатқан ақындар айтысын теледидардан көріп, тамашалау халықтың рухани қажетін қанағаттандырғанмен, айтысты зерттеуге ынтасы ауған жастардың қажеті өтелмей келеді. Оның үстіне айтыс бүгінгі тыңдарманның дүниесі ғана емес, ертең келер ұрпаққа керек мұра. Теледидардағы айтыс мәтіндері жазылған кассеталар тозып, ондағы айтыстар жойылып барады. Бабалардан қалған аталы өнерді кейінгі ұрпаққа табыстау – бүгінгілердің міндеті.

2.1 Әлпештеу фольклоры

Қазақ отбасының бағзы замандардан бергі даму тарихы тұтастай алғанда, жалпы адамзат қоғамының даму сатыларымен ортақтаса, сабақтаса байланысып жатқанмен, қазақ деген халықтың қалыптасып, өркендеуіндегі түрлі тарихи жағдайларға сәйкес өзінше ерек болмыс танытады. Сондықтан да қазақ отбасы жөнінде жинақталған этнографиялық, фольклорлық материалдар мен зерттеулер қомақты көлем құрайды. Сол мол мұраның алтын арқауы – фольклорлық шығармалар – халық зердесін заман ағымы, ғылымның жаңа талаптары тұрғысынан қайыра саралауға апаратын баспалдақ және осы зерттеудің табан тірер тұғыры да болмақ.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі нұсқаларынан бастау алатын қазақ отбасы фольклорының тарихы – тамыры тым тереңнен тартады.

Олардың ішінде отбасылық әдет – ғұрыптар, салт – дәстүрлер жөніндегі этнографиялық деректер өз алдына бір төбе. Өйткені көне деректердің тереңіне бойлаған сайын этнографиялық деректер мен фольклорлық үлгілердің арасына шек қоюдың өзі қиындап, бір-бірінен ажырамастай тұтас құбылысқа айнала береді. Бұл, әсіресе, отбасы фольклоры тәрізді кіндік бауы халықтың тұрмыс – салтына берік байланған жанрлық түрлерге тән өзекті ерекшелік. Яғни, ғұрып фольклорының жанрлық түрлерінің қай – қайсысы болмасын халықтың тұрмыс – салтымен біте қайнасқан құрыштай құрылым. Фольклорлық шығармалар тұрмыстық ғұрыпты қолдап, демеп отыратын қосалқы дүние ғана емес, ол сол тұрмыстық ғұрыптың қалыптасу кезеңдерінде бірге өріліп, оның ішкі ділін сөз өрнегіне сіңірген бірінсіз бірін толық тануға болмайтын тұтас әлем. Сондықтан да, фольклорлық шығармаларды тек сөз өнері ретінде ғана емес, этнография ғылымының шегінде қарастыру әлемдік тәжірибеде орныққан үрдіс.

Егер отбасы фольклоры ұғымын кең мағынасында алсақ, оған отбасында атқарылатын ғұрыптарға байланысты сөзбен өрнектелген поэзиялық, прозалық (арбау, ұшықтау, аластау, байлау, бата, алғыс, қарғыс, т.б.), драмалық (ойын – сауықтық) шығармалардың барлығын енгізуге болады.

Біз бұл жерде адамның тууы, үй болуы мен дүниеден өтуі кезінде атқарылатын ғұрыптарға қатысты орындалатын өлең – жырларды ғана тексеруді мұрат тұтып отырмыз. Оны жалпы фольклортану ғылымында «отбасылық ғұрып фольклоры» деп атау қалыптасқан.

Отбасылық ғұрып фольклорында елдің әдет – ғұрып, салт-дәстүріне қатысты тұрмыстық мән мен көңіл тербетерлік лирикалық астар домбыраның қос ішегіндей қатар тартылып отырады. Жалпы, лирика жанрының асыл тегінің ғұрыптық шығармалардан бастау алатынын ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген. Оның үстіне қазақ отбасы фольклорының XIX ғасырдан беріде хатқа түскен көптеген үлгілері ғұрыптық тегінен алыстап, көркемдік (лирикалық) сипаты басым бола бастаған шығармалар. Мәселен, бесік жыры өзінің ғұрыптық тегін жоғалтып, ананың ішкі сезімін жырлайтын, өз алдына ғұрыпсыз да орындалатын лирикалық шығармаға айналған. Ал жар-жар, сыңсу, жоқтау сияқты танымал жанрлық түрлер ғұрыпқа қатысты орындалғанмен, оларда да

адамның ішкі сырын шерту сияқты лирикалық сипат басым. Қазақ фольклортану ғылымында мұны алғаш аңдап, таныған М. Әуезов оларды «сыршылдық салт өлеңдері» - деп атаған. Мұндағы «сыршылдық» сөзінің астарында «лирика» термині жатыр. Яғни, отбасылық ғұрыпқа байланысты айтылатын өлең - жырлардың поэтикалық құрылымы күрделі. Ол бір жағынан отбасында атқарылатын әртүрлі дүниетанымға сай практикалық міндет атқаратын бір қырымен ғұрыптық рәсімдермен бірге дәстүрлі наным – сенімге байланысты туған жанрларға жақындаса, екінші жағынан адамның күнделікті тұрмыс – күйін өрнектеп, ішкі сезім сырларын шертетіндіктен лирикалық шығармаларға жанасады. Бұл жағынан оны «ғұрыптық лирика» деп айдарлап, халық лирикасының санатына қосуға да болады.

Дегенмен, фольклортану ғылымында ертеден қолданылып келген «халық лирикасы» терминінің ауқымы кеңдеу, өйткені оған ғұрыпқа қатысты шығармалармен қоса, әдетте, ән – өлеңдер, тарихи өлеңдер, ғашықтық жырлар сияқты көркем (ғұрыптық емес) жанрлық түрлер тоғыстырыла қарастырылады. Көптеген зерттеулерде халықтық лирика ретінде, негізінен, ғашықтық әндер ұғынылып келді.

Потебня А. А. былай дейді: «Жалпы табиғатқа, оның мызғымас құбылыстарына етене жақын, өзінің тұйықталған аясында өте баяу өзгертін үй шаруашылығы еніп жататын жаңалықтар мен құбылыстарға қатысты қарағанда әйел тұлғасы ерлерден гөрі өзгергіш, құбылмалы мәнге ие. Ал әйел – отбасында бағзы заманнан қалыптасқан, қазір түсініксіз болып бара жатқан көне наным – сенімдер мен әдет-ғұрыптардың басты сақтаушысы». Сондықтан да отбасындағы әдет – ғұрып, салт – сананың барлығы әйелсіз атқарылмайды. Және ол – жай ғана қатысушы емес, оны ұйымдастырып, атқаратын басты тұлға. Фольклорлық шығармаларды дәстүр дәстүрге лайықтап шығарушылар мен орындаушылар да, негізінен, солар. Сондықтан да отбасылық ғұрып фольклорының ішкі рухында қазақ әйелінің еркін де, нәзік жан дүниесі көрініс береді. Бесік тербетіп отырған әйел балаға деген мейірім шуағын ғана төгіп қоймайды, өз басының мұңын, тіпті, әлеуметтік теңсіздікті де өлеңге қосып айта береді. Отбасылық ғұрып фольклоры – осындай ішкі иірімдері мол, ғұрыптық та, лирикалық та астары қосқабат, көп қыртысты жанр.

Яғни, бұл зерттеуде адамның туу – ер жету - өлу цикліне енетін ғұрыптарға байланысты туып қалыптасқан, бірақ соңғы кезде ғұрыптық сипатынан гөрі көркемдік әрі басым бола бастаған, адамның пәни мен бақи дүниеге деген ішкі сезім күйін жырлайтын өзіндік қалыптасқан көркемдік жүйесі бар поэзиялық шығармалар сараланады.

Фольклортану ғылымының соңғы кезеңдегі даму үрдісіне назар салсақ, оның зерттеу аясының анағұрлым кеңейгендігін көреміз. Ол – заңды құбылыс. Өйткені ежелгі қоғамда адамзаттың барша рухани әлемін құшағына сыйғызып, күрделі құрылымда, қолданбалы, синкретті сипатта өмір сүрген фольклор дами келе барынша бұтарланып, жанрлық түрлерге бөлшектенгенмен де, өзінің бүкіл ішкі рухымен халықтың ежелгі дүниетанымымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен, байырғы мәдениетімен тамырлас, бір діңнің саласындай мәуелі рухани мұра. Сондықтан да оны сөз өнері арқылы жасалған табиғатына қарап, әдебиеттану

ғылымына қарай телігенмен, зерттеу барысында этнография, археология, музыкатану, пәлсапа, этнопедагогика, этнолингвистика сияқты тонның ішкі бауындай етене жақын ғылымдардың тоғысқан шегінде қарастыру-әлемдік ғылым өнегесі.

Қазақтың отбасы фольклорын жалпы қазақ фольклорының тұтас жанрлық саласы ретінде қарастыра отырып, оның жанрлық табиғатын, ішкі жанрлық түрлерін саралау, олардың өмір сүру заңдылықтарына барлау жасау; ғұрыптық фольклордың поэтикалық құрылымын, этнографиялық байланыстар типологиясын зерттеу, көркемдік құралдары мен тәсілдеріне көңіл бөлу; отбасылық ғұрып фольклорының жалпы қазақ фольклорынан алатын орынын анықтау осы зерттеудің басты мақсаты болды.

Отбасылық ғұрып фольклоры үлгілерінің өте көне жанр екендігін Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит - түрік» еңбегінде [41.115] кездесетін өлең үлгілерінің сипатынан да аңғаруға болады. Түркі тілінің энциклопедиялық сөздігінен отбасы лирикасының бүгінгі ұғымдағы үлгілерін таппағанымызбен де, табиғаты жағынан үйлену ғұрып жырлары мен жоқтау сарынына жақын келетін шығармаларды көптеп кезіктіруге болады. Мәселен:

*Туңур қаздың болұшты,
Қырқын тақы қолұшты.
Емді тышым қамашты
Алты тұрұмтайымны.*

*Қарсы құда болысты,
Күңін дағы қаласты;
Енді тісім қамалды,
Алды Тұрымтайымды.*

*Күглер қымұз түзүлді
Ыврық ідзіш тізілді.
Сенсіз өзүм өзелді
Келгіл амұл ойным*

*Күйлер түгел түзілді,
Көзе, ыдыстар тізілді.
Өзегім сенсіз үзілді,
Кел, жан жай тауып ойналық.-*

деген сияқты бәйіттерден мазмұн жағынан үйлену салт жырларына жақын, жастық дәурен, ғашықтық өлеңдердің үлгілерін танимыз. Өлең мәтіндерінен сол заманның өзінде құда болып, қалың берісіп, қыз ұзату салтының орныққан ғұрып екендігін білеміз.

*Алып Ер тоңа өлді мұ,
Есіз ажұн қалды мұ,
Өзлек өшін алды мұ,
Емді жүрек иыртылұр*

*Алып Ер тоңа өлді ме?
Жаман дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар!*

*Ерді ашын татұрған
Иавлақ нағыз қатарған.
Боинын тұтып қадзыран
Басты өлүм ағтару*

*Ер еді асын татырған,
Зұлым жауды қашырған.
Мойнын тұтып қайырған,
Өлім басты аударып...*

*Өдзлек ырыз кевреді,
Иұныш иавұт таврады.
Ерделі неме саврады
Ажұн бегі шертілұр*

*Заман әбден тозды,
Осал жауыз қозғалды.
Өнер біткен сиреді,
Дүние бегі (Афрасиаб) жоғалып*

– тәрізді өлеңдер ежелгі жоқтау жырларынан іріктеліп алынған үзінділер тәрізді

әсер қалдырады. Әсіресе, түркі халқының Ер тоңа ердің (Афрасиаб) жоқтауын ұзақ жылдар жадына сақтағанын көреміз. Көне жоқтаудың сарыны қазақ жоқтауларының мазмұнымен етене қабысып жатыр. Ежелгі түркі жырларының болмыс – бітімін танытатын мұндай нышандарды «Құдатғу білік», «Кодекс куманикус», «Оғыз нама», «Қорқыт ата», т.б. ескерткіштерден де табуға болады.

Қазақ өз алдына іргелі ел болып, шаңырақ көтерген, қазақ тілінің ұлттық тіл ретінде кемеліне келген кезеңіндегі жыр үлгілерінің хатқа түсе бастауы ХҮІІІ ғасырдан басталады. Бұл қазақ хандығының іргелес жатқан орыс елімен тығыз қарым – қатынасқа түсіп, Ресейдің отарлау саясатының белсенді жүзеге аса бастаған кезі.

Қорыта айтқанда, отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасы – жалпы фольклор поэтикасымен астасып жатқан аса күрделі әлем. Оның ерекшелігі, ең алдымен, халықтың тұрмыс – тіршілігімен байланысып жатқан ғұрыптық сипатымен айқындалады. Яғни, ғұрыптық фольклор поэтикасы оның атқаратын практикалық қызметтеріне, этнографиялық байланыстар типологиясына тәуелді. Яғни, отбасылық ғұрып фольклорының поэтикалық жүйесінің – ондағы формулалардың, клишелердің, троптардың, қайталаулардың пайда болуында, қалыптасуы мен дамуында мифтік санадан бастау алатын ғұрыптық дүниетанымның орны ерекше. Оған біз отбасылық ғұрып фольклорының этнографиялық байланыстар типологиясын қарастыра отырып көз жеткізгендей болдық. Ықылым замандардан бері көркемдік ойдың өзі әлденеше кезеңдерден өтіп, көркем лирикаға айнала бастаған отбасылық ғұрып фольклорының табиғатынан ежелгі синкретизм қалыптастырған бағзы ғұрыптық дүниетаным сілемдерін әлі де байқауға болады. Отбасылық ғұрып фольклорының туу – ер жету – өлу сияқты үш саласында бірдей қайталанатын типтік жағдайлар мен «ортақ тұстардың» сырының да сол көне рәсімдерде, Арнольд ван Геннеп айтқандай, «өтпелі ғұрыптарда» жатқандығын этнографиялық параллельдер айқындай түседі. Фольклорлық мәтіндер мен этнографиялық ортақ тұстарды салыстыра отырып, отбасылық ғұрып жырларындағы бірқатар мотивтер мен формулалардың, құбылтулар мен айшықтаулардың, қайталаулардың, көркемдік тәсілдердің ғұрыптық рәсімдерден бастау алатындығын аңдатуға болады. Қазақ отбасылық ғұрып фольклорының жиналу, жариялану, зерттелу ісі тереңнен тамыр алатын, өзіндік тарихы, бел белесі бар фольклортану ғылымы ғана емес, этнография, музыкатану, өнертану, ғылымдары да әр қырынан зерделеп келе жатқанын көреміз. Оның өрісі де тек Қазақстанда ғана емес, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан сияқты елдерде тұратын іргелі диаспоралар аясына да кең қанат жайған, құлашы кең сала.

Нәрестенің шыр етіп дүниеге келгеннен бастап халық жыры мен әнін құлағына сіңіріп өсетіні анық. Ата –ананың сәбиді жүрегі елжірей сүюі, әлпештеп, аялап, бағып –қағуы барлығы да жыр тілімен өрнектеліп, музыка әуенімен сүйемелденіп отырады. Халықтың тұрмыстық тәжірибесінде сәбидің әрбір өмірлік қадамы назардан тыс қалмай дәстүрлі түрде әркілы ырымдармен аталып, өнер тілімен өрнектеліп келеді. Яғни, ата – ана баланың ауру – сырқаудан аман, денсаулығының мықты болып өсуін ғана ойластырмайды, бөбектің рухани жан дүниесінің де үйлесімді дамуын, өз қоғамына лайық

тәрбиелі азамат болып ер жетуін де алғашқы сәттен басты назарда ұстайды. Міне, халықтың дәстүрлі мәдениетінде осы мақсатта туып, күнделікті отбасы тұрмысында кең қанат жайған халық поэзиясының үлгілерін фольклортануда жеке топтастыру қалыптасқан.

Қазақтар мен Орталық Азия халықтары ағаштан жасалған тербетілетін бесік – кең таралған, ал түркмендер оны балаға зиянды, желкесі тұтасып кетеді, әрі көзі қыли болады деп қолданбаған. Әдетте ағаш бесік өзбектеніп кеткен түркмендердің үйінде ғана болады. Аймақ халықтарының бесікке салу мерзімдерінде азғана айырмашылық болғанымен негізінен ортақ. Жерде тербелетін ағаш бесік негізінен алғанда қыпшақтық мәдени дәстүр де, ал аспалы бесік оғыздық мәдени салттың негізінде қалыптасқан болса керек.

Баланың алғаш бесікке бөленуі, қыркынан шығуы, тіс жаруы, құйрық басып отыруы, тұңғыш киім киюі, тілінің шыға бастауы қаз тұрып, тәй – тәй басуы т.б. сәттері ата - ана ілтипатынан тыс қалмайтыны анық. Олардың барлығы да түрлі ғұрыптық салттармен, ырым, жоралғылармен атап өтіліп, тілектер айтылады.

Мұндай тілектер негізінен көбіне –көп экспромтты түрде, әркімнің қабілетіне қарай суырып салып айтылатындықтан барлығы бірдей өлең дәрежесіне жете бермейді, көбі қарасөз күйінде болып келеді.

Әрине, кез келген жіктеу, саралау – ең алдымен шығарманың ішкі табиғатынан шығатыны белгілі. Бұл орайда, белгілі фольклортанушы С. Қасқабасовтың: «Әр халық фольклорының ерекшелігі сол халықтың тұрмысына, қоғамдық құрылысы мен мәдени дамуына байланысты», - деген сөзін жадыда ұстаған парыз [11.21б.]. Дегенмен, әлем халықтарының тұрмыс – тіршілігінде жалпы адамзатқа тән ортақтастықтар қаншалықты мол болса, олардың рухани мұрасындағы өзектес желілер де соншалықты мол.

Нәрестенің дені сау, ауру – сырқаудан аман, шыныққан, ел армандаған мықты азамат болып өсуі үшін туған сағаттан бастап – ақ қам жейтін ата –ана халық тәжірибесінде әбден қалыптасқан дәстүрлі әрекеттерді бұлжытпай орындайды: суға шомылдырады, майлап, сылайды, денесін жазып, түрлі жаттығулар жасатады, кеудесіне отырғызып, мойнына, тізесіне мінгізіп ойнатып жүріп буынын бекітеді. Бұл әрекеттер – қай халықтың болмасын өмірлік тәжірибесінде әбден сыннан өтіп, жылдар бойы мысқалдап жинақталған халық педагогикасының жемісі. Бала тәрбиесіндегі осы әрекеттердің барлығының да әнмен, жырмен, сөзбен сүйемелдене отырып жасалатынын байқау қиын емес. Ата – ана баланың дене құрылысын дамытуға арналған жаттығу әрекеттерін жасай отырып, өлең ұйқасы, ән сазы арқылы олардың көңілін де аулайды және оның ішкі сезімін, тілегін де сыртқа шығарады. Фольклортану ғылымында мұндай өлеңдерді мәпелеу жырлары (пестушки) деп топтастыру қалыптасқан.

«Пестушки, - деп жазады орыс фольклоршысы В.П. Аникин, - получили свое название от слова пестовать – нянчить, растить, ходить за кем – либо, воспитывать, носить на руках. Это короткие стихотворные приговоры, которыми сопровождают движения ребенка в первые месяцы жизни». Қазақ ұғымындағы «мәпелеу» сөзі де осы түсінікке жақын. Сондықтан да, бұған дейін

жеке жанрлық түр ретінде сараланбаған бұл өлеңдерді біз «мәпелеу жырлары» деп атадық.

Ол сәби денесінің құрыс –тырысын жазып, сергітіп қана қоймайды, жанын да жадыратады. Ана бала құлағына жағымды сөзбен жаттығу әрекеттерін сүйемелдей өлеңдетеді. Бұл өлеңдердің ырғағы жаттығу әрекетіне лайық болса, мазмұны:

*Өс, өс, балам, өсе бер,
Батыр бол балуан білекті.
Батыл бол таймас жүректі!
Аяғыңды созайық
Саусағыңды жазайық
Етті болсын балтырың,
Етті боп өс, жарқыным!*

Өс, өс, өс, - деген сияқты балаға жақсы тілектер тілеу сипатында болып келеді.

Жылап отырған балаға кімнің болмасын мейірімі түсіп, асты – үстіне түскісі келетіні – табиғи нәрсе. Тілі әлі толық шығып, есі кіре қоймаған сәбиге ата –анасы:

*Жас алыпсың көзіңе,
Не болды екен өзіңе?!
Саған тиген кісінің
Қолы сынсын таң ата,*

Көзі шықсын күн ата, - деп өзінің ішкі эмоциясын, жәбірлеген адамға деген ренішімен қоса қабат әзіл өлеңмен білдіреді. Сәби сәл қара тұяқ болып, аяғы, тілі шығып, өз бетімен ойынға айнала бастаған уақытта баланың белгілі бір дене мүшесін пайдалана отырып, алдарқататын ермек – ойын өлеңдер басым бола бастайды.

Бесік жырларын көпке дейін фольклоршылар тұрмыс–салт жырларының арнасында қарастырып келеді. Оның өзіндік себебі де бар–ды. Өйткені балалар фольклоры деген ұғымның өзі фольклортану ғылымында Г.С. Виноградовтың еңбектерінің нәтижесінде ғана бертінде, тек 30-жылдар ішінде қалыптасты. Және оған тек балалар репертуарындағы шығармалар жатқызылып келді.

Бесік жырына айрықша мән беріп, оны алғаш зерттеу объектісіне айналдырған зерттеушілердің бірі – С.Сейфуллин. Оның 1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» атты еңбегінде бесік жырына арнайы орын беріліп, жанрлық ерекшеліктері, эстетикалық мұраты мен тәрбиелік қызметі, кейбір көркемдік қырлары сөз болады [40.5].

Мәселен, бесіктің арқалығын қару, оған үкі, қасқырдың азуы сияқты заттарды іліп қою, баланың басына пышақ, қанжар, т.б. заттар жастап қою Орта Азия халықтарының көпшілігіне ортақ. Ал, бос бесікті тербетпеу салты бар халықта бар. Қазақта баланы бөлерде бесікті отпен аластап:

*Алас, алас, пәледен қалас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Қырық қабырғасынан алас,*

Отыз омыртқасынан алас! – дегендей ырым өлеңдер айтылады. Мұндай анимистік ұғым әр халықта сақталған.

Бесік жырының мазмұндық құрамын іштей жіктеу жөнінде де ғалымдар түрлі толғамдар айтады.

О.И. Капица орыс халық бесік жырларын мазмұнына қарай «балалар әлемін бейнелейтін», «аналар сырын шертетін жырлар» деп екіге бөлсе [43.11 б.], Н.М. Элиаш оны 1) Бесіктегі бала күтіміне байланысты (колыбельная оберега) 2) тарихи 3) тұрмыстық 4) кеңестік кезеңдегі бесік жырлары деп төртке бөледі. Кеңес дәуіріндегі бесік жырлары дегенге қосылмағаны болмаса, М.Н. Мельников жіктеуі осыған ұқсас. Өзбек бесік жырларын зерттеуші А. Сафаров та осыны қолдайды.

А.Н. Мартынова бесік жырын «Дәстүрлі және дәстүрлі емес» деп екі жікке бөледі. Татар зерттеушісі Р.Ф. Ягафаров та осыны қолдай отырып, оған «қазіргі тақырыпқа арналған бесік жырлары» дегенді қосады [55.8 б.]. Біздіңше, қазақ бесік жырларының табиғатына А. Мартынованың жіктеуі жақын келетіндей. Өйткені жоғарыдағы зерттеушілердің жіктеулері шындығында осы топқа сіңісіп кетеді. Дәстүрлі бесік жырларынан біз негізінен «бесіктегі бала күтіміне байланысты» тілектерді танысақ, «дәстүрлі емес» жырлардан аналардың ішкі мұңын, халық тұрмысының, айтулы тарихи оқиғалардың ізін көбірек аңғарамыз. Бірақ бесік жырлары негізінен шағын лирикалық толғаныс болғандықтан тұрмыстық немесе тарихи тақырыптарды кең қамти алмайды. Сондықтан оларды арнайы топтаудың қажеті шамалы. Сол сияқты Р.Ф. Ягафаров көрсеткендей «қазіргі кезең тақырыбына арналған» деп бір топқа жіктеу, біздіңше өте шартты. Шындығында, бұл «дәстүрлі емес» жырлардың қатарына жатады [55.11 б.].

Мартынова «дәстүрлі емес» бесік жырларының қатарына жазба әдебиетінен алынған немесе ауыз әдебиетінің басқа жанрларынан ауысқан жырларды жатқызады. Ал дәстүрлі емес қазақ бесік жырларында жазба әдебиетінен ауысқаны жоққа тән. Ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен үндес келетіндері болғанымен де, оларды жолма – жол қайталамайды, олар негізінен әртүрлі жағдайда импровизациялық тәсілмен шығарылып таралған.

Сондықтан қазақ бесік жырларын:

1. Дәстүрлі бесік жырлары.
2. Суырып салма бесік жырлары, - деп екі топқа бөліп қарастырған жөн тәрізді.

Ұлы Абай қарасөздерінің бірінде (жетінші сөз) «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, ыәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демелік, не көрсе соған талпынып, жалт- жүлт еркен болса, оған қызығып, аузына салып дәмін татып қарап, тамағына , бетіне басып қарап, сырнай – керней болса дауысына дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, иал шуласа да, біреу күлсе немесе жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене, бұл немене» деп, ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» - деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен

деген» [53. 138 б.]- деп жазады. Міне, осы «жан құмарлығын» халық бесік жыры арқылы өтеуге тырысады. Бала ең алдымен ата, әке, апа, көке сөздерін естісе, бесік жыры арқылы алғашқы өмір әуендерін құлағына сіңіре бастайды. Әрине, бесік жырының мазмұн – мәнін бала бірден қабылдап кете алмайтыны сөзсіз. Нәрестенің өсу, жетілу деңгейіне қарай бесік жырының мазмұнына да өзгеріп отырады.

Халық тұрмысында бесік жырын айтушылар аналар ғана емес. Оны немересін жұбатқан аталар мен әжелерден бастап, отбасы мүшелерінің барлығы да орындайды. Әдетте, қазақ отбасы көп балалы болатындықтан ересектерінің кішілерін бағып тәрбиелеуі үйреншікті жағдай. Кейде бесік жырын балалар кезектесіп те айтатын көрінеді. Бірінші бала:

*Апаң кетті бел асып,
Беліне белбеу жарасып,
Тезек теріп жүргенде
Кетіп қапты адасып.*

Екінші бала:

*Апасы оның келеді,
Жұмыртқа әкеп береді.
Дәркен оны біледі,*

Жыламайды, күледі. –деп этнограф С. Қасиманов бесік тербетіп отырған балалардың жырды кезектесіп орындайтындығын да жазады. Жалпы көп балалы отбасында ересек балалардың бағып – қағуы – көпшілік халықтар тұрмысындағы дәстүрлі құбылыс. Қазақ балалары да отбасылық өмірдің күнделікті тіршілігіне ерте араласады. Көргенді ата – аналар «Істегенің бізге жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы», - деп оны қолдап отырады. «Бесік жырын – ана жыры» дегенімізбен, оны бесік тербеткен әжелерден бастап, әркім орындай береді. Оған бесік тербеткен адамның:

*Әлди, әлди, алайын,
Атқа тоқым салайын
Қыдырып кеткен апаңды
Қайдан іздеп табайын?* – деп әндететіні де дәлел.

Қорыта айтқанда, бесік жыры телегей – теңіз қазақ фольклорында өзінше орны бар жылы ағыстың бірі. Халықпен көне заманнан бері бірге жасасып, бала тәрбиелеу ісінде үлкен қызмет атқарып келе жатқан балалар фольклорының арналы саласы.

Шілдехана соңында берілетін бата – ақ сақалды қарияның сәбиге, оның ата-анасына арнап айтқан ақ тілеуі. Бұл – сәби атына үлкендер тарапынан білдіретін алғашқы тілек. Олардың мазмұны мынандай болып келеді:

*Сары тісті болсын,
Ақ шапты болсын.
Өмірі ұзын болсын,
Уайымы аз болсын.*

Жас балаға берілетін батаның түрі көп. Мәселен, балаға берілетін соңғы кездегі батаның бір үлгісін этнограф Д. Ескекбаев келтіреді:

Әмин десең міне, бата,

*Қолдасын Қыдыр ата,
Қызырың қияласын,
Періштең ұяласын.
Балаға бақ берсін,
Бас берсін, өмірі ұзақ жас берсін,
Кетпес ырыс, кең пейіл берсін.*

Қазақ халқы арасында кең тараған этнографиялық астары мол сондай салт өлеңдерінің бірі – «тұсау кесу» жыры. Өлеңнің аты да халықтың тұсау кесу ырымына байланысты қойылған. Бұл ырым бала өміріндегі елеулі оқиға ретінде атап өтіледі. Ырымның негізі аяғынан қаз тұрып, апыл – ғұпыл жүре бастаған сәбидің қадамын байлап тұрған тылсым күш бар, соны қыйып жіберсе, бала жүгіріп кетеді деген көне магиялық ұғымнан туған сияқты. Бұған ұқсас түсінікті әлем халықтары тарихының барлығында болғандығы белгілі – ал Орта Азия халықтарының көпшілігінде бертінге дейін сақталған. Мәселен, қарашай – балқар халқында бұл ырым «жанға атлан» (алғашқы қадам) деп аталады. Бұл салт бойынша, бала алғаш жүре бастаған сәтте жүгері ұнынан күлше пісіріп, оны сәбидің аяғының арасынан домалатады. нанды ұстап алуға талпынған бала әрекетін қызықтаған әйелдер:

*Хайда, хайда, топ, топ...
Балачығым, топ, топ, топ...
Онғ жанына топ, топ...
Ерге, енше, топ, топ...
Балачығым, топ, топ... – деп әндетеді.*

Бұл ырымның жүзеге асуы қазақ пен қырғыз халқында бірдей. Ол үшін аяғынан қаз тұрып жүрген баланың аяғын ала жіппен майлы тоқ ішек араластырып (кейде шөп араластырады) тұсайды да, тұсауды аяғы жеңіл, ширақ жүрісті адамға кестіреді. Содан соң отырғандар баланы жағалата жетектеп:

*Тәй, тәй, балам, тәй, балам,
Жүре қойшы, жәй, балам,
Қарыс, сүйем қаз бастың,
Қадамыңнан айналдым... –*

деп әндетеді. Бұл жерде баланың аяғын ала жіппен тұсауда да астарлы мән бар.

Халық тұрмысында ала жіпке байланысты басқа да этнографиялық детальдар сақталған. Соның бірі мынандай: Араздасқан екі адамды татуластырған кезде ертеректе билер оларға ала жіп ұстататын болған. Керіліп тұрған жіпті екі адамға сыйлы, беделді адам ортасынан қиып жіберген. Оның мәнісі – егер уәде бұзып бір – бірімізге қайтадан жаулық сағынсақ, тәңір жазамызды беріп, осы ала жіптей қиылып қалайық деген сөз. Қазақтардың адамдарға қиянат жасаған емеспін деудің орнына «Ешкімнің ала жібін аттаған жоқпын» дейтіні де сондықтан. «Ала жіп» - қазақ ұғымында белгілі әдептің шегі. Ел ішінде қораға ит –құс (қасқыр) тимесін деп қора аузына ала жіп құрып қоятын да салт бар. Яғни, халық түсінігінде ала жіп – киелі ұғымға ие.

*Күрмеуіңді шешейік,
Тұсауыңды кесейік...*

*...Ала жіпті алайық,
Әжеңе алып барайық,
Ер жетті деп айтайық,
Шашуын жеп қайтайық, -*
деп әндетеді.

Жырдың негізгі мазмұны соңғы кезеңде алғашқы ырымдық қасиетінен ажырап «Елгезек бол ерінбе, ілгері бас, шегінбе...» сияқты ақылгөй тілектермен байытылған. Әрине, соңғы кезеңде бұл жырлардың әдет – ғұрыптық астары тіптен ұмытылып бара жатыр. Қазіргі уақытта тұсау кесу ырымы көп отбасында жасала да бермейді, бірақ баланы қаз тұрғызып, жетелеп аяқтандырған уақытта жырмен сүйемелдеу салты әлі бар. Ол жырларда:

*Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам
немесе:*

Тәй, тәй, балам, тәй, балам,

Жүре қойшы жәй, балам... деген сияқты «қаз -қаз», «тәй -тәй» сөздері баланың аяқ басу ырғағымен дәлме- дәл қайталанып келіп отырады. Бала өміріне байланысты әдет – ғұрыптары, әрине, мұнымен шектелмейді. Олардың қатарында «тіл -ашар», «тоқым қағар» сияқты толып жатқан үлкенді – кішілі дәстүрлі салттар баршылық, бірақ оларға байланысты өлең –жырлар көбінде хатқа түспеген. Мағжан Жұмабаев 1922 жылы «Педагогика» оқулығын жазған ағартушы. Осы оқулығының бірінші бөлімі педагогиканың жалпы мәселелеріне арналған. Оның пікірінше тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл және сұлулық пен әдеп-ғұрып тәрбиесі: «Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық-суық, ашық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын болса ғана адам баласын дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы.

Жинақтай айтқанда, кезінде белгілі ырымды атқарудың құралы болған сәбилік ғұрып жырларының соңғы кезеңдегі басты қызметі – үлкендердің, ата-аналардың ырым кезіндегі сәбиге деген ақ тілегін, жүрек тебіренісін жыр тілмен жеткізу. Өлеңнің әрқашан бала өміріндегі түрлі әдет-ғұрып салттарымен байланысып келетіндігі – оны басқа әлпештеу жырларынан ерекшелейтін басты сипаты. Сәбилік салт жырлары негізінен баланың сәбилік кезеңінде, нақтылай айтқанда, бір жасым жасқа дейінгі аралықта жырланады. Өзбек ғалымы А. Сафаров осы ерекшеліктерді ескере келіп, бұл өлеңдерді бесік жырымен бір топта қарастырады. Біздіңше, бұлайша топтау өте шартты, Бесік жыры деген атаудың өзі бесік тербетіп отырып айтылатындықтан шыққан. Ал сәбилік салт жырлары жалпы баланың бесіктегі жас кезеңінде айтылғанмен де, бесікке бөлеу, бесіктен шешіп аларда айтылатын жырлардан басқа өлеңдердің бесікке қатысы жоқ. Және атқаратын қызметі де бесік жырынан мүлде бөлек. Сондықтан да бұл жырларды бесік жырларының бір тармағы ретінде қарастырғаннан гөрі әлпештеу поэзиясының өз алдына жеке жанрлық түрі

ретінде қарастырған дұрыс.

Баланың мойыны бекіп, буыны қатайып денесі шымырлана бастаған сәтте, оны қолға алып, әлпештеп, әуеге лақтырып, тізесіне, мойынына мінгізіп ойнатады. Мәселен, бала бағушы ересек адамдар бір аяғын екінші аяғының тізесінің үстіне қойып, баланы оған атша мінгізіп:

Батыр балам, батыр балам,

Шауып келе жатыр балам.

Отыз қызды олжалап

Алып келе жатыр балам.

«Олжа, олжа» дегенге,

Әрбіріне бір қыздан

Беріп келе жатыр балам,

Шауып келеді, шауып келеді, -деп әндетеді. Өсе келе бала бос тұрған ер тоқымға т.б. ыңғайлы заттарға мініп, сол әрекетті қайталайды. Бұл баланың бұлшық еттерінің қалыпты дамуына, батыл болып өсуіне ықпал етеді.

Шынында да саусақ ойындары – барша халықтарға ортақ, кең тараған ойын. Олардың айырмашылығы халық педагогикасымен жымдаса өрілген ел өмірінің, шаруа тұрмысының, халық дүниетанымының көріністерінде. Мәселен, жоғарыда Ә. Диваев келтірген саусақ ойынының негізінде саусақтардың неге ұзынды – қысқалы болып жаратылғандығы жөніндегі көне миф жатыр. «Алғашқыда адам саусақтарының ұзындығы бірдей болыпты – мыс. «Ұрлық істейік», - деп жамандыққа бастағаны үшін құдай басбармақты ортасынан кесіп тастапты. «Істесек істейік» - деп қостағаны үшін сұқ саусақты да қысқарта кесіпті. «Құдайдан қорықпайсыңдар ма?» - дегені үшін ортан қолға тиіспепті. «Құдай не істейді» дегені үшін шынашақты одан да қысқартыпты» - дейді ежелгі қазақ мифі.

Астарында үлкен тәрбиелік мән жататын уату – алдарқату жырларының әрқайсысының мазмұнынан халық тұрмысының өзіндік ерекшеліктері танылады.

Қазақ халқы арасында кең таралған сондай уату жырының бір түрі – «Қуырмаш». Жылап отырған баланың алақанын алып: «Қуыр – қуыр, қуырмаш, тауықтарға бидай шаш», - деп бидай қуырғандай етіп қытықтайды да:

Бас бармақ,

Балалы үйрек (сұқ саусақ)

Ортан терек (ортан қол)

Шылдыр шүмек (аты жоқ қол)

Кішкентай бөбек (шынашақ)- деп әр саусаққа ат қойып, бүгіп шығады.

Содан соң: кішкентай бөбектен бастап:

Сен тұр – қозыңа бар.

Сен тұр – қойыңа бар,

Сен тұр – жылқыңа бар,

Сен тұр – түйеңе бар.

Сен қария –

Қазан түбін жалап,

Үйде жат, -деп әрқайсысына міндет жүктейді.

Қазақ баласының өміріндегі есепке үйренудің алғашқы қадамы да саусақ ойындары арқылы жүзеге асады. Оның бір үлгісі мынадай:

*Бір дегенім – білеу,
Екі дегенім – егеу,
Үш дегенім – үскі,
Төрт дегенім – төсек,
Бес дегенім – бесік,
Алты дегенім – асық,
Жеті дегенім – желке,
Сегіз дегенім – серке,
Тоғыз дегенім – торқа
Он дегенім – оймақ,*

Он бір дегенім – қара жұмбақ, - деп бітіреді. Мұндағы дыбыстық үйлесімге құрылған ұйқасты сөздер баланы қызықтырып қана қоймайды, санды жаттауға да жеңілдік туғызады, және санға телінген балама сөздер де баланың күнде көріп, қолына ұстап жүрген таныс дүниелері. Бұл бір жағынан тіл дамытушылық ролін де қоса атқарады, баланың танымдық қабілетін өсіреді. Баланы алдарқата отырып санауға үйретудің мұндай тәсілі көп халықтарда бар.

Қорыта айтқанда, әлпештеу фольклоры–қазақтың отбасылық ғұрып фольклорында өзінше ерек орын алатын бала тәрбиесінің бал– бұлағындай таза да, мөлдір мұра. Оның табиғатынан халықтың көне наным–сенімдерімен астасып жатқан ежелгі дүниетаным сілемдерін тереңірек тануға болады. Сонымен қоса, ғасырлар бойы қалыптасқан бала тәрбиелеу ісіндегі дәстүрлі ғұрыптар мен ұғым–түсініктердің, тарихи оқиғалар мен кезеңдік ақыл–ой дамуының да әлпештеу фольклорында сайрап жатыр. Сонымен қоса, бұл жырлар бала тәрбиелеу ісіндегі ғұрыптық рәсімдерді сүйемелдеп отыратын қолданбалы сипаттағы мұра ғана емес, ол ең бастысы жас ұрпақтың рухани әлемін қалыптастыруды мұрат тұтатын, бала көкірегіне көркемдік нәр сіңіріп, қиялына қанат бітіріп, өнер тылсымына жетелейтін эстетикалық категория. Әрине, одан поэзия шарттарына сыятын кемел көркемдік таппағанымызбен бала санасына, сәби жанына лайық тәрбие өскінін себетін халықтық педагогика нәрін табамыз. Сондықтан, отбасылық ғұрып поэзиясы жөнінде сөз қозғағанда бесік жыры, тұсау жыры, ал білек өлеңдеріне соқпай кету мүмкін емес, ілкі зерттеушілердің барлығы да солай істеген. Біз бұл еңбекте осы тектес шығармаларды жинақтап, жүйелеп оған «Әлпештеу фольклоры» деген айдар тағып, ішкі жанрлық сарасына қысқаша тоқталдым.

Әлем халықтарының өте көп тараған саусақ ойындарының табиғаты туралы айта келіп Э.Б.Тэйлор: «Біз санау өнерінің көне даму тегін зерттеген кезде бағзы тайпалардың бірінен кейін бірінің алғашқы қауымдық саусақ санау тәсілінен өте отырып есепке қалай үйренгендігіне қанығамыз, көне реттіліктің шығу табиғатын танитын бұл мағлұматтар біздің белгілі этнографиялық қызығушылығымызды оятады »[66.18 б.]- деп жазады. Санауға үйренудің қоғамдағы бұл көне тәсілі бала тәрбиесінде әлі күнге жемісті қызмет атқарып келеді. Және бұл ойындардың ішкі құрылымдарының тым ұқсастығы, мағыналық жағынан үндесіп келетіндігі кейде таң қалдырады. Осы сипаттағы

өлеңдерді орыс фольклортану ғылымында жеке жанрлық ретінде қарастырады (пестушки, потешки). Қазақ балалар фольклорында да мұндай өлеңдер аз болмаған. Оларды жинай келе ойын жырларының жеке саласы етіп жіктеуге болады. Балалардың өз бетімен ойнап кетуге қабілеті жеткен кезде олар үлкендердің көмегінсіз өлең, тақпақ айтып, сан түрлі ойындар ойнап, азан қазан мәз болып жатады. Балалар творчествосының шын мәнінде қанат жайып, еркіндікке шыға бастауы да осы кез. Ойындардың ішінде отырып та, түрегеп тұрып та, дамылсыз жүгіріп жүріп те ойнайтындары бар. Ойын барысындағы іс – әрекеттерді белгілеу, балалардың орын тәртібін анықтау, түрлі рольдерді бөлісу, міне, мұның бәрі де өлең, тақпақтар арқылы іске асырылады. «Санамақ», «Қаламақ» тақпақтары ойын жүргізушілерді, жекелеген қызметтерді бөлісу үшін айтылса, «Соқыр теке», «Үй артында қол ағаш», «Кім ұшты? » тағы басқалары бүкіл ойын процесімен тұтастық тауып, мазмұны мен түрі бойынша әр түрлі қимыл – қозғалыстармен бірлікте айтылады. Сондықтан да олар ырғағы жағынан кейде жедел, енді бірде баяу орындалса, кейде арасына ырғақты қара сөз араласып отырады. Мазмұны әзіл – қалжың, сықаққа толы болса, құрылысы мейлінше қарапайым, айтылуы жеңіл, сөздері ойнақы. Дыбысқа еліктеушілік, аллитерациялық, ассонастық қайталаулар жиі ұшырасады.

2.2 Үйлену фольклоры

Қай елде, қай кезеңде болмасын адам баласының ер жетіп, қоғамның, белді мүшесі болуының басты белгісі - оның өз алдына шаңырақ көтеріп, отау тігуі болып саналады.

Құда түсуге келген жаушылар сөзін: «Сізде – аққу – бізде – сұңқар, ілдіргелі келгенбіз», - деп тұспалдап бастайды. Оның өлең түріндегі нұсқасын Қамбар батыр жырындағы айттыра келгендегі Келмембеттің сөзінен көреміз:

*Арғымақ ат бізде бар,
Алтын жабдық сізде бар.
Алмас пышақ бізде бар,
Піскен қауын сізде бар,
Тілдіргелі келгенмін.
Көк қаршыға бізде бар,
Қоңыр үйрек сізде бар,
Ілдіргелі келгенмін.*

Аушадияр – қыз ұзату тойында айтылатын жанрлық түрдің бірі. Бұл жыр жөнінде ертеректе жарық көрген зерттеу еңбектерде жарық көрген зерттеу еңбектерде мағлұмат жоқ. Соған қарағанда, ол Қазақстанның белгілі аймақтарында ғана айтылып, кейіннен ұмытылып кеткен жанрлық түр сияқты. Оның аты да, мазмұны да бұл түрдің ислам діні орныққан кейінгі кезде шыққанын айғақтап тұр. Аушадияр жөніндегі алғаш мағлұмат 1988 жылы «Біздің Отан» газетінде жарияланды. Оның дерегін айтып, мәтінінің жариялануына қозғау салғандар – шетелдегі қазақтар. Бұдан кейін белгілі қаламгер– журналист, ескі мұра жанашыры Уақап Қыдырханов Қазақ әдебиеті газетіне «Аушадияр» атты көлемді мақала жариялап, әлем қазақтарына

аталмыш жырдың дерегін іздеп жар салды.

Беташар – үйлену ғұрпының екінші кезеңі – келін түсіру тойында орындалатын бірден – бір жанрлық түр. Әрине, қыз ұзату тойындағы сияқты келін түсіру тойы кезінде де атқарылатын ғұрыптар мен ырым–жырымдар жетерлік. Мәселен, келе жатқан келіннің алдына арқан керу, атасының үйіне әкеліп отқа май құюдан бастап, жас келіншектің қолынан шай ішуге дейінгі ғұрыптық шаралардың барлығы ойын – сауық, балуан күрес, ат бәйгесі, көкпар сияқты думанмен қоса атқарылады. Солардың ішінде өлеңмен өрнектеліп, ұзақ жырмен толғанып айтылатын ғұрыптық рәсім тек беташар ғана.

Ұзатылатын қызға арнайы тіккізген сәукеле кигізіп, шымылдық артына жасырады. Сонымен қоса, сәукеленің он бойын төгілте жабатын ақ желек болады. Ақ желек шымылдық жоқта шымылдықтың рөлін атқарады.

Жалпы, әкесінің үйіндегі қыздың орны киіз үйдің оң жақтағы қадірлі орында болады. Келін боп түскен соң ол орын – үйдің сол жағына ауысады. Бұл жерде де қызды шымылдық артына жасырудың немесе оның бетін желекпен жабудың үлкен ғұрыптық мәні бар. Біріншіден, ол қызды әдеттегі тірліктен бөлектеудің нышанын білдіреді, яғни, ұзатылатын қыз жаңа әлеуметтік мәртебеге ие. Сондықтан, оны бүкіл тұрпатымен бөлектеп көрсету қажет. Екіншіден, бұл дүниеден бөлектенген қыз – өте кірпияз, оны көз тию, тіл тию сияқты сыртқы әсерден қорғау ләзім, үшіншіден, қыздың да сыртқы ортаға тигізер әсері болуы мүмкін деген түсініктен туған рәсім. Қыздың желегі «беташар» рәсімі аяқталғанша ашылмайды. Және де ол желектің өзін жалаңаш қолмен ашпайтын болған. Мәселен, ертеректегі деректерге сүйенсек, бет ашуды желекті үкіленген қамшымен немесе басына ақ шүберек байланған таяқпен, кейінгі кезде домбыраның басымен ашады. Мұның барлығы – жас келінді кие (сакральды) тұтудан туындаған салт.

Беташарды кез келген адам айта бермейтін болған, оны ел ішінде ақындығымен, өнерімен танылған, әдет-ғұрып, салт-санаға жетік жігіт ағасы атқарған. Беташарды міндетті түрде жігіт айтады, мұнын да өзіндік мәні болса керек. Ахмет Байтұрсыновтың айтуынша, ертеректе беташар көбінесе әндетілмей, тақпақтап айтылғанға ұқсайды. Сондықтан, оны ғалым «өлеңді сөйлемдерге» жатқыза отырып, онда әннен гөрі мазмұнға көбірек көңіл бөлінетіндігін ескертеді.

Беташардың мән-маңызы мен мақсат-мұраты жөнінде Ахмет Байтұрсынов: «Беташар өлеңінің не мақсаттан туып, не үшін айтылатынын тексерсең, мұнда үлкен мағына бар екенін айыру қиын емес. Беташар – беті ашылған жастың бетін ашып, өмір таныту, әрбір елдің өзі қолданған жол-жобасын түсіндіру. Тәжірибесіз жас әйел жаңа өмірге кіріп, жаңа қауымның ортасына келгенде, сол қауымның қадірлі, құрметті үлкендерін тануға керек. Солардың әрқайсысының орнын білу керек. Жаңа қауымның қадірлейтіні кім, ұлық тұтып сыйлайтыны кім, жаста еркелетіп аялайтыны кім, жас келіннің бұларды топ алдында танып, біліп алуы қажет. Үлкендердің алдында келіннің тәжім қылуы – сол жаңа шарттарға көндім, қабыл алдым дегеннің белгісі.

Екінші үлкен мағына: беташарда қазақ елінің жаңа түскен келінді келешекте ана болуға, қадірлі келін, үлгілі жеңге болуға үйретеді. Бұл өлеңнен

қазақ жұртының әйелге жалпы көзқарасы білінеді. Әйел – үй ішінің, ауылдың ағайын ортасының ұйытқысы. Солардың жарастығы, гүлі, берекесі. Күйеуі – сүйеніші, тірегі. Дос тауып, туысқан құрып беретін көмекшісі, досы. Өлеңде сол міндеттер толық айтылады» - дейді [39.169]. Шынында да, беташарда дәстүрлі қазақ қоғамының келінге қойылатын ахлақты (моральдық) ұстанымдары жан-жақты жырланады. Оны өлеңнің мазмұндық – композициялық құрылымынан айқын аңғаруға болады.

Некеқияр. Қазақ жеріне ислам дінінің орнығуынан пайда болған жанрлық түрдің бірі – неке қияр. Жалпы отбасылық ғұрып фольклорында көне тәңірлік діннің өзегі берік сақталғанмен де, өлең мәтіндерінде ислам дінінің әсері де молынан ұшырасады. Ол «бісмілла сөздің басы екен», - деген сияқты рәсім басталардағы «әлқиссадан» басталып, өлең өзегіне шым-шымдап енгенін байқау қиын емес. Оның біраз көрінісін «Аушадияр» жырынан байқасақ, жар-жар, сыңсу, беташар мәтіндерінен де молынан кездестіреміз. Ал жоқтауларда оның тамыры тереңірек бойлаған. Онда пайғамбардан қалған сүннеттер таратыла айтылатын сәттер аз емес. Ал «неке қияр» болса тікелей ислам дінінің ғұрпынан туған жыр. Шариғат бойынша неке қию рәсімі бойынша молда екі жасқа неке суын ішкізіп, дұғасын оқып, некелерін бекіту үшін екі адамды куәлікке тартады, бірақ куәлік сөзін өлеңдетіп айту шарт емес. Ал қазақ арасында ол өлеңге айналған. Мұның өзі қазаққа «қара сөзден, өлең оңай» екендігінен болса керек. Оны алғаш ғылыми айналысқа түсіруші – А. Байтұрсынов.

Ғылымда ертеден сөз болып келе жатқан жанрлар – үйлену тойы мен өлімге байланысты фольклор. Үйлену тойына байланысты айтылатын шығармаларды алғаш жеке топтаған М. Әуезов «Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдері» десе [6. 52], Б. Кенжебаев, М. Сильченко, Б. Уахатов, Ш. Ыбраев «Үйлену салт өлеңдері» деп айдар тағады. М. Әуезов, әсте, аталмыш топқа қатысты шығармалардың денінің (беташардан басқасы) қыз ұзату ғұрпы кезінде айтылатынын негізге алған, тіпті, беташардың өзі сол ғұрыптың соңғы нүктесі іспеттес.

Ғылыми еңбектердің көпшілігінде соңғы кезеңде «сыңсу» атауы тұрақты қолданылып келеді және терминдік мағынасы айқындалып орнығып қалғандай. Оның үстіне ол рет –ретімен орындалатын (үй-үйді аралап – танысу, әркіммен құшақтасып көрісу, қоштасу, жұбату айту, т.б.) көп құрамды, күрделі ғұрыптық рәсім. Тіпті, қыз ата – ана, туған – туыс, жұрағатымен ғана емес, босағамен, маңдайшамен, тақиясымен де қоштасады. Бірақ оның барлығын жеке – жеке жанрлық түр ретінде жіктеудің реті жоқ. «Сыңсу» сөзі осының барлығын қамтитын ауқымды терминдік мағынаға ие.

Мәшекең жинаған біраз нұскалар: «Беташар», «Жаңа түскен келінге ақтілеу айту», «Келіншекке өсиет», «Сарғайып атқан сары таң сәуле бір беріп көрінеді», «Жоқтау», «Батырбек дегеннің қызы Балғын өлгенде шешесінің жоқтауы», «Бопының қарындасының күйеуі өлгенде жоқтағаны», «Тәтіні жоқтау», «Кейінгіге аманат», «Қараөлең», «Ақбата», «Өтірік өлең», «Қаршығаны мақтағаны», «Аза-маттар шоралар», «Қойгелді», «Қожамберді айтты», «Оу, Шоңбиім, Шоңбиім» - белгілі шығыстанушы ғалым

В. В. Радловтың 1870 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты кітабындағы үлгілерімен ұқсас келеді.[64.15 6.]

Алғаш жоғарыдағы ұқсастықтарды байқаған ғалым С. Қаскабасов осы мәселелер төңірегінде іздену керектігін ескерткен еді. Іздену, салыстыру барысында мынадай тұжырым, түйінге тоқталдық- бұл сәйкестіктердің себебін толық ашу үшін, олардың әрқайсысының материалдары кімнен және қашан жазып алғандығын білуіміз керек. В. В. Радлов кітабында жоғарыдағы үлгілерді кімнен қашан алғандығын нақты көрсетпейді. Тек кітабының алғы сөзінде мынандай дерек келтіреді: «Қазақ әдебиеті шығармаларын қазақтардың өздері екі бөлімге бөледі, халық шығармалары (қара сөз) және кітаби өлең. Халық шығармаларын қарапайым халықтың ауызша таралған өлеңдері мен әңгімелері құрайды. Сондықтан да оған қазақ халқының ислам діні әсері тие қоймаған шығармалары жатады. Оларды тек қарапайым адамдар ғана біледі, өйткені сауатты молдалар т. б. оған менсінбей қарайды. Бұл жазылған шығармаларды бұрын біреудің қағазға түсіргенін, мен көрген де, естіген де емеспін. Кітаби өлеңдердің мұндай атқа ие болу себебі, оны жыршы жатқа айтпайды, жазылған кітаптан оқиды. Мұндай кітаби өлеңді шығарушылар -молдалар, сауатты қазақтар. Олардың сөз оралымдарында исламның, кітаби тілдің әсертабы айқын сезіледі. Бұзылған кітаби тілмен жазылған бұл өлеңдердің көп бөлігі халықтың ауызекі тіліне де араласа бастады. Бұл кітаби өлеңдерді мен қазақ тілінің табиғатына жат грамматикалық формалар мен сөздерден сақтана отырып қарапайым қазақтардың көмегімен көшірдім, араб және парсы тілдерінен енген сөздерді қолжазба өте дұрыс жазылғанына қара-мастан, сол қарапайым халықтың формасында беруге тырыстым. Осылайша бұл өлеңдер түпнұсқадағыға қарағанда әлдеқайда қазақы сипат алды». Бұдан біздің білетініміз, біріншіден, қазақтардың өздері қазақ әдебиеті шығармаларын екіге бөлгені, оның ішінде қара сөзбен жазылған үлгілерді сауатты молдалардың менсінбейтіні айтылады. Ал, Мәшһүр - Жүсіпте қара сөзбен жазылған нұсқалардың ұшан-теңіз екені бізге мәлім. Екіншіден, нұсқалардың біразын В. В. Радловтың қолжазбалардан көшіргендігі, оған қарапайым қазақтар көшірісуге көмектескендіктері сөз болады. Бірақ ол қолжазба кімдікі екендігі, көшірісуге көмектескендердің нақты аты-жөні туралы дерек берілмеген. Үшіншіден, қолжазбадағы текстерді көшіру барысында В. В Радлов кейбір сөздерді өзінше өзгерткенін айтады.

Тікелей қолжазбадан көшіру сияқты тәсілді Мәшһүр-Жүсіп те қолданған. Оның ерекшелігі: кімнен не алса да, көшірсе де, оның аты-жөнін көрсетіп отырған [64.74]. Мәселен, Жолмұрат өз қолжазбасында «Алтынбас-Күмісаяқ өлеңі» - 300 жолдан, «Киік» өлеңі - 108 жолдан, «Бозторғай» өлеңі - 400 жолдан. «Дін үйренетұғын» өлеңі - 200 жолдан тұрады деп отырып оларды Мәшекең В. В. Радлов жинағынан алды деп ескертеді. Жолмұрат жазбасында Мәшһүр - Жүсіптің қазақ тобы деп жинаған баспаға бастырған сөзі деп жазғаны ал қолжазбасынла 10 бет». Бұдан біз Мәшекеңнің В. В. Радлов кітабымен таныс болғанын білеміз. Орыстың XIX ғасырда өмір сүрген фольклорисі Н. Белозерскийдің ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылардан тексті толық түсірумен бірге, нұсқаны жеткізушінінде шын атып, лақап атын, жасы мен

кызметін, әрі оның кімнен алғанын т. б. нақтылықты талап еткені белгілі. Ал, Мәшекең болса, өз қолжазбасында қанша көлемге ие болғанын - бәрін нақты белгілеуін көреміз.

Аза тұтуға байланысты ғұрыптық жырлар да әр кезде әрқилы аталып келеді. М.Әуезов оны «Ел салтындағы шер өлеңдер» деп атаған болатын. Б. Кенжебаев, М. Сильченко, Б. Уахатов «Мұңшер» өлеңдер десе, С. Қасқабасов «Жерлеу рәсіміне байланысты ырымдар мен өлеңдер», Б. Әбілқасымов «Өлік жөнелту ғұрпының фольклоры», Ш. Ыбраев «Жерлеу салтына байланысты өлеңдер», Г. Болатова «Жерлеу салт өлеңдері» деп атайды. Әрине, аталмыш атаулардың қай – қайсысы болмасын белгілі дәрежеде жанрдың жалпы сипатын танытады, бірақ ғылыми термин барынша нақты және ықшам, екі ұштылықтан ада, тілге оралымды болу керектігі мәлім жағдай.

Азалау фольклорының ішкі жанрлық түрлерінің атаулары, негізінен, қалыпқа түскен деуге болады. Олардың ішінде «естірту», «көңіл айту», «жоқтау» сияқты сөздер ел ішінде аймақтық қолданыстарға байланысты ішінара әркелкі қолданылып келген. Мәселен, көңіл айтуды – жұбату, жоқтауды - «жылау», «дауыс айту», «теріс өлең» деген сияқты қолданыстар болғанмен, ғылыми ортада «естірту», «көңіл айту», «жоқтау» түрінде орныққан қалып танытады.

Олардың ішінде орныға қоймағаны – адамның өлер алдында туысқандарымен, ел – жұртымен қоштасатын сәтте туатын шығарма.

Сонымен, үйлену фольклорының ішкі жанрлық түрлері: той бастар, жар – жар, сыңсу, аушадияр, беташар, неке қияр болып бөлінеді. Олар тақырыптық – мазмұндық сипатымен, орындалу мәнерімен, ғұрыптық рәсімдерге қатысымен, өлең түрімен бір –бірінен ерекшеленгенмен, тойдың әр кезеңінде айтылатын бір тұтас идеялық нысанасымен бір жанрлық топ құрайды. Оларды бір арнаға біріктіретін алғашқы дәнекер – үйлену ғұрпымен байланысып келетін қызметтік мақсат – мұраты. Олар тойдың басталуынан бастап, тарқағанға дейінгі аралықтағы рәсімдерді сөзбен өрнектеп, оның атқарылуына қызмет етеді. Әрине, той жырлары тек осы практикалық міндеттерді атқару зәрулігінен ғана тумаған. Бұл жырлар, ең алдымен, халықтың рухани қажеттілігінің жемісі. Сондықтан, оларда тек практикалық қажеттілік, тұрмыстық мағына ғана емес, көркем өнерге тән эстетикалық нәр де жоғары. Міне, осы екі сипаттың тоғысы үйлену ғұрып фольклорының жанрлық табиғатын мазмұндық, көркемдік ерекшеліктерін айқындайды.

Қыздың ұзатылуынан келін болып түскенге дейінгі өтпелі ғұрыптардың әр кезеңін мазмұнына арқау еткен жанрлық түрлердің композициялық құрылымы да, көркемдік болмыс – бітімі де алуан түрлі екенін байқағандай болдық. Солардың барлығына ортақ сипат ретінде үйлену ғұрып фольклорында диалогтық формаға құрылған драмалық сипаттың басым екендігін айтқан жөн. Соған орай, үйлену ғұрып жырларының басым көпшілігінің композициялық құрылымы көбінесе күрделі болып келеді. Мәселен, сыңсу сияқты жанрлық түрлер қыздың мұңын шағып жылауы, қыздың қоштасуы сияқты бірнеше бөліктерден құралады. Ондай мазмұндық күрделілікті той бастардан да, жар – жар мен беташардан да көреміз. Сонымен бірге үйлену ғұрып фольклоры

метафораларға, символдық қолданыстар мен эпитет, теңеу сияқты көркемдік айшықтарға өте бай.

2.3 Азалау фольклоры

Азалау фольклоры – отбасылық ғұрып фольклорының ішіндегі ең көне де, көркем, мазмұнға да, мағынаға да бай жанрлық түрдің бірі.

Адамзат саналы ғұмырға жетіп, өмірдің мәніне ой жүгірте бастаған сәттегі алдынан шыққан ұлы жұмбақтың бірі – өлім. Барша әлем ғұмыр бойына сол жұмбақтың шешуін іздеумен келеді. Оған дін де, ғылым да адамзат ақылының даму кезеңдеріне орай өзінше жауап беріп келеді. Адамның рухани әлемі өскен сайын сауалдан – сауал, жауаптан – жауап туындап келеді. Осы сауал мен жауап өнер тілімен де өрнектеліп, адамзат дүниетанымының дәстүрлі мәдениетіне көшкен асыл мұраға айналды.

Былайша айтқанда, тынымсыз іздену жолында сан түрлі наным – сенім туып, алуан – алуан әдет – ғұрыптар қалыптасты. Олар адамзат санасымен бірге өсіп, қоғамдық жағдайға қарай әрқилы қалыптасып, халықтардың аралас – құраластығына қарай бір – бірімен тоғысқан әсерлер нәтижесінде байып, көркейе дамып келеді.

Адам жан тапсырысымен оны оң жаққа қояды. Тек қырғыздарда ғана егер өлген кісі еркек болса, онда оған киіз үйдің сол жағынан – ерлер жақтан орын дайындаған. Ал әйел қайтыс болса, оған киіз үйдің – оң жағынан орын дайындаған. Өлген адамның басын есікке қаратып салған. Оңтүстік қырғыздарда солтүстік қырғыздардағы сияқты мәйітті шымылдықпен қоршамай, ашық ұстаған.

Қазақта ертеде күйеуі өлген әйел өз қайғысының өте қаттылығын көрсетіп, бетін жыртып, шашын жұлатын. Орталық Азияның түркі тілдес халықтарының бәріне тән бұл әдет, иран тілдес тәжіктердің де кейбір топтарында да тараған. Көне түркілерден, Орталық Азияда ерте ортағасырлардан белгілі бұл ғұрыптың түп-тамыры түркілік дүниеден бастау алса керек.

Өлген адамды үйден аяқ жағынан шығарады. Үйден табытты екі адам көтеріп шығарады, сосын төрт адам көтереді. Қарақалпақстан қазақтары марқұмды үйден шығарарда, табалдырыққа үш рет түсіріп-көтереді, бұл өліктің өз үйімен қоштасуы. Өлікті аяғынан бастап шығару себебі, үйден тағы бір өлік шықпасын деген тілекпен жасалған. Өлік үйден шығысымен әйел адамдар дауыстап жылайды. Қазақта және Орталық Азияның барлық халықтарында мәйіт жатқан бөлмеде қырық күнге дейін шырақ жағу ғұрпы бар. Қазақта және Орталық Азияның барлық халықтарында мәйіт жатқан бөлмеде қырық күнге дейін шырақ жағу ғұрпы бар. Егер бесік жасындағы сәби қайтыс болса, онда оның моласына барлық төсегімен бесік қойған. Бесік бір жылға дейін зиратта тұратын болған.

Орталық Азия халықтарының өлген адамды еске алу күндері болып негізінен жетісі, қырқы, жылы саналады. Бұл күндері аруаққа арнап мал сойылады, құран оқылады, садақа беріледі. Қазақтың дәстүрі бойынша, бағзы заманда жас жігіттен бастап «пайғамбар жасына» (63 жас) жетпеген кісі қайтыс

болған кезде қазақтар ас бермеген, тек жылы ғана өткізілген.

Жалпы өліктің артын күту салтындағы «қонақ асы», жетісі, қырқы, жылы өзінің ғұрыптық рәсімдерінің байлығы, күрделілігі, түрлілігі жағынан түркі халықтарының, оның ішінде көшпелі-малшы халықтардың дәстүрінде кең орын алады. Оның өткізілуінің әлеуметтік-қоғамдық мәні жағынан да осы түркі халықтардың ортасында ерекше салтанатты.

Қазақтың аза тұту дәстүрінің халықтың өз тарихы сияқты тым көнеден бастау алатынына дау жоқ. Сонау есте жоқ ескі заманнан елес беретін Геродот еңбектерінде егжей – тегжейлі баяндалатын өлік жөнелту, аза тұту салттарының бүгінгі қазақ әдет – ғұрыптарымен сабақтасып жатқанын ілкі ғалымдар ежелден көрсетіп келсе, кейінгі кезеңде «Ұлы дала» (Л.Н. Гумилев) төсінде жүргізіліп жатқан археологиялық қазбалар, ғылыми ашылымдар сол пікірлерді бұлтарыссыз бекіте түсетін ғылыми дәйектерге айналу үстінде.

Қазтуған жыраудың Еділден ауғандағы қоштасу жырын айтуға болады.

*Алаң да, алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жарт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт
Қарғадай мынау Қазтуған
Батыр болып туған жұрт. –*

деп тебіреніп басталатын құдіретті жыр жоғарыдағы Қарқаралы – Қазылықпен қоштасу өлеңінің бастау бұлағындай көрінеді.

Тұтастай алғанда, қоштасу мен жоқтаудың арасында мағыналық жақындық бар. Сондықтан да кейде қоштасу мен жоқтауды шатастырып алу жағдайлары да кездеседі. Өйткені екеуінде де жырланып отырған объектінің қасиеттерін айту басым болып келеді. Бірақ қоштасуда сол асыл қасиеттерді түгендей отырып қастерлеу, қадірлеуге үндеу, оны қимастық, оның кейінгіге деген берекесін тілеу, өсиет айту басым болса, жоқтауда сағыну, өзі тастап кеткен емес, оны тастап басқа дүниеге аттанған адамға, атына, құсына т.б. дүниеге деген аңсау басым болады. Жоқтаушы оның қайтіп келмейтініне сенімді, сондықтан оның соңы үнемі сабырға, тоқтамға келумен аяқталады.

Белгілі фольклоршы Қадырәлі Саттаров «жылау мен жоқтауды» қосып «теріс өлеңдер» деп атайтынын жазады [15.84]. Бұл тіркес Қазақстанның оңтүстік – батыс өңірлерінде қолданылатынға ұқсайды. Бұл атаудың шығу тегі қазақтардың өлілер әлемі жөніндегі ежелгі ұғымынан туған болу керек. Дәстүрлі дүниетаным бойынша – өлілер әлемі – тірілер әлемінің «теріс» көрінісі: тірілер әлемі – жарық, өлілер әлемі – түнек, тірілер әлемі шаттықты (күлкіге толы), өлілер әлемі – қайғылы т.б. Яғни, өлімге байланысты айтылатын жыр – «теріс өлең». Қадырәлі Саттаров қазақ арасында арнайы жоқтау айтушылардың болғанын жазады және өз пікірін «профессионал жоқтаушылар бүгінде Әмудария құйылысындағы қазақтар арасында ғана сақталғанын атап айтқымыз келеді», - деп бекіте түседі [15. 90 б.].

Дәстүрлі жоқтаулардың соңы өлген адамға жақсылық тілеумен, ақыры

өзіне өзі сабыр айтып, жиналған жұрттан рұқсат сұрап барып түйінделеді. Олардың негізгі желісі:

Тыныш қайырлы болсын мекенің,

Иманың болсын жолдасың,

Шариярлар болсын қолдасың...

...Құран шегіп басыңа

Күнде келіп қасыңа,

Топырағыңды иіскеп,

Көзімнің жасын көл қылып,

Зарланып жүдеп кетейін, -

деген сияқты сарында жалғасып:

Қой десең халқым қояйын,

Қойдан да жуас болайын.

Кешегі жүрген әкемді

Жоқтаусыз қалай қояйын? –

деп солықтап барып басылады.

Қорыта айтқанда, жоқтау – тек отбасылық ғұрып фольклорының ғана емес, жалпы телегей теңіз қазақ фольклорының ұлы теңізіне тау суындай құйылып жатқан таза да, тегеуірінді арнаның бірі. Солай дей тұрғанмен да, мазмұнға бай, көркемдік айшықтарға кенен жанрлық түрдің осы уақытқа дейін арнайы зерттелмей келуі өкінішті. Отбасылық ғұрып фольклорының арнасында қарастырған бұл шағын зерттеуімізде қазақ жоқтауларының жанрлық сипатымен тарихи даму үрдісіне, композициялық құрылымы мен этнографиялық астарларына, көркемдік сипаттарына шолу жасалды.

Отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасы әлі күнге арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Оның бір себебі, ғұрыптың фольклордың қолданбалы қызмет пен эстетикалық сипатты қатар қабыстырған күрделі тұрпатынан болса керек. Оның үстіне поэтика мәселесі – ішкі иірімдері мол, астарлы сыйпаттары көп, алуан қырлы, болмысы нәзік, қолмен ұстап, көзбен көргендей етіп сыйпаттауға ерік бере бермейтін бұралаң қалтарыстарға толы шытырман әлем. Сондықтан, ол жөнінде сонау Аристотельден бастап, күні бүгінге дейін тайталас пікірлер ағыны толастаған емес. Бұл орайда, фольклордың, соның ішінде ғұрыптық фольклордың поэтикалық болмыс – бітімі жөніндегі пікірлер де бір арнаға сарқылған жоқ. Оның бастауы бағзы заманда болса, жетер мәресі де көзге шалынбас келешекте, халық мұрасымен бірге жасайтын мәңгілік шексіздікте десе де болады. Біздің мақсат – сол мәңгілік үзілмейтін үрдіске хал – қадарымызша бір бүйірден ат қосу.

Қорыта айтқанда, отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасы – жалпы фольклор поэтикасымен астасып жатқан аса күрделі әлем. Оның ерекшелігі, ең алдымен, халықтың тұрмыс – тіршілігімен байланысып жатқан ғұрыптық сипатымен айқындалады. Яғни, ғұрыптық фольклор поэтикасы оның атқаратын практикалық қызметтеріне, этнографиялық байланыстар типологиясына тәуелді. Яғни, отбасылық ғұрып фольклорының поэтикалық жүйесінің – ондағы формулалардың, клишелердің, троптардың, қайталаулардың пайда болуында, қалыптасуы мен дамуында мифтік санадан бастау алатын ғұрыптық

дүниетанымның орны ерекше. Оған біз отбасылық ғұрып фольклорының этнографиялық байланыстар типологиясын қарастыра отырып көз жеткізгендей болдық. Ықылым замандардан бері көркемдік ойдың өзі әлденеше кезеңдерден өтіп, көркем лирикаға айнала бастаған отбасылық ғұрып фольклорының табиғатынан ежелгі синкретизм қалыптастырған бағзы ғұрыптық дүниетаным сілемдерін әлі де байқауға болады. Отбасылық ғұрып фольклорының туу – ер жету – өлу сияқты үш саласында бірдей қайталанатын типтік жағдайлар мен «ортақ тұстардың» сырының да сол көне рәсімдерде, Арнольд ван Геннеп айтқандай, «өтпелі ғұрыптарда» жатқандығын этнографиялық параллельдер айқындай түседі. Фольклорлық мәтіндер мен этнографиялық ортақ тұстарды салыстыра отырып, отбасылық ғұрып жырларындағы бірқатар мотивтер мен формулалардың, құбылтулар мен айшықтаулардың, қайталаулардың, көркемдік тәсілдердің ғұрыптық рәсімдерден бастау алатындығын аңдатуға болады. Дәстүрлі жоқтаулар, әсіресе, ауыл ішіндегі қарапайым адамдар қайтқан кезде жиі айтылады. Өйткені жоқтауды өзінше түрлендіріп, жаңа сападағы өнер шығармасына айналдыра жырлауға әркімнің қарымы жете бермейді. Сондай дәстүрлі жоқтаудың көне бір үлгісі мынандай:

*Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да, жылайын.
Қыналы бармақ, жез тырнақ,
Күнінде қанға бояйын.
Албыраған ақша бет,
Сүйегіне таяйын.
Мөлтілдеген қара көз,
Жаспен оны ояйын.
Төредей болған алғаным,
Орныңа кімді қояйын?*

Осы тұста «жылау» мен «дауыс», «жоқтау» терминдерінің ара жігін аша кеткен жөн. Ел арасында бұл сөздердің бір – бірінің орнына жүре беретін аймақтар да бар. Халық түсінігінде «жылау», «дауыс» деген сөздер тура мағынасында емес, қаралы үйдің адамы (көбінесе, қызы мен әйелі) жылауына сөз қосып, өлеңдете жылап отыр дегенді білдіреді. Өлі күнге ел арасында қазаға барған адамдар бір – бірінен «жылап отыр ма?», «дауыс шығарып отыр ма екен?» - дегені. Олай етпесе, ертеде қазалы үйге үлкен сын болған. Сондықтан да, қандай адам қайтпасын, оның жақын – жуығы бірер ауыз өлеңге қосып «дауыс шығаратын» болған оны әдетте «жылау» деп те атайды. Мұндай жылаудың басы:

*Ағузы деп бастайын,
Асығыс айтып баспайын.
Шаригаттың жолына
Жалған сөзді қоспайын.
Иманды болғыр атамды
Жоқтаусыз қайтып тастайын?! немесе
Бисмілла – сөздің өрнегі,
Фәндәнің рас өлмегі.*

*Құдайдың салған ақ ісін
Дін мұсылман көрмегі.
Бұ дүниада тұру жоқ –*

Ажалға адам көнбегі, -деген сияқты шарифатпен дүниенің жалғандығын айтып, дүниеден өтпейтін пенденің болмайтындығын, алланың сүйіктісі болған пайғамбардан бастап барлығының осы жолдан өтуі құдайдың бұйрығы екенін мойындап, өзінің де мойын ұсынып, оған күпірлік келтірмейтіндігін айтып алып, бірақ асыл адамын жоқтаусыз қалдыра алмайтындығын ескерте отырып, негізгі тақырыпқа көшеді. Жоқтау айта отырып, пәлсапалық толғаныстарға да барып, адамзаттың ғұмыр бойғы арман – қиялын жырға қосады. Мұндай алла – тағалаға жалбарыну, әрине, қазақ арасына ислам діні орныққаннан кейін қалыптасқан. Жалпы жоқтауларда Алла тағаладан бастап, пайғамбарлар мен шадиярларды ауызға ала отырып сөйлеу – орныққан үрдіс. Қайтқан адамға оң сапар тілей отырып, шарифат шарттарын үнемі уағыздап отырады. «Бұл жоқтау өлеңде марқұмның өзі, оның тірі кезіндегі істеген істері мақталады, оның қайтыс болғандығы, үй ішінің және туған – туыскандарының бақытсыздыққа ұшырағаны еске түсіріледі» [57-160 б.], - деп жазады ежелгі қазақ өмірінің терең білімпазы Ы. Алтынсарин. Дәл осыған ұқсас жоқтау үлгісін «Қорқыт ата кітабынан» да оқуға болады. Осы кітаптың бас қаһармандарының бірі «Байерек Байбөріұлы қаза болғанда, оның әйелі Бану – шешек жоқтаған екен» дейтін жырда да бүгінгі жоқтаулармен туысып жатқан, арқауы үзілмеген дәстүрді көреміз. [61.43 б.]

Бұл тұрғыдан келгенде жоқтаудың әдеттегі аза жырларының қатарынан бой оздырып, үлкен әлеуметтік мәнге ие болған жанрлық түр болғандығын көреміз. Өйткені әңгіме ел тұлғасы болған адамдарға ауысқанда, ондай тарихи–әлеуметтік жағдайды сөз етпеу мүмкін емес. Оның үстіне ол жоқтауды шығарушы көшпелі қоғамның жылнамашысы, тарихшысы, шежірешісі, ақылманы, бүгінгі тілмен айтқанда идеологы болып табылатын ақын – жыраулар болса, жоқтаудың мазмұн-мәні одан сайын арта түспек. Ел тұрмысында үлкен мәнге ие болып, салт-дәстүрге сіңіскен, өзіндік мазмұн желісімен, көркемдік кестесімен халық жүрегін баураған бұл жанрлық түр – қоғамдық өмірде бүгінге дейін жалғасып келе жатқан өміршең форма. Ел ардақтылары қаза болған сәтте өз өкініштері мен азасын өлеңмен білдіру салты бертінге дейін сақталған. Бұл жоқтаулардың қай-қайсысында болмасын халықтық жоқтаулардың сарыны толық сақталған. Мәселен, Оспанға арналған екі өлеңде де осы сипат анық көрінеді. Онда Оспанның сипатын, ел алдындағы абыройын, ер мінезі мен жомарттығын, мәрттігін сөз етеді. Ақыр соңында осындай ердің орнын кім басар деген сауал тастайды. Осы сауалға жауап іздей отырып, аза бастаған, тоза бастаған ел сипатына ауысады:

*Жұрт тынымсыз,
Бәрі ұғымсыз.
Енді оларға сөз де жоқ.
Сырты абыз бар,
Желқабыз бар,
Алты ауыз бар – өзге жоқ, -*

деп данышпан ақын інісінің жоқтауын да халық қамымен астастыра тәмамдайды. Ұлы Абайдың ұлылығы да осы жеке бастың қайғысының төңірегінде қалып қоймай, елге бас болған інінің артындағы елінің қамын жей жырлауында жатыр.[53. 154 б.]

2. 4 Балалар фольклоры

Балалар фольклорының үлкен саласы – ойын өлеңдері. Тілі шығып, сөйлей бастағаннан, кәмелетке толып, есейген шағына дейін баланың жасына лайықты сан түрлі ойын ойналған және олардың басым көпшілігі өлең – тақпақтармен бірге жасап, бірін – бірі толықтырып отырған. Алғашқыда балалар үлкендердің көмегімен, кейін біртіндеп ойын тәртібін игере келе сөздерін өздері шығарып айта бастаған.

Ересек адамдардың қатысуымен айтылатын өлең, тақпақтар бұғанасы қатпаған, өз бетімен ойнап кетуге әлі жарамайтын балдырғанды әлденеге мазасызданса жұбату, көңілін басқа жаққа аудару, ол үшін табиғат құбылыстарымен, жан–жануарлармен таныстыру мақсатын көздеген.

Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығын да, тән сұлулығын да жан–жақты жетілдіруге бағытталған. Өзгені былай қойғанда, жан–жануарлар қалай дыбыстайды, қандай іс–әрекеттер жасайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдік маңызы зор мәселелерді «Қалай айтуды білемін» ойынының өзі – ақ балалардың құлағына құйып береді:

*Әтеш – шақырады,
Есек – бақырады,
Күзен – шақылдайды,
Бақа – бақылдайды,
Шыбын – ызыңдайды,
Шіркей – ызылдайды...*

Тегінде, іс- әрекеттерді дұрыс сипаттай білу – тіл мәдениетінің бірінші шарты болса керек. Мұны өмірге жаңа қадам басқан балдырғанның санасына сіңірудің төте жолын халқымыз дәл тапқан.

Ертегі - бұл бейнелеп айтқанда, балалық ой мен сөздің отын маздататын самал жел. Бастауыш сыныптарда оқушылардың қиялын дамытатын жұмыстың бір түрі - ойдан ертегі құрастыру. Балалар ертегіні тек тыңдауды ғана жақсы көрмейді, олар өздері де ойлап шығарады. Ертегі шығару — мұғалім үшін балалармен рухани қарым-қатынас жасау болса. ал балалар үшін теңдесі жоқ ойлану шаттығы болады. Олар ертегіге құмартады. Белгісіз, түсініксіз нәрсе. әсіресе ғажайып, фантастикалық нәрсенің бәрі баланы қызықтырып, өзіне тартады. Сондықтан балаларды өздерінің байқағандарынан ертегілер ойлап шығаруға үйрету керек.

Оқулықтағы берілген ертегілермен танысқаннан кейін, осыған ұқсас ертегі құрастырып немесе ренішпен, өкінішпен аяқталатын ертегіні қуанышпен аяқталатындай етіп өзгерту баланы шығармашылыққа үйретумен қатар армандауға, қиялдауға жетелейді. Өз ертегісін көрген бала қуанышты басынан кешеді. Айтылған ертегілердің суретін салу оқушылардың көз алдына ертегінің

кейіпкерлерін елестетуге, ойында ұзақ сақтауға көмектеседі.

Ертегі балаларды қиялдауға, шешен сөйлеуге, өз ойын жеткізуге және қайратты істер жасауға жұмылдырады. Сондықтан балаларды ертегі оқуға қызықтыру, жақсы қасиеттерді оқушылар бойына сіңіру мақсатында «Ертегілер еліне саяхат» сабағын өткізуге болады. Сондай-ақ «Ертегіні кім көп біледі?» сайыс сабағын ұйымдастыруға да болады. Сайысты бірнеше бөлімнен тұратын етіп, біріші бөлімді «Кім тапқыр?» деп атау керек. Ертегіден үзінді бойынша сахналық қойылым көрсетіліп, көрген ертектің атын, қай халық ертегісі екенін айтуы керек.

Ертегілерді баланың тындауы, естіген ертегі мазмұнын қайталап айтып беруі, баланың сөздік қоры молайтып, байланыстырып сөйлеу тілін дамытып, тілдің грамматикалық құрылымын меңгеруде ғана емес, ерлікке, достыққа, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге, эстетикалық талғамын, қиялын дамытуға мүмкіндіктер беріп түрлі жауыздық, зұлымдық иелері арқылы жамандықтан жирендіреді.

Қазақ балалары фольклорын саралап жіктейтін болсақ олардың ішінде кейбір жанрлардың (жанрлық түрлерін) үлкендерге де, балаларға да ортақ екендігін көреміз. Олар: ертектер, жұмбақтар, өтірік өлеңдер, төрт түлік жырлары т.б. Алайда осы жанрларға жататын көркем шығармалардың мазмұны, түр – сипаты, ішкі табиғаты бірдей емес. Олардың ішінде балалар айтатын, өздеріне ғана лайықты өлең – жырлар бар:

Қой баласы – қоңырым,

Қойдан жуас момыным,

Шопан ата түлігі –

Қошақаным, қайдасың?

Пұшайт, пұшайт!

Төлді қалай шақыру, малдың баласын сүюі, бөбектің төрт түлікке айтқан тілегі, қой мен ешкінің айтысы, сондай – ақ шешілуі оңай, құрылысы қарапайым жұмбақтар, ұғымға жеңіл өтірік өлеңдер, міне, бұлардың қай – қайсысы да балалар репертуарында молынан сақталған.

Міне, осы айтылған өзгешеліктердің бәрі де жалпы адамзат фольклорының ерте дәуірдегі сәбилік шағына тән белгілер. Рас, балалар фольклоры түрлі тарихи дәуірлерді бастан кешірді, өзгерді, өркен жайды. Сөйте тұра, ол осы айтылған дәстүрлі қалыптың аясында дамыған сияқты. Бұған белгілі бір дәрежеде сәбилер ортасы, болашақ жан – жақты интеллектуалды адамның балдырғандар арасынан бірден суырылып шыға қоймайтыны да себепші болса керек.

Сонымен қатар балаларды тәрбиелеуде кеңінен қолданылатын халық ауыз әдебиетінің бір саласы мақал-мәтелдер болып саналады. Қазақ халқының мақал-мәтелдеріне мынадай адамдық қасиеттер өзек болған: қайырымдылық, кішіпейілділік, адамжандылық, жақсылық, ізгілік. Бұған мысал ретінде «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет», «Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені, шын достықтың белгісі – көп кешікпей келгені», «Жақсы болсаң – жақын көп», «Ұлық болсаң – кішік бол» т.б. мақал-мәтелдерін атап кетуге болады.

Жас жеткіншектерді Отанын сүюге тәрбиелеуде, туған жеріне, еліне деген

сүйіспеншілік сезімін оятуда *«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын», «Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас», «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»* т.б. мақал-мәтелдердің құндылығы орасан зор.

Халықтық шығармалар ішінде баланы тәрбиелеумен қатар дұрыс айқын сөйлеуге үйретіп, тілін дамытатын жанр – жаңылтпаш. Сәбидің тілі шығып, балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде кейбір дыбыстарды айта алмаса, кейде қинала айтады. Бұл жағдайдың алдын алу үшін бала қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді неғұрлым жиі-жиі дыбыстап айтқызып, жаңылмай жаттықтыру керек. Сонда сөйлегенде де мүдірмей, анық, өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамиды, тәлім алады.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеуде негізгі міндеттерінің бірі – жаңылтпаштар арқылы балаларды тәрбиелеуде олардың жас ерекшеліктеріне сай, сауат ашу сабақтарының мазмұнына лайықты етіп, тіл дамыту құралы ретінде дұрыс қолдана білу. Айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытушы тарапынан қазақ халқы мен өзге халықтардың көркем сөзді қандай жаңылтпаштары бар екенін жақсы білуі қажет, бала жанын баурап алатын, тіл дамытудың қисынды қиюластырылған көркем жаңылтпаштардың әр түрін сараптап, талдай алатындай болуы шарт.

Баланы айналасындағы қоршаған әлеммен таныстырудың тағы бір құралы ол – жұмбақ. Жұмбақтар тіл мәдениетін тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой-қиялын ұштастыруға әсер етеді, баланың ойлау қабілетін дамытады. Ол баланың күнделікті өмірде көріп жүрген жанды-жансыз заттарына ұқсас нәрселерді сипаттай отырып, сол нәрсенің негізгі белгілері қандай, ол немен салыстыруға болады деген ой елегін көз алдына елестете отырып, қоршаған дүниені бақылап, бағалауға баулиды. Жұмбақтың жауаптары, көбіне, табиғат жайы, адамның денесі, хайуанат пен өсімдік, бақташы, егінші, елдің еңбек процесі, еңбек құралы, азын-аулақ техника жайы сияқтылар болады.

Математикадан қолданған ауыз әдебиетінің бір бөлігі санамақтарда баланың ойлау жүйесін жетілдіріп, оның желілі нұсқалары тапқырлықты танытуға құштар етеді. Сандарға сәйкес сөздерді қосып айту арқылы сөздік қорын байытады. Мысалы:

Бір дегенің - білеу,

Екі дегенің - егеу,

Үш дегенің - үскі,

Төрт дегенің - төсек,

Бес дегенің - бесік.

Ауыз әдебиеті үлгілерінің тағы бір саласы – аңыз әңгімелер. Аңыз негізінде әңгіме, кейде өлең, жыр түрінде болуы да мүмкін. Аңыз белгілі бір адамның атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Мысалы, қазақ аңыздарында Асан қайғы, Жиренше шешен, Алдар Көсе, Қожанасыр, Қорқыт, т.б. кейіпкерлердің ұлағатты істері баяндалады. Аңыз әңгімелер балаларды

батырлыққа, елжандылыққа тәрбиелейді. Ондағы кейіпкерлерді өздеріне үлгі тұта отырып, балалардың патриоттық, отансүйгіштік сезімдері оянады.

Ойымызды түйіндесек, «халық айтса қалт айтпайды» демекші тәрбие басын тал бесіктен бастағанның өзі де еліміздің ертеңін ойлаған, яғни, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеу, балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.

К.Д. Ушинский айтқандай: «Тәрбие дәрменсіз болмауы үшін ол халықтық болуы тиіс»- дейді, яғни әрбір ұлттың өзінің дәстүрін, салтын сақтап, сол рухани рухта тәрбиелеуге баса назар аударуға ескерткен. Сондықтан да біз жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуімізді халқымыздың салт-дәстүрін, ерлік үлгілерімен сабақтастыра жүргізуді орынды деп есептейміз.

Баланы жетілдіре тәрбиелеуде көне уақыттан келе жатқан әдістер көп. Соның ішінде баланы қиял-ғажайып ертегілеріне әуестендірудің пайдасы өте зор. М. Жұмабаевтың айтуынша да: «Балада қиял ерте оянады. Бірақ оның жанында суреттеулер аз болғандықтан, қиялы да бай емес. Баланың түсінуінше дүниеде мүмкін емес нәрсе жоқ, бәрі мүмкін болатындай. Бала ертегінің бәрі шын деп ұғады, бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Қысқасы, балаға ертегі тым қымбат нәрсе», -дейді.

Бала тілін жан-жақты дамытып, қалыптастыруда қазақ халқының ауызекі шығармашылығының маңызы өте зор. Халық ауыз екі шығармалары әсем түрде құрылған жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, ойын өлеңдер, ертегі, аңыз-әңгіме, мақал-мәтелге бай. Осы бай мұраның қай түрін алсақ та балаға ана тілін меңгертіп, сөздік қорын молайту арқылы, байланыстырып сөйлеуге, тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда, дыбыстық қателіктерді жоюда, шығармашылық ойлауын дамытуда баға жетпес құралдар болып табылады.

Баланы айналасындағы қоршаған әлеммен таныстырудың тағы бір құралы ол – жұмбақ. Жұмбақтар тіл мәдениетін тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой-қиялын ұштастыруға әсер етеді, баланың ойлау қабілетін дамытады. Ол баланың күнделікті өмірде көріп жүрген жанды-жансыз заттарына ұқсас нәрселерді сипаттай отырып, сол нәрсенің негізгі белгілері қандай, ол немен салыстыруға болады деген ой елегін көз алдына елестете отырып, қоршаған дүниені бақылап, бағалауға баулиды. Жұмбақтың жауаптары, көбіне, табиғат жайы, адамның денесі, хайуанат пен өсімдік, бақташы, егінші, елдің еңбек процесі, еңбек құралы, азын-аулақ техника жайы сияқтылар болады.

Халықтық әсем сөз өрнектері балалар түсінігіне лайықты, тілге орамды, көркем әдеби тілмен жазылған. Сазда халық әуенімен айтылатын бесік жырларының сан-алуан түрлері, тұсау кесу жырлары ойнақы тілмен жазылған санамақтар, ойын өлеңдері балалардың жас ерекшеліктеріне қарай тиімді пайдаланылса, баланың тіл әлеміне деген қызығушылығы артып, ана тілден байлығын меңгертуде үлкен қызмет атқарары сөзсіз. Қай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның басталуы, аяқталуы болады. Ертегі тілінің көркемділігі, қызғылықты оқиғалар желісінің баяндалуы образдардың шебер суреттелуі баланың ертегі дүниесіне қызығушылығын арттыра түседі.

Ертегілерді баланың тындауы, естіген ертегі мазмұнын қайталап айтып беруі,

баланың сөздік қоры молайтып, байланыстырып сөйлеу тілін дамытып, тілдің грамматикалық құрылымын меңгеруде ғана емес, ерлікке, достыққа, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге, эстетикалық талғамын, қиялын дамытуға мүмкіндіктер беріп түрлі жауыздық, зұлымдық иелері арқылы жамандықтан жирендіреді.

Бүгінгі жас жеткіншектердің бойына халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келе жатқан ар-намыс, ождан, атамекені мен ана тіліне деген сүйіспеншілік, әдет-иба, қайырымдылық, үлкенді, ата-ананы құрметтеу қасиеттерін дамыту тәрбиелеудің негізгі міндеті боп отыр. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына енгізуді аса маңызды міндет деп қарастыру қажет.

Ата-ана бала түсінігіне лайықты мектеп жасына дейінгі балалар үшін тек қиял-ғажайып және хайуанаттар туралы ертегілер оқылатындығын ескергені жөн. Сәби балаларға (3-4 жас) ертегілерді ауызша әңгімелеп айтып беріп, ал ересек балаларға (5-6 жас) оқығанды тыңдатып және әңгімелету әдістерін жүргізуге болады. Себебі мектеп жасына дейінгі баланың жас кезеңдеріне қарай психикалық даму ерекшеліктерін ескеретін болсақ бала үшін ұзақ уақыт оқылған ертегіні зейін қоя отырып тыңдау қиынға соғады.

Ертегіні тыңдату арқылы балаға жан-жақты тәрбие беріп, дамытумен бірге, оқығанды шыдамдылықпен тыңдай білуге ұстамдылыққа үйрете аламыз. Әсіресе, ертегіні сюжетке қатысты түрлі-түсті суреттерді, картиналарды пайдалану арқылы әңгімелесу баланың қызығушылығы мен эстетикалық талғамын арттыра түсуде мол мүмкіндіктер береді. Бала үшін сурет арқылы ертегі мазмұнын айтып беру, шығармашылық ойлауын, ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін де дамытады.

Ертегілердегі балаларды аса қызықтыратын тағы бір жайт – кейіпкерлердің аса айқын, дәл суреттелетіндігінде, олардың әрекеттері, іс-қимылы, мінездері қатты әсер етіп отырады. Тіпті жағымсыз кейіпкерлердің өздері де ақымақтығымен, қулығымен балаларды таң-тамаша қалдырады.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілері тақырыптық, көркемдік жағынан түрлі болған сияқты, сабақтардың мазмұны, өткізу жолдары, орындайтын тапсырмалары да әр алуан келеді. Оқу үрдісі басқа түрде жүргізілетін мектептердегі әдебиет сабақтары негізінен кіріспе сөзбен басталады. Мұғалімнің кіріспе сөзі білімділік, тәрбиелік, көркемділік талаптарына сәйкес, тілі ұғымды, мазмұны шағын әрі әсерлі болуы шартты. Кіріспе сөзді тек баяндау тәсілімен ғана емес, кейде сұрақ қойып, оқушылардың өздерін қатыстыра отырып өткізуге болады. Ертегілермен таныстыруға арналған сабақты кіріспе сөзбен бастаған мұғалім: «Ертегі — халық, өмірін суреттейтін фантастикалық оқиғаларға құрылған көркем шығармалар. Ертегілер - ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таратылып, ұзақ ғасырлар бойына толықтырылып, жетіліп келген халық ауыз әдебиетінің ең бір көркем түрі. Ертегілер өзара бірнеше түрге бөлінеді»- дей келе, оқушыларды әңгімеге тартады. Қорытындылай келе, бүгінгі жас жеткіншектердің бойына халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып

келе жатқан ар-намыс, ождан, атамекені мен ана тіліне деген сүйіспеншілік, әдет -ғұрып, қайырымдылық, үлкенді, ата-ананы құрметтеу қасиеттерін дамыта тәрбиелеудің негізгі міндеті боп отыр. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына енгізуді аса маңызды міндет деп қарастыру қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда айтылғандарды қысқаша қорытындыласақ, 20-жылдары мақалалардан басталған қазақ фольклористикасы қазіргі күнде кемеліне келген, қазақ ауыз әдебиеті тарихының мәселелерін жан-жақты кең көлемде зерттеу дәрежесіне жеткен ғылым саласына айналды.

Бүгінгі фольклористикамызды сөз еткенде мына бір мәселені айрықша атап айтуымыз керек. Ол – Қазақстанда фольклористиканың қалыптасуы, дамуы жолында және әдебиетші, фольклорист кадрларды даярлауда аса көп еңбек сіңірген, туысқандық, ағалық жәрдем көрсеткен, сонымен қатар қазақ ауыз әдебиетінің тарихын өздері де ғылыми білгірлікпен зерттеп, бұл салада көп елеулі еңбектер берген орыс ғалымдарының игілікті ісі туралы. Бұл ретте академик Александр Сергеевич Орлов, профессор М.И. Фетисов, профессор Вера Михайловна Сидельникова, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Митрафан Семенович Сильченко, әсіресе Қазақ ССР Ғылым академиясының докторы корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы профессор Н.С. Смирнова жолдастардың көп жыл бойына жүргізген еңбектерін зор мақтанышпен атап өтуге болады. Қазіргі уақытта лиро-эпос жанрының даму процесі жазба әдебиеті ықпалынан тыс болуы енді мүмкін еместігін, сондай-ақ оның бір сәтте ақын-жазушылардың нәр аларлық қайнар бұлағы рөлін атқарғандығы дәлелденді және негізгі қорытындының бірі есебінде ұсынылды.

Фольклорлық жанрлар неғұрлым шындыққа жақын болса, яғни оқиғаны өмірде болған деп бейнелеуге барынша тырысса, соғұрлым олар сюжеттік және көркемдік жағынан ұтылады: шығарманың сюжеттік арқауы бос болады, композициялық құрылысы ширамайды, көркемдік тұтастығы жетілмейді.

Сонымен, қазіргі заманғы мектептің мақсаты - оқушының тек қана «ең таяу даму аймағына» қол жеткізуін қамтамасыз ету және оның ой-өрісін дамыту ғана емес, сонымен қатар баланың жеке адам ретіндегі жан-жақты дамуын және бүгінгі ғана емес, ертеңгі дамуына жол ашу, дайындау екендігін баса айтады.

Бұл - танымдық функциясы басым жанрларда кездесетін құбылыс. Фольклорлық шығармада тарих пен қазіргі заман (айтушы мен тыңдаушының дәуірі) уақыт өлшемімен жіктелмейді. Ол екеуінің арақатынасы, жігі елдің, айтушы мен тыңдаушылардың санасы мен ой елегінен өтіп белгіленеді, баяндалып отырған оқиғаның ел үшін маңыздылығымен, сол дәуірге үндестігімен, жалғастығымен өлшенеді. Мақал–мәтел мен шешендік сөздер – егіз жанр, бірімен–бірі етене жақын мұралар. Мақал–мәтелдер қаншама мазмұнды да көркем болғанымен көлемі тым шағын, мағынасы жалпы келетіндіктен уақиғаны, кесек ойды білдіре алмайды, келте қайырады, белгілі бір затты, кейіпкерді көзге елестете алмайды; әдетте аңыз әңгімелермен, көркем шығармалармен жалғасып, жымдасып өмір сүреді, оларға көркемдік, мазмұндық нәр береді, айтылмас ойды анықтайды, толықтырады. Асыл маржан ару мойнына; алмас қылыш ер қолына жарасатыны сияқты сөз асылы да өз орнында құнды. Теңіз тербеп тереңінде сақтайтын інжу-маржандай ғасырлар бойы халық жадында жасап, жұпталып көптің талғамын өтеген мақал, мәтел, нақыл, тақпақ, шешендік сөздер ақындардың өлең – жырларында, шешендердің

даналық сөздерінде ашылады, айқындалады. Ақындар мен шешендер әлде неше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды; керекті, кезекті жерінде жаңартып, жасартып кәдеге жаратады. Тәуелсіздік таңы аясында өткізіліп келе жатқан ақындар айтысын теледидардан көріп, тамашалау халықтың рухани қажетін қанағаттандырғанмен, айтысты зерттеуге ынтасы ауған жастардың қажеті өтелмей келеді. Оның үстіне айтыс бүгінгі тыңдарманның дүниесі ғана емес, ертең келер ұрпаққа керек мұра. Теледидардағы айтыс мәтіндері жазылған кассеталар тозып, ондағы айтыстар жойылып барады. Бабалардан қалған аталы өнерді кейінгі ұрпаққа табыстау – бүгінгілердің міндеті. Отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасы – жалпы фольклор поэтикасымен астасып жатқан аса күрделі әлем. Оның ерекшелігі, ең алдымен, халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысып жатқан ғұрыптық сипатымен айқындалады. Яғни, ғұрыптық фольклор поэтикасы оның атқаратын практикалық қызметтеріне, этнографиялық байланыстар типологиясына тәуелді. Яғни, отбасылық ғұрып фольклорының поэтикалық жүйесінің–ондағы формулалардың, клишелердің, троптардың, қайталаулардың пайда болуында, қалыптасуы мен дамуында мифтік санадан бастау алатын ғұрыптық дүниетанымның орны ерекше. Оған біз отбасылық ғұрып фольклорының этнографиялық байланыстар типологиясын қарастыра отырып көз жеткізгендей болдық. Ықылым замандардан бері көркемдік ойдың өзі әлденеше кезеңдерден өтіп, көркем лирикаға айнала бастаған отбасылық ғұрып фольклорының табиғатынан ежелгі синкретизм қалыптастырған бағзы ғұрыптық дүниетаным сілемдерін әлі де байқауға болады. Отбасылық ғұрып фольклорының туу-ер жету-өлу сияқты үш саласында бірдей қайталанатын типтік жағдайлар мен «ортақ тұстардың» сырының да сол көне рәсімдерде, Арнольд ван Геннеп айтқандай, «өтпелі ғұрыптарда» жатқандығын этнографиялық параллельдер айқындай түседі. Фольклорлық мәтіндер мен этнографиялық ортақ тұстарды салыстыра отырып, отбасылық ғұрып жырларындағы бірқатар мотивтер мен формулалардың, құбылтулар мен айшықтаулардың, қайталаулардың, көркемдік тәсілдердің ғұрыптық рәсімдерден бастау алатындығын аңдатуға болады. Әлпештеу фольклоры–қазақтың отбасылық ғұрып фольклорында өзінше ерек орын алатын бала тәрбиесінің бал–бұлағындай таза да, мөлдір мұра. Оның табиғатынан халықтың көне наным–сенімдерімен астасып жатқан ежелгі дүниетаным сілемдерін тереңірек тануға болады. Сонымен қоса, ғасырлар бойы қалыптасқан бала тәрбиелеу ісіндегі дәстүрлі ғұрыптар мен ұғым – түсініктердің, тарихи оқиғалар мен кезеңдік ақыл–ой дамуының да әлпештеу фольклорында сайрап жатыр.

Сонымен қоса, бұл жырлар бала тәрбиелеу ісіндегі ғұрыптық рәсімдерді сүйемелдеп отыратын қолданбалы сипаттағы мұра ғана емес, ол ең бастысы жас ұрпақтың рухани әлемін қалыптастыруды мұрат тұтатын, бала көкірегіне көркемдік нәр сіңіріп, қиялына канат бітіріп, өнер тылсымына жетелейтін эстетикалық категория. Әрине, одан поэзия шарттарына сыятын кемел көркемдік таппағанымызбен бала санасына, сәби жанына лайық тәрбие өскінін себетін халықтық педагогика нәрін табамыз. Сондықтан, отбасылық ғұрып поэзиясы жөнінде сөз қозғағанда бесік жыры, тұсау жыры, ал білек өлеңдеріне

соқпай кету мүмкін емес, ілкі зерттеушілердің барлығы да солай істеген. Біз бұл еңбекте осы тектес шығармаларды жинақтап, жүйелеп оған «Әлпештеу фольклоры» деген айдар тағып, ішкі жанрлық сарасына қысқаша тоқталдым. Үйлену фольклорының ішкі жанрлық түрлері: той бастар, жар–жар, сыңсу, аушадияр, беташар, неке қияр болып бөлінеді. Олар тақырыптық–мазмұндық сипатымен, орындалу мәнерімен, ғұрыптық рәсімдерге қатысымен, өлең түрімен бір–бірінен ерекшеленгенмен, тойдың әр кезеңінде айтылатын бір тұтас идеялық нысанасымен бір жанрлық топ құрайды. Оларды бір арнаға біріктіретін алғашқы дәнекер – үйлену ғұрпымен байланысып келетін қызметтік мақсат–мұраты. Олар тойдың басталуынан бастап, тарқағанға дейінгі аралықтағы рәсімдерді сөзбен өрнектеп, оның атқарылуына қызмет етеді. Әрине, той жырлары тек осы практикалық міндеттерді атқару зәрулігінен ғана тұмаған. Бұл жырлар, ең алдымен, халықтың рухани қажеттілігінің жемісі. Сондықтан, оларда тек практикалық қажеттілік, тұрмыстық мағына ғана емес, көркем өнерге тән эстетикалық нәр де жоғары. Міне, осы екі сипаттың тоғысы үйлену ғұрып фольклорының жанрлық табиғатын мазмұндық, көркемдік ерекшеліктерін айқындайды. Жоктау – тек отбасылық ғұрып фольклорының ғана емес, жалпы телегей теңіз қазақ фольклорының ұлы теңізіне тау суындай құйылып жатқан таза да, тегеуірінді арнаның бірі. Солай дей тұрғанмен да, мазмұнға бай, көркемдік айшықтарға кенен жанрлық түрдің осы уақытқа дейін арнайы зерттелмей келуі өкінішті. Отбасылық ғұрып фольклорының арнасында қарастырған бұл шағын зерттеуімізде қазақ жоктауларының жанрлық сипатымен тарихи даму үрдісіне, композициялық құрылымы мен этнографиялық астарларына, көркемдік сипаттарына шолу жасалды. Тұтастай алғанда отбасылық ғұрып жырлары адамның әр жас кезеңіне қатысты халық дүниетанымының тұрмыстық ерекшелігіне, салт–дәстүрі мен пәлсапалық ұстамдарына суарылған шежіресі. Онда сәбидің бала жаны, жас жұбайлардың көңіл толқыны мен жақынын жоғалтқан жанның жүрек жарасы өзінше өрнек тауып, өмірді өзінше түсіндіретін халық шығармашылығының сырлы да, сынды арнасы бой түзейді. Ол бүгінгі ұрпаққа тарихи танымымен, үлгі өнегесімен де, өрнекті сөзімен, сырлы сазымен де бағалы, қымбат.

Баланың дүниеге келіп, тәрбиеленіп өсуіне байланысты әдет-салттар, жоралар негізінен халықтардың баланың аз-көптігіне деген ұстанымы, ұл-қызға деген қатынасы, бойға бала біткеннен босануға дейінгі жоралар, әйелді босандыру ырымдары, шілде ғұрып-ырымдары, қырқынан шығару, баланың әрі қарай өсуіне байланысты ырым-жоралғылар қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ, тәжіктерде негізгі құрамдас бөлігі жағынан біркелкі. Сонымен қатар, әдет-ғұрыптардың орындалуында, ырым-жоралғыларда пайдаланылатын заттары, тағамдары, мал-жер өнімдері жағынан айырмашылықтар бар. Мұсылман дінінен келген ғұрыптардың әсіресе өзбек, тәжіктерде мәні зор. Атап айтқанда, өзбектер мен тәжіктер, сүндет тойға ерекше мән береді. Олардағы тойдың үлкені – сүндет той.

Ғұрыптардың ең қомақты бөлігіне қайтыс болған адамды жерлеу және артын күту ғұрыптары жатады. Бұл саладағы ғұрыптар бір жағынан, өзінің консервативтігімен ерекшеленсе, екінші жағынан, олардың көпшілік тұстары,

регион халықтарына ортақ ислам дінінің қағидаттарымен анықталады. Сондықтан да, бұл ғұрыптар жүйесінде қарастырып отырған халықтар ғұрпында ортақтастықтар, ұқсастықтар өте көп. Сонымен қатар, өлім ғұрыптарына қатысты архаикалық «тұл» салты, өлікке ат арнау жоралғысы тек қазақта ғана жақсы сақталған, бұлардың жұрнақ түрлерін қырғыздардың бір тобынан, өзбектер арасындағы қыпшақ, қоңыраттардан да табуға болады.

Қорыта келгенде, этномәдени қайнар көзі – халықтың бай ауыз әдебиеті, соның ішінде ғұрыптық фольклор үлгілері. Оларда кездесетін ескілікті сөздер, негізінен, сол халықтың тарихымен, тіршілігімен, салт-дәстүрімен байланысты. Ғұрыптық фольклор үлгілерінен алынған тілдік деректер негізінде сол заманда өмір сүрген ата-бабамыздың көне мен бүгінді жаңғыртушы, өмір тәжірибесінде өзекті орны бар этностың мәңгілік құндылықтарының бірі рухани мәдениетін және тұрмыс ерекшелігі, ежелгі кәсібі мен еңбегі, киімі мен тағамы, қару-жарағы, ер-тұрманы, әртүрлі әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге байланысты қолданған заттары т.б. арқылы материалдық мәдени мұраларын көреміз.

Бала тілін жан-жақты дамытып, қалыптастыруда қазақ халқының ауызекі шығармашылығының маңызы өте зор. Халық ауыз екі шығармалары әсем түрде құрылған жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, ойын өлеңдер, ертегі, аңыз-әңгіме, мақал-мәтелге бай. Осы бай мұраның қай түрін алсақ та балаға ана тілін меңгертіп, сөздік қорын молайту арқылы, байланыстырып сөйлеуге, тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда, дыбыстық қателіктерді жоюда, шығармашылық ойлауын дамытуда баға жетпес құралдар болып табылады.

Қорыта айтқанда, біз қазақ халқының әдебиетін зерттеудің методологиялық мәселелеріне арналған ой-пікірімізді тұжырымдай келе, қазақ халқының әдебиетін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері барлығына, оған тек евроцентристік көзқарас пен тарихты зерттеудің материалистік тұрғыдан түсіну атты методологиялық өлшеммен келіп, қазақ әдебиетін зерттеу мүмкін еместігіне көз жеткіздік. Өйткені, қазақ халқының ешкімге, керек десе, кеше ғана өзінен бөлініп, жеке этникалық бірліктерге айналған туысқан түркі халықтарына да ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік түркінің өршіл рухын бойына жиған рухани болмысында, рухани болмысының өзегі болған Йасауи жолында еді. Ол ерекшелік ескерілмей жазылған тарихта қазақ халқының бітім-болмысы ешқашан көрінбек емес. Сондықтан осы жұмыс барысында осы ерекшеліктің кілтін қайтсек табамыз, қайтіп қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған тарихи жадын қазақ тарих ғылымы кәдесіне жаратамыз деген сұрақтарға жауап ізделді. Осы зерттеу барысында ол сұрақтарға біршама жауап берілген де сияқты. Әрине, бұл асыл мұраны рәсімдік өткізілу ретімен, ән – сазымен қосып, кейінгі озық фольклорлық жинақтардағы сияқты нотасымен, тіпті, күй табағымен қосып шығарып, кешенді зерттеу нысанасына айналдырса нұр үстіне – нұр болар еді. Ол күн де туар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қирабаев С. А. Қазақтың халық творчествосы. – Алматы, 1989. – 345 б.
- 2 Қирабаев С. А. Қазақ фольклористикасы. – Алматы, 1972. 224 б.
- 3 Дүйсенбаев. «Қазақтың лиро-эпосы». – Алматы, 410 б.
- 4 Қасқабасов С.А. Шығармалары.- Астана, 2011. -366 б.
- 5 Адамбаев Б. «Асыл қазына». – Алматы, 2009. 390 б.
- 6 Қазіргі айтыс. Бірінші кітап./Құрастырушылар/. - Астана, 2006. 312 б.
- 7 Негматова Р. Қазақтың отбасы фольклоры. –Алматы, 2007, 332 б.
- 8 Ибраев Ш. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы, 1988.-432 б.
- 9 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. –Алматы, 1962.-243 б.
- 10 Қасқабасов С. А. Қазақ халық прозасы. – Алматы, 1984.-270 б.
- 11 Қасқабасов С.А. Қазақ фольклоры мен әдебиетінің тарихы. (Қазақ фольклорының тарихына қатысты жоба – проект)1988, № 4 28-37 б.
- 12 К. Исләмжанұлы. Қуырмаш. – Алматы, 1988. -53 б.
- 13 Ақ сандық, көк сандық. Балалар фольклоры (Құрастырып алғы сөзін жазған Ш. Ыбраев, түсініктерін жазған К. Исләмжанұлы). – Алматы, 1991. -256 б.
- 14 Тал бесіктен жер бесікке дейін (Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары). /Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған – К. Исләмжанұлы/ – Алматы, 1996.- 272 б.
- 15 Саттаров Қ. Қазақтың «Теріс өлеңдері – жылау - жоқтау». – Ташкент, 1999. -95 б.
- 16 Терминологиялық жинақ. – Астана, 1998. – 125 б.
- 17 Сафаров О. Узбек балалар поэтик фольклоры. – Ташкент, 1985. -255 б.
- 18 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т.1.- Алматы, 1974. -696 б.
- 19 Қабдолов З. Сөз өнері. Таңдамалы шығармалары, 1 –том. – Алматы, 1993.- 456 б.
- 20 Қазақтың әдет ғұрыптары мен салт –дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. – Алматы, 2001. -428 б.
- 21 Райымова Қ. Ертегінің тәрбиелік мәні. – Бастауыш мектеп. – 1998. —№4. 202 б.
- 22 Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы, 1994
- 23 Алпысбаев Т. Қазақ халық әдебиеті. Т.3;Ертегілер. — Алматы: Жазушы» 1975ж. 184 б.
- 24 Айдашаев А. Қазақ халық әдебиеті. Ертегілер. — Алматы: «Жазушы» 1979. 112-146.
- 25 Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. —Алматы: Мектеп, 1983, - 201 б.
- 26 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы: Мектеп,1991. - 337 б.
- 27 Алпысбес М. Қазақ шежіресі тарихи дерек ретінде. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2007.
- 28 Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
- 29 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. –Алматы: Ғылым, 1982. -232 б.
- 30 Жұмалиев Қ. ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. –Алматы, 1967.-330 б.
- 31 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. –Алматы: Ғылым, 1979. -312 б.

- 32 Қазақ әдебиеті тарихы. Қазақ халық ауыз әдебиеті. –І том. -І кітап. Алматы: Ғылым, 1960. -740 б. 9 Сейфуллин С. Шығармалары. –Алматы, 1964. Т.6. -495 б.
- 33 Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. –Алматы: Қайнар, 2001. - 420 б.
- 34 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. -368 б.
- 35 Мырзахметов М. Түрік, қырғыз-қазақ Һәм хандар шежіресі туралы Құдайбердіұлы Ш. Түрік-қырғыз-қазақ Һәм хандар шежіресі. Алматы: «Қазақстан» және «Сана». 1991. - 325 б.
- 36 Нигметжанова Г.К. «Мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдісінің дамуы», Вестник КАСУ №1 - 2006
- 37 Меңжанова А. «Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу», Алматы, Мектеп 1987
- 38 Белгібаева Г.Қ."Мектепке дейінгі мекемелердегі патриоттық тәрбие" пәні бойынша лекциялар курсы; Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, 2011
- 39 Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы, 1989.-320б.
- 40 Сейфуллин С. Шығармалар. 6 – том. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1964. -455 – б.
- 41 Махмуд Қашқари. Түрік сөздігі. Үш томдық (Аударып баспаға дайындаған А.Егеубай), 1-Т. – Алматы, 1997. – 590-б.; 2-Т. –Алматы, 1997. 525 –б.; 3-Т. – Алматы, 1998. -600б.
- 42 Сидельников В.М. Устное поэтическое творчество казахского народа. Библиографический указатель 1771- 1966. – Алматы,1969. -173с.
- 43 Капица О.И. Детский фольклор (песни, потешки, дразнилки, сказки, игры). – Ленинград, 1928. -212 с.
- 44 Құрбанғали Х. Тауарих хамса (Бес тарих). –Алматы, 1992.-304 б.
- 45 Беташар. Вступление молодой жены в новую семью. Тургайская газета, 1905. № 15-16.
- 46 Мың бір мақал, жиырма үш жоқтау. –Алматы,1993. -96 б.
- 47 «Жар -жар» той кітабы. Құрастырушылар: Б. Уахатов, Ж.Қыдыров. – Алматы,1978.-216 б.
- 48 Күйеу келтір, қыз ұзат (Құрастырған Ш. Керимов). – Алматы, Ана тілі,1992. -112 б.
- 49 Қазақ халқының салт дәстүрлері (Құрастырғандар – С. Қалиұлы, М. Оразаев, М. Смайылова). – Алматы: Рауан, 1994. - 222 б.
- 50 Наурыз –жаңғырған салт – дәстүрлер (Құрастырған М. Қазыбеков). – Алматы: Қазақстан, 1991. - 256 б.
- 51 Фәниден бақиға дейін. – Алматы, 1994. – 128 б.
- 52 Қалиұлы Ә. Қазақ ауыз әдебиеті туралы. – Үрімжі, 1985. - 433 б.

- 53 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. Өлеңдер мен аудармалар. -336-б.; 2-том. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы, 1995. -384 б.
- 54 Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. – Алматы, 1995. – 144 б.
- 55 Ягафаров Р.Ф. Стихотворные жанры татарского детского фольклора. Автореф. дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 1985. -18 с.
- 56 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. –Алматы, 1998. Т.1. -720 б.
- 57 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. –Алматы, 1994. – 288 б.
- 58 «Қазақ әдебиеті» газеті, 1989, 6 қаңтар.
- 59 Бес ғасыр жырлайды. 1- том. – Алматы, 1989. -384-б.; 2-том, -496 б.
- 60 Қазақ халық әдебиеті. Хрестоматия, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы (Алғы сөзін жазып құрастырған С. Садырбаев). –Алматы, 1990. - 240 б.
- 61 Қорқыт ата кітабы. – Алматы, 1986.- 128 б.
- 62 Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы, 1981. - 308 б.
- 63 Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы, 1992.
- 64 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы, Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы, 1990. -273 б.
- 65 Әуезов М.О. ҚазКСР Ғылым академиясының хабарлары. Әдебиет сериясы, 1948, N2 55
- 66 Тэйлор Э.Б. Первобытная культура. – Москва, 1989.
- 67 Адамзаттың асыл тәжі, «Алтын қалам». -Алматы, 2004.